

---

*Сүйіндік*  
**ЖАНЫСБАЙ**

# **ТЫНЫШТЫҚ күзетінде**



## **На страже порядка**

---

**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ**

# **ТЫНЫШТЫҚ күзетінде**

**Полицияның генерал-майоры  
Нұрлан Армияұлы РАҚЫМБЕРЛИН  
марқұмның рухына ескерткіш**

Қарағанды, 2013 ж.

**УДК 821.512.122**  
**ББК 84(5 Қаз) 7**  
**Ж 27**

**Ж 27 Жанысбай С.**

**Тыныштық күзетінде. На страже порядка./**  
Жанысбай С. - Қарағанды, «Арко» баспасы,  
2013 ж. - 244 бет. - қазақша, орысша.

**ISBN 978-601-204-143-9**

Кітаптың авторы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сүйіндік Жанысбай бұрын милиция өмірінен шытырман оқиғалы әңгімелері мен очерктерін «Өкініш» деген атпен кітап етіп бастырған болатын. Кейін оны орыс тіліне аударып, «Взятка» деген атпен шығарды. Бұл жинақ осы кітаптардан тұрады және басқа да жаңа очерктер мен мақалаларын қосып отыр.

Кітап жылпы оқырман қауымға арналған. Оқиғалары қызықты, тілі жатық, жеңіл оқылады.

УДК 821.512.122  
ББК 84(5 Қаз) 7-44

ISBN 978-601-204-143-9

Жанысбай С., 2013 ж.

**«КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ӨЗІМІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ»**

*Облыстық ІІД-нің бастығы,  
полицияның генерал-майоры  
Нұрлан Армияұлы РАҚЫМБЕРЛИНМЕН сұхбат.*

– Нұрлан Армияұлы, ішкі істер органдарында Сіздің жас кезіңізден бастап қызмет атқара бастағаныңызды білеміз. Сол уақыттағы милиция мен қазіргі полицияның арасында айырмашылық бар ма? Егер бар болса, қандай?

– Әрине, айырмашылық бар. Біріншіден, бұл білім деңгейі, техникалық қамтамасыз ету мен техникалық жарақтандыру, компьютерлік сауаттылық, штаттық құрам және басқа көптеген жайлар бүгінгі полицияны өткен ғасырдың 70-80 жылдардағы милициясынан ерекшелендіріп тұрады. Соған қарамастан кемшін жақтары да бар. Олар: жоғары оқу орындарындағы кәсіби даярлықтың төмендігі, құрам жасарып кетті, бұл өмірлік тәжірибенің жеткіліксіз болуы деген сөз, патриоттық сезім, өз кәсібіне деген адалдық жоғалған. Сонымен қоса, қызметкердің психологиясына, олардың өмірлік бағыт-бағдарына ықпал ететін басқа да жайлар көптеп саналады.

– Полиция қызметкерлеріне мемлекеттік жеңілдіктердің шетің көргендердің бірісіз. Ол кезде көп күттірмей пәтерлер беріп жатты. Жұмыссыздық деген болған жоқ. Ал, қазіргі кезде жас қызметкерлерге қандай жеңілдіктер жасалады?

– Бір кездегі қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер кадрлардың тұрақтануына жағдай жасап, кәсіби жағынан жұмыл-

дыра түсетін. Қызметкерлердің жетіспеушілігіне қарамастан, қызметкерлердің тұрақтамауы аз болды, содан барып олардың кәсіби деңгейі өсе түсті. Қазір коммуналдық қызмет үшін төлемдерден басқа жеңілдік жоқ деуге болады, мұның өзі шектеусіз жұмыс күнімен қызмет атқарып жатқан және ертеңгі күнге деген сенімі бұлдыр жандардың тұрақтануына ықпал етпейді. Жастардың материалдық жағдайы, әсіресе, тұрғын үй жағдайы үлкен мәселе.

– **Енді учаскелік инспекторлар туралы ереже жайлы әңгіме қозғасақ деймін. Олардың жұмысына қандай жағдайлар жасалған?**

– Кейінгі кездері учаскелік инспекторлардың жағдайы күрт жақсарды. Бұлар – жұмыс орнымен, көлікпен, техникалық жарақпен, компьютерлік байланыспен қамтамасыз етілген еңбек жағдайы деуіміз керек. Еңбек ақылары да жап-жақсы өсті. Полицияның учаскелік инспекторлары үшін көптеген жағдай жасалып жатыр, алдағы уақытта да жасала береді. Оған жаңа автоматтандырылған есепке алу жүйесін, учаскелік инспектордың көмекшісі лауазымы енгізілуін, нарядтардың жиілігінің ұлғаюын, мектеп инспекторларының енгізілуін және басқа көптеген шараларды атауға болады.

– **Қазіргі кезде Қазақстанда біліктілігі жоғары тергеушілер саны азайып барады. Сіздің әріптестеріңіз Сізді сондай білікті тергеушінің біріне санайды. Елбасымыз тергеу ісінің сапалы, дұрыс жүргізілуіне ерекше көңіл боліп келеді. Сол үшін де заңға өзгерістер енгізіліп жатыр. Соған орай тергеу мәселесі Қазақстанда қандай деңгейде шешілген деп ойлайсыз?**

– Қазақстандағы тергеу деңгейі әрқашан жоғары болды және сол деңгейде қалады деп ойлаймын. Біздің тергеушілеріміз ТМД елдерінің ішінде ең таңдаулылар санатында. Техникалық жарақтану жағынан артта қалып келе жатқанымыз болмаса батыс елдеріндегі әріптестерімізден ешқашан қалыспаймыз. Біздің заңнамамыз күн өткен сайын әлемдік

стандартқа жақындай түсуде. Ең бастысы – қолда бардан айырылып қалмау. Кәсіби шеберліктің өзі адам факторына көп байланысты.

– Біздің облыс республикадағы ең ірілердің бірі және адам саны жағынан да жоғары. Сондықтан, мұндай өңірде қызмет атқару да оңай емес. Кейінгі жылдары қандай шаралар жүзеге асырылды? Осыдан 4-5 жыл бұрын Ақтоғай ауданына қарасты Сарышыған елді мекеніндегі учаскелік инспектордың көлікпен қамтамасыз етілмегені мәселе болып көтерілген. Қазір мұндай жағдай жоқ шығар?

– Кейінгі жылдары материалдық-техникалық база нығайды, техникалық жарақтану жақсара түсті. Жаңа технология, бейне бақылау, жаңа жылдамдық өлшеуіш, тасымалды компьютерлер, телекоммуникация және басқа да көптеген жайлар енгізілуде, мұның өзі тек жұмыс жағдайын жақсартып қана қоймайды, сонымен бірге, жұмыстың сапасын да арттыра түседі. Әрине, проблема бар. Ондай мәселелерді шешу және құқық бұзушылармен, қылмыскерлермен күрестің тиімділігін арттыру үшін жаңа жолдар мен жаңа құралдар үнемі іздестірілу үстінде.

– Қазіргі кезде тұрғындардың полиция туралы пікірі екі ұдай. Бірі – бұрынғысынша «менің милициям – менің қорғаным» десе, екіншісі – «полиция қызметкерлерінде әділеттік жоқ, олар тек өз пайдасын ойлайды», дейді. Осыған орай сіз облыс Ішкі істер департаментіне басшылыққа келгеннен бастап қанша қызметкер полицияның атына кір келтіргені үшін қызметінен босатылды?

– Полиция – бұл өзінің барлық оң және теріс әрекеттерімен Сіз бен біздің өмір сүріп жатқан қоғамымыздың белгілі бір бөлегі, онда Сіз бен біздің жақын адамдарымыз қызмет атқарады. Олар біреудің бауыры, біреудің ағасы, біреудің баласы, біреуінің жары дегендей, оның ішінде қыз-келіншектер де бар. Оларды ерекше тәрбиемен, ерекше психологиямен бір

жерден тапсырыспен алдырған ешкім жоқ. Адамдардың медицинаға, білім беруге, билікке және басқа салаға деген пікірі мен көзқарасы қандай әр түрлі болса, оған да көзқарасы сондай деп ұғу керек. Ал, жыл өткен сайын адамдардың полицияға келуі, оның ішінде, тіпті, полицияның құзыретіне жатпайтын мәселелер бойынша шағымдануы арта түсуде. Осының өзі-ақ көп нәрсені аңғартып тұрған жоқ па? Кейінгі бес жылда қылмыс пен оқиғалардың саны тұрақты болғанымен, азаматтардан түскен өтініш-тілектердің, арыз-ағымдардың саны 30 пайызға артқан.

Бақылау мен талап қатаң бола түсті. Жеке құрам арасында жұмыстар, оның ішінде ІІО-ның атына кір келтіретін әрекеттерді түбегейлі жоюға бағытталған шаралардың әр түрлі әдістері мен тәсілдері қолданылып келеді.

Қызметтік-әскери тәртіпті, оның ішінде тәртіпті өрескел бұзушыларға қатаң тәртіптік жаза қолданылуда, өткен 2009 жылы сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін және құқық бұзғаны үшін ішкі істер органдарынан 42 полиция қызметкері жұмысынан шығарылса, 39 қызметкер лауазымынан босатылды.

– Осы сұрақты жалғастыра түссек деймін. Елбасымыздың өзі жеке бас пайдасы үшін қызмет атқарып жүргендерден құқық қорғау органдарының қатарын тазарту жөнінде тапсырма берген болатын. Алға қойған ауыр міндетті өз бетімен жүзеге асыруға қабілетті, тәжірибесі мол қызметкерлерді қайдан аласыздар? Сіздіңше, қазіргі сәтте қызметкерлердің біліктілігін котеру мәселесі дұрыс жолға қойылған деп ойлайсыз ба?

– Жеке құрамның «жасара» бастағанына, кәсіби біліктіліктің әлсірегеніне қарамастан, жастарды үйретуге, өзінің соңынан ертуге қабілетті, кәсіби шындалған өзекті буын бар. Иә, полициядағы жұмыс – бұл қызметтің ерекше түрі, онда кездейсоқ адамдар ұзақ тұрақтамайды. Біліктілікті арттыру мәселесімен біз әрқашан айналысып келеміз, қазір де айна-

лысып жатырмыз. ІІД-де оқыту орталығы құрылған, Мұндай орталық республикамыздың басқа облыстарында әлі жоқ. Біз онда өзіміздің қызметкерлеріміздің кәсіби шеберлігін арттырумен айналысамыз. Өкінішке қарай, бұрынғы одақтың арнайы біліктілік көтеру институттарын құрған оң тәжірибелері келмеске кетті. Бірақ, істің жағдайы өзгеріп отырады. Қазір шетелдермен тәжірибе алмасуды жүзеге асырып жатырмыз.

Шын мәнінде қызметкерлердің біліктілігін көтеруге баса назар аударылады. Жыл сайын 500-600 қызметкер оқумен қамтылады, олар ҚР ІІМ Академиясында, Қарағанды заң институтында, ҚР ІІМ училищесінде (Теміртау қ.) оқытылады. 2008 - 2009 жылдары ІІД-нің 5 қызметкері шетелдерде (Египет, Түркия, АҚШ, Ресей) оқып келді. Апта сайын барлық қызметтер мен бөлімшелерде жауынгерлік және қызметтік дайындық жаттығуынан өту тәжірибе алуда және кәсіби шеберлікті жоғарылатуда маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

Сол сияқты ІІД-де апта сайын тергеу бөлімшесінің, оперативтік қызметтің, оперативтік-криминалистика қызметінің және қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің қызметкерлері арнайы даярлықтан өтетін оқу-тәжірибелік полигоны да бар. Онда оқу-жаттығу сабағын өткізуге ҚР ІІМ ҚЗИ-ның және ҚР ІІМ училищесінің (Теміртау қ.) профессор-оқытушылар құрамы тартылады.

– Нұрлан Армияұлы, әлемдік дағдарыс әркімге соқпай өткен жоқ. Полиция үшін жыл сайын бөлінетін бюджеттік қаржы биыл қысқармаған болар? Қызметкерлердің айлық еңбек ақысы, іссапар шығыны, қылмысты дер кезінде ашқан қызметкерлерге және қылмыстың алдын алған, болмаса қылмыс туралы дер кезінде хабарлаған азаматтарға берілетін ынталандырулар туралы не айтар едіңіз?

– Мемлекеттік бюджеттен ішкі істер органдарын сақтау үшін бөлінетін қаражат жыл сайынғы өсіңкілік қозғалыста



кысқарған жоқ, дегенмен, әзірше сақтауға және материалдық-техникалық жарактануға деген біздің тұтынымымыз толық қанағаттандырылған емес.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбек ақысы лауазымдық жалақы мен шеніне қосылатын жалақыдан тұрады. Оның мөлшері қызметкердің еңбек өтіліне байланысты. Мәселен, бірінші жылы қызмет атқара бастаған жас қызметкердің еңбек ақысы 35-40 мың теңгеден аспайды.

Облыс көлемінің үлкендігіне орай іссапар шығыны бірте-бірте өсіп келеді, ол 2009 жылы 200 миллион теңгені құрады.

Қылмысты дер кезінде ашқан қызметкер міндетті түрде ынталандырылады. Мәселен, күдіктіні «ізі суымай» ұстаған патрульдік-күзет қызметінің полициясы 30 мың теңге көлемінде сыйлық алады.

**– Осыған байланысты өткен жылдағы жұмыс көрсеткіші туралы аздап айта кетсеңіз.**

– Тұтастай алғанда Елбасымыздың және ІІМ-нің қылмыстың алдын алу және онымен күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі алға қойған міндеттерін жүзеге асырудамыз. Қылмыстық жағдай салыстырмалы түрде алғанда тұрақты деуіміз керек. Өткен жылдың ішінде өзіміздің оперативтік позициямызда берік орнығып, қылмыстың барлық түрлері бойынша ашылуы іс жүзінде бұрынғы деңгейде келе жатыр. Кейінгі жеті жыл ішінде мүлікке қатысты қылмыстар деңгейінің төмендеуі байқалады. Сол сияқты денсаулыққа ауыр зардап келтіру, қарақшылық шабуыл, бөтеннің мүлкін ұрлау, сол сияқты бұрын сотталғандардың, кәмелетке жасы толмағандардың қылмыс жасауы, қоғамдық орындардағы қылмыс біршама төмендей түсті. Облыс жолдарындағы апаттық жағдай тұрақтанды.

Мұндай нәтижеге жұмысты дұрыс ұйымдастырудың және жағдай жасаудың арқасында қол жеткізілді. Біздің департамент өткен жыл бойы құрылымдық және аумақтық бөлімшелердің ұйымдық қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға

ерекше көңіл бөлді. Әкімшілік реформа аясында облыс орталығындағы ішкі істердің аумақтық органдарына қайта құру жүргізілді, Қарағанды қаласының ІІБ-ы құрылды. Бұрын ІІД-не бағынған патрульдік полиция полкі, жол полициясының қалалық жеке батальоны, уақытша қамау абақтысы, әкімшілік тәртіппен ұсталғандар үшін арнайы қабылдағыш соның қарамағына берілді.

Сол сияқты ақпараттық қолдаудың сапасы мен уақыттылығы қылмыстық жағдайдың, азаматтардың жеке қауіпсіздігінің, өтініштерді және қылмыстар мен оқиғалар туралы хабарларды тіркеудің толықтығының өзгеруі оперативтік пайымдаудың нәтижесін анықтауға көп ықпалын тигізеді. Оперативтік басқару орталығының техникалық мүмкіндігі қылмыс көбірек жасалатын жерлерді және қаланың тұрғындар ауласын бейне бақылау камерасымен қамтуға жағдай туғызды. Жыл бойы 50 камера қосымша орнатылды. Қазіргі кезде ІІД ОБО-ның жұмыс істеп тұрған бейне бақылау жүйесінде 238 бейне камера болса, бұлар облыс орталығындағы қылмыс пен құқық бұзуды анықтау және оның жолын кесу жөніндегі міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Жыл бойы бейне бақылау камераларының көмегімен әкімшілік құқық бұзушылық пен жол-көлік оқиғаларын анықтау 88,8 пайызға артты.

Қарағанды қаласының ІІБ-ын құру қаладағы қылмыстық жағдайды жедел түрде пайымдап, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі арнайы қызметтің жұмысын, әсіресе, полицияның кешенді күш-қуатын тиімді үйлестіруге жағдай туғызды.

– Қазіргі кезде БАҚ-да полиция қызметкерлерінің есірткі тасымалдаушылар мен есірткі сатушыларды ұстайтындығын күн сайын көрсетеді деуге болады. Сіз қалай ойлайсыз, полиция қызметкерлерінің осы бағыттағы жұмысы белсенді бола түсті ме, әлде есірткі тұтынушылардың саны арта түсті ме?

– Есірткі қолданушы адамдардың саны көбейді деп айта алмаймыз. Бұл туралы статистикалық деректер солай дейді. Кәмелетке жасы толмағандар арасында да нашақорлықтың өсімі жоқ. Есірткімен байланысты қылмыстардың санының артуы Елбасымыздың талабына сәйкес ІІО қызметкерлерінің осы бағыттағы жұмысты белсенді жүргізуінің нәтижесі. Оның өзінде есірткі делдалдарымен күреске ерекше назар аударылады.

Өткен 2009 жылы 1251 қылмыстық іс қозғалды, ал 2008 жылы 1207 іс қозғалған болатын. Заңсыз айналымнан 600 кг астам есірткі заттары алынған болса, мұның ішінде 18 кг героин (2008 жылы – 14 кг жуық) бар.

«Астана – есірткісіз қала» өңірлік бағдарламасының аясында ірі көлемдегі есірткі заттарын жеткізіп берудің 22 арнасының жолы кесілді, соның нәтижесінде қылмыстық айналымнан 390 кг әр түрлі нашалық заттар алынып, есірткі өткізумен айналысқан 80 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Көңіл көтеру саласындағы заңдылықтың және құқықтық тәртіптің жағдайына бақылауды күшейту мақсатында облыс ішкі істер органдарының қызметкерлері мүдделі құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, есірткі заттарын, уытты заттарды тұтынушылар мен таратушыларды анықтау мақсатында көңіл көтеру орындары мен оқу орындарында жұмыстар жүргізілуде. Сол сияқты алдын алу шаралары да белсенді жүргізіліп келе жатыр. 2009 жылы ІІД-де нашақорлық мәселесімен айналысатын басқа да ведомстволармен бірлесе отырып есірткіге қарсы бағытталған 1194 шара ұйымдастырылып, өткізілді. Оған 35 мыңнан астам адам қатысты.

– Бір өкінішті жағдай, біздің ойымызша, мал ұрлығымен айналысушыларды ұстау фактісі азайып кеткен. Қазақстан тұрғындарының 40 пайыздан астамы ауылдық жерде тұрады, сондықтан да, олардың күн көрісі малмен байланысты. Бірақ барымташылар олардың өз

**малын өзіне бұйыртпайды екен. Өткен жылы баспасөз беттерінде мал ұрлығына қарсы арнайы топ құрылғаны туралы жарысып жазды, «Орталық Қазақстан» газеті де жазды. Ал, содан мәселені шешудің жолы табылды ма?**

– Мал ұрлығымен күрес мәселесі шын мәнінде әлі бар және бүгінгі күні ол өте маңызды күйінде тұр. Біз оған қатты көңіл бөліп отырмыз. Өткен жылдың қорытындысында қылмыстың бұл түрін тіркеудің өскендігін байқадық (184-тен 211-ге дейін). Бір жағынан бұл малының жоғалғандығы туралы азаматтардың өтінішпен келуінің белсенді бола түскендігін байқатады. Егер бұрын адамдар малы жоғалса үндемей қоя салатын, полицияға хабарламайтын. Сондықтан, қазіргі кезде малды ұйымдасып бағу туралы, егер малы жоғалған жағдайда дереу полицияға хабар беру туралы мақсатты жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Өйткені, неғұрлым тезірек хабарласа, солғұрлым жұмыс нәтижелі болады.

Мал ұрлығына қарсы әрекеттің тиімділігін арттыру мақсатында өткен жылы облыстық ІІД-нің Криминальдық полиция басқармасының жанынан мамандандырылған топ құрылған болатын. Бұл топ барымташылардың қылмыстық әрекетін құжаттандыру, малы ұрланғанымен ішкі істер органдарына хабарламағандарды анықтау жөнінде мақсатты оперативтік-іздістіру шараларын жүргізіп келеді. 2009 жылы қылмыстың бұл түрінің тіркелуі 14,7 пайызға артуы соның нәтижесі. Ұрлық көп болған өңірлерге іссапарға шығады, онда ашылмаған осындай қылмыстар жөніндегі материалдарды зерделейді, нақты шаралар белгілейді, тәжірибелік көмектер көрсетеді. Ауылдық әкімдіктер мал бағатын адамдарға қаржы бөлу мәселесін шешкен. Сол сияқты тиісті құжаты жоқ ет өнімдерін алып шығудың жолын кесуге арналған тосқауыл нарядтар қойылады. Аталған шаралар өзінің оң нәтижесін берді, өткен жылы мал ұрлаумен айналысқан 8 топтың жолы кесіліп, олардың 200-ден астам ірі қара мал ұрлағаны дәлелденді.

**– Нұрлан Армияұлы, біздің пікірімізше, өткен жылмен салыстырғанда ұрлық, қылмыстың ауыр түрлері, есірткімен байланысты қылмыстар, жасөспірімдер жасаған қылмыс, жезөкшелік және басқалары өсе түскен сияқты. Бұл туралы ресми статистика не дейді?**

– Негізі қылмыстық жағдай 2009 жылдың қорытындысында тұрақтылығымен сипатталады. Жалпы қылмыстар саны, сол сияқты қылмыстың ауыр түрлері өткен жылдың деңгейінде қалды. Өткен жылмен салыстырғанда қоғамдық орындар мен көшедегі қылмыс, сол сияқты жасөспірімдер қылмысы азайды. Соған қарамастан қылмыстың аса ауыр түрлері, оның ішінде қасақана кісі өлтіру біршама көбейді. Қылмыстың аса ауыр түрлерінің өсуі ең бірінші кезекте есірткі бизнесімен күресті белсенді жүргізумен және есірткі қылмысын анықтаудың санының 75 фактіге артуымен шартталады. Тір келген қасақана кісі өлтіру санының артуы отбасылық-тұрмыстық қатынас саласында және есепте тұрғандар арасында жекелей алдын алу жұмыстарының жеткіліксіз жүргізілуінің салдарынан деуіміз керек. Бұл қылмыстың басым көпшілігі тұрмыстық жағдайда спиртті ішімдіктерді бірге ішу кезінде болатындығы ешкімге құпия емес.

**– Кейінгі кездері облыстық Ішкі істер департаменті алаяқтықпен күресті күшейте түсті. Қазір алаяқтар да қуланып алған. Олар құжаттарды банк немесе компьютер арқылы қолдан жасап, өздерінің қылмыстық әрекеттеріні шеберлікпен жүзеге асырады. Оларға бір пәтерді бірнеше адамға сатуды немесе несие рәсімдеу деректерін мысалға келтіруге болады. Осындай қоғамға жат қылмыстар туралы айтып берсеңіз.**

– Кейінгі кездері пайдакүнемдік мақсаттағы алаяқтық кең тараған қылмыстың түріне айналып отыр. Қазіргі қылмыскерлер білімді, осы заманғы техниканың жетістігін кеңінен пайдаланады, әр түрлі әдістерді пайдаланады және алаяқтықтың жана түрлерін ойлап табады. Құжаттар мен мөрлерді, банктік

төлем құжаттарын қолдан жасап алады, пластикалық карта-лардағы ақшаны оп-оңай алып алады. Пәтер алаяқтығы кен етек жайып тұр. Азаматтармен мемлекеттік органдардың, оның ішінде ІІО-ның қызметкерімін деп танысып, қолма-қол алдап кетеді. Күн сайын БАҚ арқылы және біздің қызметкер-леріміздің сақтандырып, ескертіп отырғанына қарамастан, осындай қылмыстардың жол берілуіне азаматтардың өз-дерінің ғаламат сенгіштігі және жып-жылдам, әрі заңды ай-налып өтіп, қарық бола қалуға деген талпынысы басты себеп болуда.

Біз, әрине, қол қусырып қарап отырған жоқпыз, тиісті шаралар қолданып жатырмыз. Кейінгі жылдың өзінде пәтер алаяқтығымен және автомобиль бизнесіндегі кэззаптықпен айналысқан бірнеше ұйымдасқан қылмыстық топтың көзін жойдық. Кейінгі уақытта мемлекеттік органның қызмет-керімін деп танысып, қалалықтардың ақшасын иемденіп, тұрғындардың берекесін алған қылмыскер тұтқындалды, оның 50-ге жуық оқиғаға қатысы анықталды. Дегенмен, мұн-дай деректер әлі де кездесуде.

Біз үшін мұндай көрініспен күресу онша қиындыққа түсе қоймайды. Ақыр соңында қолға түсіреміз. Егер біздің тұрғындарымыз қырағылық танытып, жеңіл олжаға ұмтыл-майтын болса, мұндай оқиғалар болмас еді ғой.

**– Нұрлан Армияұлы, Сіздің қызметті милицияда бастап, полицияда жалғастырып жатқандығыңызды ай-тып өттік. Енді, Сіз осы ІІД-не басшылыққа келгеннен бергі атқарған ісіңіз туралы тоқтала кетсеңіз. Қандай мәселелерді шешу үстіндесіз?**

– Бұл – ең бірінші қолайлы жағдай мен еңбекті ұйымда-стыру. Бұлардың біразы шешілді деп айтуға боларлық, бірақ, проблема болды және алдағы уақытта да бола береді.

Кадрлардың жасаруына байланысты оқыту орталығын құру туралы мәселе қабылданды және құрылды. Ондай ор-талық бүгінгі күні республикамыздың ешбір облысында жоқ.

Жаңа технологияны қолдана отырып техникалық жаңғырту жалғасын табуда, телекоммуникация жүйесі дамып келеді.

Әкімшілік қамауға алынғандарды ұстау проблемасы болған еді. Өткен жылы ол мәселе шешілді, қазіргі жағдайы әлемдік стандартқа сәйкес.


Облыс ІІО-ның техникалық жарактануы ұлғаюына байланысты қолдаушы қызмет құру мәселесі күн тәртібінде тұр. Бұл мәселені қарастыру үстіндеміз.

Қызметкерлердің де, олардың отбасы мүшелері мен балаларының демалыс мәселесі де бар. Әзірше біз тек жас қызметкерлерді материалдық ынталандыру шараларына ғана (кылмыс ашқаны үшін ынталандыру, ерекше көзге түскендерге бір реттік сыйлық беру) шамамыз келіп тұр. Бір сөзбен айтқанда, әлі талай мәселе көп. Мүмкіндігіміз жеткенше оларды жүзеге асыра бермекпіз.

**– Сөз соңында біздің облыстың тұрғындарына не айтар едіңіз?**

– Ең бірінші кезекте барлығына мықты денсаулық, ата-аналарына, балаларына, жақындары мен туыстарына денсаулық, сәттілік тілеймін, бейбітшілік, ашық аспан тілеймін.

**2010 жыл.**



## «ПОЛИЦИЯ ҚАТАРЫ ТАЗАРТЫЛДЫ»

Өткен жылы Елбасының Жарлығымен құқық қорғау органдары арасында кезектен тыс аттестация жүргізілген болатын. Сол аттестацияның қалай өткендігі, оның қорытындысы туралы облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ардақ Қабыкенұлы БИНТЫҚБАЕВ ПЕН сұхбаттасқан едім.

**- Ардақ Қабыкенұлы, өткен жылғы аттестация қалай болды? Оған қандай даярлықпен кірістіңіздер?**

- Аттестациялауға жататын қызметкерлер үшін негізгі талаптардың бірі заңнаманы білуге және логикалық ойлауына тест тапсырған болса, дене шынықтыру мен мылтық ағудан сынақ тапсырды. Тест тапсыру сыныптары, спорт залдары, мылтық ататын тирлер аудио және бейне бақылау құралдарымен жабдықталды. Қызметкерлер мұнымен қоса психологиялық тұрақтылыққа жедел сауалмадан өтті. Дене шынықтырудан нормативтер тапсыру алдында тәуекел тобы деп аталатындарға (40 жастан асқандар мен созылмалы науқастары барлар) медициналық бақылау жүргізілді.

Аттестациялық комиссия мәжілістерінде сол адамның лауазымдық қызметті қалай атқаратындығын сипаттайтын жайларға, қызметтік міндетін тиімді және адал ниетпен орындауы, шығармашылық бастамашылығы, бағдарламалық құжаттарды білуі, кәсіби білімінің деңгейі мен оны қолдана білуі, заңдылықты, мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтай білуі, іскерлік қабілеті, жұмысындағы кемшіліктері сияқты жайлары ескерілді.

Сонымен қоса олардың беделіне нұқсан келтіретін көрсеткіштері де еске алынды.

**- Жалпы алғанда осы үш деңгейлі аттестацияның қорытындысы туралы не айтар едіңіз? Одан өте алмай қалғандар көп болды ма?**



- Негізінен алғанда бұл аттестация біздің облыс үшін жаман болған жоқ. Бұл аттестацияның негізгі мақсаты құқық қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби даярлық деңгейін және олардың осы заманғы талаптарға сйкестігін анықтау болып табылады. Сонымен қоса органды моральдық-адамгершілік қасиеті төмен және сыбайлас жемқорлық мінездері бар, тұтастай алғанда мемлекеттің бет-бейнесіне нұқсан келтіретін, өз қызметіне лайықсыз қызметкерлерден тазартуда аттестацияның маңызы аз болған жоқ.

Осы үш сатылы аттестациядан біздің облыстың ішкі істер департаменті бойынша 5423 адам өтуі керек болатын. Соның 5031-і табысты өтті, бұл 92,8 пайыз деген сөз. Мұның ішінде 4953 адам өз орнына лайық болса, 78 қызметкер кадр резервіне қоюға немесе жоғары лауазымға ұсынуға лайық деп танылды. Жалпы алғанда 392 адам (7,2%) аттестациядан өте алмай қалды. Мұның ішінде 105 қызметкер өз лауазымынан төмендетілді, 97 қызметкер басқа лауазымға ауыстырылды, ал 190 адам органда қызмет атқаруға лайықсыз деп табылып, жұмысынан босатылды.

**- Сіз өзіңіз қалай ойлайсыз, осы аттестацияның біздің облыстың ішкі істер органдары үшін қандай пайдасы болды?**

- Ойыңызды түсініп отырмын, мұның пайдасы болды. Біз өз қатарымызда тазалау жұмыстарын жүргіздік. Мен айтып отырған өтпей қалғандармен қоса аттестациядан бұрын өз қабілеттеріне сенбегендіктен, алдын ала баянат жазып, 200-ден астам адам қызметтен өз еркімен кетті. Олар аттестациядан өте алмайтындықтарын білді. Өйткені олардың дайындықтары жоқ болған. Денелерін шынықтырмаған, мылтық атуға жаттықпаған, тест тапсыру кезінде бес түрлі заң болды, соларды білмеген. Ақпараттық дайындықтары болмаған. Мұндай сабақтар бізде жиі өтеді. Олар сол сабақтарға бармаған немесе дұрыстап қатыспаған. Әсіресе, есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімі мен тергеушілер арасындағы тест

тапсыру қорытындысы төмен болды. Осы бөлімдерден өтпей қалғандар көп болды.

Негізі бәрі адамдардың өздеріне байланысты. Олар дайындықсыз-ақ өтіп кетеміз деп ойлады. Аттестацияны өз басым әділ өтті деп ойлаймын. Бұрынғы бастығымыз марқұм Нұрлан Рақымберлиннің өзі комиссиямен барлық аудандармен қалаларды аралап шықты.

Қазіргі кезде 650-дей орын бос тұр. Ол орындарға академия бітіргендер келеді. Қызметкерлер түсінді. Бұрын мылтық атудан сынаққа келмейтіндер енді қалмайтын болды. Дене шынықтыру сабағына бәрі қатысады. Қазір аудандардағы полиция бөлімдерінде жаттығу сабақтары жақсы өтеді. Олар, тіпті, жаттығу кезін бізге көрсету үшін бейне таспаға түсіріп жіберетін болды.

**- Бұл да бір сынақ қой. Одан өтіп, көңілдеріңіз жай тауып отырған шығар. Дегенмен де «эттегенайлар» болған жоқ па? Негізі осы аттестацияның кері көріністері байқалмады ма? Мәселен, жақсы қызмет атқаратындар байқаусызда өте алмай қалған деген сияқты...**

- Жоқ, ешқандай «эттеген-ай» болған жоқ. Бәрі де дұрыс болды. Сөзімнің басында айттып кеттім ғой. Мұның жақсы жақтары көп болды. Дегенмен, бір айта кететін нәрсе тек норматив қана жоғарылау болды. Мәселен, 25 жастағы бала 15 рет тартылуы керек. Бұл кішкене көптеу. Ол небәрі он үш рет қана тартыла алады. Оған «екі» деген баға қою керек. Енді жоғары балл алу үшін жаттығу қажет. Оны қызметкерлеріміз түсінді. Жақсы жұмыс істейтіндердің өтпей қалғандары жоқ. Ондай жерде басшылық берген мінездеме жоғары рөл атқарады. Әрбір мінездеме комиссия алдында оқылады.

**- Жалпы алғанда осы аттестация нені байқатты? Келесі сынақ үш жылдан кейін өтетін болды ғой. Бұлардың аралары жиіліп кеткен жоқ па?**

- Біздің байқағанымыз – қызметкерлеріміз дене шынықтыруға, қызметтік даярлыққа, заңды жете білуге көңіл

бөлмейді екен. Тек өзінің қызмет саласына қатысты заңдар мен нормативтерді ғана біліп жүре берген. Келешекте осының барлығын білуі қажеттігін осы жолғы сынақ көрсетіп берді.

Иә, келесі аттсестация үш жылдан соң өтетін болды. Үш жыл деген дұрыс. Мен оның арасы жиі емес, дұрыс деп айтар едім. Президенттің Жарлығында солай көрсетілген. Осы аттсестациядан кейін қызметтік резервке қойылып, жоғары лауазымға өсірілетін болса, ол бір жылдан кейін тағы да сынақтан өтеді. Жоғары лауазымға баратындар бір-біріне: «Аттсестацияға жақсылап дайындалыңдар. Көрдіндер ғой қаншама адам кетіп қалды. Оқындар», - деп тапсырып жатты.

Енді алдағы уақытта қызметкерлер үш жыл өткен соң жылына екі рет, көктемде және күз айларында қайтадан сынақ тапсырып, аттсестациядан өтіп отыратын болады.

**- Айтпақшы, осы сынақтан өте алмай қалғандар ішінде наразылық білдіргендер болған жоқ па? Болса, олар қайда шағымданды?**

- Ондай наразы адамдар болды. Солардың ішінде 7 адам сотқа шағымданды. Бірақ олардың шағымдары негізсіз болып шықты. Бір сөзбен айтқанда олардың шағымдары дәлелін таппады. Егер олар заңнамадан да, дене шынықтырудан да, мылтық атудан да «екі» деген баға алса, мінездемесі нашар болса, біз ондай адамдарды ұстамаймыз ғой. Сотта да олардың сөзін қолдау үшін негіз болуы қажет қой.

**- Енді қазіргі құрам туралы не айтасыз?**

- Қазіргі құрам жаман емес. Бірақ, бәрі дұрыс деп те айтуға болмайды. Адамдар әр түрлі ғой. Бес саусақтың өзі бірдей емес. Сондықтан да «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалымен біріккен, қызметкерлердің тәртібін қарайтын комиссиямыз бар. Өткен 2012 жылы онда 1-2 адамның ғана тәртібін қарадық. Ал бұрнағы, 2011 жылы 40-қа жуық адам тәртіптік жауапкершілікке тартылған болатын. Жылдан-жылға тәртіп бұзу саны азайып келеді.

**- Ұжым арасындағы сыбайлас жемқорлық туралы не айтар едіңіз? Мұндай көріністер болып тұратын шығар?**

- Сыбайлас жемқорлық сияқты жат қылықтардан ада болып келеміз. Бұрнағы 2011 жылы сондай 12 көрініс болды. Оның ішінде жартысынан астамын өзіміздің ішкі қауіпсіздік қызметі, қалғанын қаржы полициясы анықтады. Ондай адамдар түгелдей жұмыстан шығарылды. Сол сияқты бір-екі факті бойынша тексеру жұмыстарын жүргіздік. Мәселен, бір ауданның көші-қон полициясының қызметкері 10 мың теңге пара алды деген шағыммен ұсталған. Бірақ ол тексеру кезінде дәлелін таппағандықтан, істі қысқарып тастадық. Сонда да ұжымның жиналысында қаралды. Ал, өткен жылы сыбайлас жемқорлыққа қатысты факті болған жоқ.

**- Қызметтен тысқары уақыттарда ішкілікке салына- тындар, отбасының шырқын бұзатындар бар шығар?**

- Ондайлар бірен-саран болып қалады. Ондай оқиға бізде патрульдік полиция деген бар, солардың арасында кездесті. Онда 530 адам қызмет атқарды. Көпшілігі ауылдан келген жас жігіттер. Солардың арасына өзім жиі барам. Олармен әңгіме өткіземін. Арақ ішіп алып рульге отырған. Оны өзіміз ұстадық.

Жол полициясымен бірігіп жиі-жиі рейдтер өткізіп отырамыз. Аудандарға жиі шығып тұрамыз. Қазір олар қаймығатын болды. Полицияның өзі халыққа үлгі болуы керек қой. Мұны қызметкерлердің есіне жиі салып отырамыз.

Сөзімнің соңында айтайын дегенім – халыққа тыныштық тілеймін. Келер күн жақсылық әкелсін. Тұңғыш Президентіміз халыққа жаңа Жолдауында көп жағдайды айтып кетті. Сонда көрсетілген тапсырмаладырды абыроймен жүзеге асырайық.

**- Әңгімеңізге көп рахмет. Сіздердің еңбектеріңіз де жемісті болсын.**

**2013 жыл**

## «ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕС БАСТЫ МАҚСАТ»

РСФСР НКВД-сінің Ережесіне сәйкес 1918 жылдың 5 қазаны күні «...ауыр қылмыстарды астыртын тергеу және бандитизммен күрес жолымен революциялық тәртіпті күзету үшін» қылмысты іздестіру органы құрылған болатын. Содан бері бұл күн із кесушілердің мерекесі ретінде тойланып келеді. Осыған орай облыстың ІД-дегі криминалдық полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Әсет Мырзағалыұлы СӘКЕНОВТИ сөзге тартқан едік.

### Өмірбаян беттерінен:

\* 1962 жылы туған.

\* Орта мектептен соң әскер қатарында міндетін өтеп келгеннен кейін Ақтоғай аудандық ІІБ-де қатардағы милиционер болады. Жолдамамен ҚР ПМ Қарағанды жоғары мектебіне келіп түседі. Оны бітірген соң Жезқазған облыстық ІІБ-да қызмет атқарады. Сержанттан полиция полковнигі шеніне дейінгі жолдан өткен.

- Әңгімемізді тарихтан бастайық. Әуелі біздің облыста қылмысты іздестіру органдарының құрылуы жайлы айттып өтсеңіз.

- Иә, біздің облыстың қылмысты іздестіру органдарының құрылуы 1931 жылдан басталады. Ол кезде Қарағандыға әлі қала мәртебесі берілмеген, жұмысшы поселкесі болып тұрғанда жұмысшы-шаруа милициясы жанынан бір лауазым тағайындалған. Ал 1932 жылы қала мәртебесін алған соң милиция басқармасы жанынан құрамында 10 адамы бар бөлім ашылған. Кейін, 1936 жылы Қарағанды облысы құрылғанда жұмысшы-шаруа милициясы жанында құрамында 19 адамы бар қылмысты іздестіру бөлімі болған.

Сол уақыттан бері біздің бөлім (кейін басқарма болды) қылмыспен ымырасыз күрес жүргізіп келе жатыр. Әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қызмет аса қиын болғаны белгілі.

Біздің қызметкерлер қай уақытта болмасын өзінің міндетіне адал болып, облыстағы қылмыспен күресті табысты жүргізуге өздерінің үлесін қоса білді оған біздің жедел қызметкерлеріміздің ашқан кептеген күрделі аса қауіпті қылмыстары дәлел бола алады. Соғыстан кейінгі жылдардың өзінде біздің із кесушілеріміздің маңызды міндеті ұйымдасқан бандалар тобымен күрес болды. Сондай жұмыстардың нәтижесінде 1949 жылы Дарвиннің аса ірі тонаушы бандалар тобы ұсталды. Сексенінші жылдардағы атақты Волченконың халық арасында «Қасқырлар ұясы» аталған, бірнеше адамды тонап, өлтірген, машиналарын айдап кеткен бандалар тобының қылмысын ашып, залалсыздандырғаны белгілі.

**- Өткен кезеңнің уақиғаларының тарих қойнауына кеткені белгілі. Енді қазіргі кезде қызмет барысы, қылмыс барысы қалай?**

- Сол алдыңғы ағалар салған жолмен келе жатырмыз. Қазіргі қоғамдық формацияның өзгеріп, басқа қалыпка түсу кезеңін басынан өткерген біздің қызметкерлеріміз талай қиыншылықтарға кезікті. Сондай шақта ауыр жұмысқа шыдамай органнан кетіп қалғандар да аз болған жоқ. Дегенмен де өз ісіне берілген азаматтар қандай уақытта болмасын заңның сақталып, азаматтардың конституциялық құқығын қорғау жолында аянбай еңбек етті, оны әлі де жалғастырып келе жатыр. Жедел қызметтегілер өзінің өмірінің басым белегін жұмыс басында өткізеді. Өзнің уақытымен санаспайды, кейде отбасының тірлігіне қарауға да мұршасы болмайды. Бір кездегі экономикалық құлдырау жағдайында қылмыстық ахуал тіпті шиеленісіп кеткен болатын. Жұмыссыздық белең алған сондай кезде қылмысты іздестіру органдарының рөлі тіпті арта түсті.

Бүгінгі күннің қылмысы өзінің ерекше қатыгездігімен, қаскөйлігімен ерекшеленеді тіпті қылмыскерлердің қаржы құрылы-

мына сіңіп кетуі тереңдеп барады. Ұйымдасқан қылмыс әрекеттері қанатын жая түсуде. Сол сияқты бұрын елімізде болмаған сыбайлас жемқорлық, ақы талап ету үшін адамдарды ұрлау, кепілге адам алу, қаржы-банк құрылымдарының нысандарына қарақшылық шабуыл көбейіп барады. Осындай кері көріністермен біздің қызметкерлеріміз ымырасыз күрес жүргізіп келеді. Солардың аянбас қызметінің арқасында қылмыстың көптеген түрі айылын жия бастады. Кейіні жылдары облысымызда аса ауыр қылмыс түрлернің темендеу тенденциясы байқалып отыр. Қылмысты, оның ішінде өткен жылдарда жасалған қылмыстарды ашу деңгейі жоғарылады. Облысымызда әрекет жасаған тұрақты қылмыстық топтар бөлшектенді және бейтараптандырылды. Олардың басшылары ұсталды. Қарағанды қаласының базарларында болған рәкеттер қазір түгелдей жойылды.

Қазіргі кезде біздің қызметкерлер үшін қылмыстың алдын алу, қылмыс жасауға даярлық барысында анықтап, шара қолдану басты міндет болып отыр.

**- Қылмысты іздестіру органдары туралы сөз болғанда арпалые, түнгі атыс, бірі қашқан, бірі қуған оқиғалар көз алдымызға келеді.**

- Айтайын деген ойыңызды түсіндім. Ол негізсіз де емес. Бірақ із кесушілердің жұмысының көпшілігі уақытын карточкалар мен есептік құжаттарды ақтарумен, тосқауылда күтумен өткізеді, оның көпшілігі нәтижесіз болады. Қаншама хаттамалар мен анықтамалар, толып жатқан құжаттар толтыруға тура келеді. Шын мәнінде баскесер қылмыскермен, баукеспе ұрымен біздің қызметкерлер бетпе-бет келеді. Кейде сондай жағдайда өмірін қиюға дейін барады.

Мәселен, Топар полиция бөліміндегі қылмысты іздестіру бөлімшесінің бастығы Алданыш Тайғожин көптеген қылмыстар жасаған қылмыскерлер тобын ұстау кезінде қайғылы қазаға ұшырады. Оның ерлігі жоғары үкіметтік наградамен атап өтілді. Әріптестері Топар ПБ алдында оған арнап мемориалдық тақта орнатты.

Осы сияқты қызметтік міндетін орындау кезінде қаза тапқан көптеген қызметкерлерімізге облыстық департамент алдында ашылған Ескерткіш мемориалдан орын берілген.

**- Қылмыстың көп екенін білеміз. Оның ашылып жатқандары да аз емес. Соның ішінде бір-екі мысалын айтып кетсеңіз.**

- Иә, қылмыс көп. Мен кісі өліміне байланысты қылмыстарды ашумен айналысушыларға басшылық жасаймын. Сондықтан да жуырда ғана ашылған бір қылмыс туралы айта кетейін. Ол осы жылдың маусым айында Майкудықтағы 16 ықшам ауданда болған кісі өлімі жайлы. Онда Әсел деген 21 жасар қызды бұтаның арасында зорлап, өлтіріп кеткен. Бұл іс бойынша жүргізілген жедел шаралардың нәтижесінде қыздың бір кафеде жұмыс істейтіндігін, жұмыстан кейін үйіне қайтып келе жатқанда осындай оқиғаға тап болғандығын анықтадық. Мойнындағы алқасы бар күміс шынжыршасы, ұялы телефоны және ішінде 1000 теңгедей болған қоңыр әмияны жоқ болып шыққан.

Бірге істейтін құрбыларынан жауап алғанымызда таксимен үйдің жанындағы «Горняк» аялдамасынан түсіріп кеткендігін айтты. Арнайы топ жүргізген жұмыстардың нәтижесінде қылмыскердің кім екендігі анықталды. Ол бұрын кісі өлтіргені үшін он жылға сотталып, бас еркінен айыру орнынан жуырда ғана оралған М. деген Қарқаралы ауданының азаматы екен. Ауылына қайтуға асқпай, ешқайда есепке тұрмай, қаңғыбастыққа салынып жүрген. Ақыры ол Ақтау поселкесінде біреудің малын бағып жүрген жерінен жуырда ұсталды. Қазір тергеу абақтысында отыр. Қылмысын мойнына алды. Әуелде ол ұялы телефонмен сөйлесіп келе жатқан қызды көріп, телефонын тартып алмақ болған. Аузын басып, қолынан телефонын алған кезде зорлау ниеті пайда болады. Одан соң айтып қояды деп қорқып, буындырып өлтірген.

Екінші бір оқиға Топар поселкесінде болды. Мұнда такси жүргізуші жігітті алты жерден пышақтап өлтірген. Істі тергеу



барысында сол такси фирмасында істейтін екінші бір такси жүргізушінің балдызы, Қаскелеңнен қонаққа келген А. деген 1987 жылы туған жігіттің қолынан болғандығы анықталды. Ол жасырынып үлгерген. Таксистің машинасын мініп қашып, Жарық – Шет жолында тастап кеткен. Қазіргі кезде ол іздеуде жүр. Көп ұзамай құрықталатынына сеніміміз зор. Оған біздің жігіттердің кәсіби шеберлігі жеткілікті екендігі сөзсіз.

**- Осы жерде кәсіби шеберлік жайында сөз қозғалған екен, әздеріңіздің жұмыстарыңыздың барысы туралы және оперативтік қызметкерлер туралы айта кетсеңіз.**

- Жаңа айтып кеттім «Біз негізінен кісі өліміне қатысты қылмыстарды ашумен айналысамыз» деп. Былтырғы жылы біздің облыста 109 кісі өлтіру оқиғасы болса, биыл 112 кісі өлтірілді. Оның ашылуы 90 пайыз. Ал, денеге ауыр жарақат салудың 145 оқиғасы тіркеліп, оның 140-ы ашылды. Бесеуі бойынша іздестіру шаралары жүргізілуде. Сол сияқты 46 зорлау оқиғасы тіркелген, оның 43-і ашылды, бір күдікті ұсталған жоқ. Екеуі бойынша іздестіру шаралары жүргізілуде.

Қылмыстың ашылу деңгейі жалпы республикалық көрсеткіштен жоғары. Біздің мұндай жұмысымызға атап өткенімдей оперативтік қызметкерлеріміздің жоғары кәсіби біліктілігінің қосқан үлесінің арқасы. Сондай жігіттердің ішінен бөлім бастығы, полицияның подполковнигі Данияр Қансейітовті, оперативтік қызметкерлер, полиция подполковнигі Совет Тәжібаевті, полиция майорлары Мәулен Жамелов пен Нұралы Оспановты атауға болады. Олар өз мамандықтарын жақсы меңгерген, өз істеріне берілген кәсіби шеберлігі жоғары қызметкерлер. Біз олармен бірге алдағы уақытта әлі де талай қылмыстарды ашатынымыз сөзсіз.

**- Әңгімеңізге көп рахмет. Сіздердің қиын да, күрделі еңбектеріңізге табыс тілейміз.**

ЕСКЕРТУ: Бұл мақала 2008 жылы жазылған болатын. Қазір Әсет органнан зейнеткерлікке шыққан, заңгерлік қызметпен айналысуда.

## БІР ЖАПЫРАҚ ҚАҒАЗ

Аудандық ішкі істер бөліміндегі қылмысты істерді ізде-стіру бөлімшесінің оперативтік өкілі, милицияның аға лейтенанты Мұрат Тазабековтің кабинетінде екі адам отыр. Оның бірі кабинет иесінің өзі де, екіншісі – облыстық прокуратураның тергеушісі Халық Байболов. Олардың бағанадан бергі әңгімесі – кеше өлі табылған әйел туралы.

– Кім екенін жедел анықтап білмей болмайды. Әйтпесе, жұмыс жүргізу қиын, – деп Тазабеков өз ойын айтқан еді, оның сөзін Байболов та құптады.

– Ол белгілі нәрсе ғой. Сарапшылардың жұмысын тездету керек. Міне, бір тәулікке жақындап қалды, сарап қорытындысы әлі жоқ, – деп тергеуші қабағын түйді.

Оперативтік топ кеше кешкіліктен бастап осы қылмыспен айналысып жатыр. Кеше аудандық ішкі істер бөліміне канал бойында жүрген балықшылар телефон соғып, бір әйелдің өліп жатқанын хабарлады. Жедел аттанған оперативтік топтың ішінде Мұрат пен Халық та бар еді. Жарты сағатқа таяу жүргенде межелі жерге де жеткен болатын. Үстеріндегі кенеп киімдері, аяғында қонышы ұзын резенке етіктері бар екі балықшы жол жиегінде отыр. Анадай жерде тұрған «ЛуАЗ» машинасы осылардікі болса керек. Екеуінде де өң-түс жоқ, бозарып кеткен. Қорыққан сияқты.

– Анау жерде жатыр, – деп көрсетті бірі канал жақты нұсқап.

– Қарасам – дәл жанымда өлген адам жатыр. Қорыққаннан жүрегім жарылып кете жаздады, – деп самбырлай жөнелді екінші егделеуі.

– Жарайды, біз барып көрейік. Қане, бастаңыз. Қай жерде? – деп тергеуші алғашқы балықшыға бұрылды. – Маңайын таптап тастаған жоқсыздар ма? Жанына бардыңыздар ма?

– Жоқ, аса тақап барғанымыз жоқ. Көре салып, кейін серпілдік. Әйел адам сияқты, – деді тағы да егделеу балықшы.

Шынында да әйел адам болып шықты. Етпетінен жатқызып, үстіне плащын жауып кеткен. Қоңыр плащ күнге күйіп, өңі кете бастаған сияқты. Маңайында ешқандай аяқ ізі көрінбейді. Екі метрдей жерде жеңіл машинаның ізі болар-болмас байқалады. Оның өзі шөпті жапырғаны болмаса, топыраққа батып, терең із қалдырмаған. Ит із алмады. Әйелдің денесін сол жатқан бетінде бірнеше рет әр тұсынан суретке түсірген соң, екі адам шалқасынан аунатты. Қараса – бет-ауызы қара-қошқыл болып қатып қалған қан. Бет-жүзі байқалмайды. Үсті-басына, киген-киіміне қарағанда жас адам сияқты. Оқиға болған жерді қарау кезінде заттай айғақ боларлық немесе күдік туғызарлық ештеңе табылған жоқ. Тек, бір жапырақ газет жыртындысы мен темекінің тұқылы табылды.

Баска ештеңе таппаған оперативтік топ қас қарая аудан орталығына оралған. Табылған заттарды сарапқа жіберген соң оперативтік топтың алғашқы мәжілісі болды. Оған жетекшілік еткен облыстық прокуратураның тергеушісі Халық Байболов топтың негізгі міндетін, қылмысты ашу үшін қандай бағытта жұмыс істеу қажет екендігін айтып өтті.

– Ең бірінші – сараптаманың қорытындысы келсін. Екіншіден, өлген адамның кім екенін анықтау керек. Ол үшін аудандық радиодан және облыс орталығына барып, теледидардан хабарландыру беру керек. Кейінгі бір аптаның ішінде із-түссіз кеткен адамдар туралы түскен өтініштерді бір қарап өту керек.

– Біздің аудан бойынша үлкен адам жоғалтып, өтінішпен келген ешкім жоқ. Баласын іздеген бір әйел болған, бірақ ол баласын сол күні көрші үйде ойнап отырған жерінде тауыпты, – деді учаскелік инспектор Ермек Дәутаев.

Тергеуші оның бетіне тесіле қарап отырды да:

– Ермек, сен таңертең облыс орталығына жүріп кет. Барып теледидардан хабарландыру бер. Өлген кісінің үстіндегі киімдерінің тізімдерін алуды ұмытпа. Ішкі істер басқармасы хабарландыруды дайындап қояды. Соны алып, ертең теледидардан өзің сөйлесең тіпті қатып кетеді, – деп тапсырма берді.

– Одан соң қабырғада ілулі тұрған ауданның үлкен карта-сының алдына келіп, сөзін әрі қарай жалғастырды.

– Оқиға мына жерде болған, – картаның бетін сұқ сау-сағымен нұсқады. – Канал бойына жүз метрдей жақын. Ал мынау қалааралық үлкен жол. Оқиға болған жерге осы жол-мен келген. Бұл жер қаладан жиырма алты шақырым. Егер қала ішінде өлтіріп, жасырмақ болып әрекеттенсе, неге мұн-ша қашыққа барған? Қала сыртына шыққан соң кез келген өлген адамды машинада ұзақ ұстау да өте қауіпті, көзге түсіп қалуы мүмкін. Сондықтан да, менің ойымша, бұл әйелді сол жерде өлтіріп тастап кеткен. Ал, ол жерге қалай келді? Не үшін келді? Бұл жағы әзірше жұмбақ.

– Оның бұл жерге қалай келгенін білсек – қылмысты ашу қиын болмас еді, – деді Мұрат жіңішке қара мұртын бір си-пап қойып.

– Саспасаң оны да білеміз. Содан соң да істейтін іс та-былатын түрі бар, – деп тергеуші өз ойын жалғастыра келіп, әркімнің міндетін тағы бір нақтылап өтті.

Міне, енді түстен кейін тергеуші мен оперативтік өкіл қайта бас қосып, кеңесіп отырған болатын. «Жасы 25-27-лер шамасындағы әйел. Бойы 157 см. Сол жақ самай сүйегі қат-ты жұмыр затпен қатты ұрғандықтан сынып кеткен. Сынған сүйектің бір ұшы ми қабығын жарақаттағандықтан бірден қаза тапқан. Мұндай жарақатты тек оң қолмен ғана салуға болады. Денесінде басқа дақ жоқ. Қаны үшінші топқа жата-ды. Қан құрамында спирт жоқ, бірақ асқазанында алкогольді ішімдік белгісі бар. Бұл қаза табар алдында аз ғана бұрын

шамалы мөлшерде (жүз грамдай) спиртті ішімдік пайдаланғанын көрсетеді. Зорлау белгісі байқалмайды. Бірақ, жатыр қынабында сақталған сперматозоид өлерден бұрын жыныс қатынасын жасағандығын дәлелдейді» деген сөздерді оқыған тергеуші сот-медициналық сарап қорытындысы жазылған қағазды аға лейтенантқа ұсынды. Содан соң екінші қағазды алды. Бұл техникалық сарап қорытындысы еді. Онда: «Темекі тұқылы «Астра» сигаретінікі. Ал газет жыртындысы «Красная звезда» газетінің 24 тамыздағы санынан. Аздап май жұққан. Малдың майы, оның ішінде шошқа майы болуы мүмкін. Мұндай май көбіне шұжықта болады. Бірдене оралған газет жыртындысы екені анық» деп жазылған. Тергеуші онсыз да қысық көзін сығырайта қарап, мұқият оқып шықты да, қағазды стол үстіне қойып, ойланып қалды. Оның алдындағы қағазды аға лейтенант созылып келіп өзі алды.

– Иә, мұны да анықтадық, – деді ол бір кезде. – Шамасы сол жерде тамақ ішкен болды ғой. Сарап қорытындысында зорлау болмағанын анықтапты. Мен сондай мақсатпен өлтірілді ме деп ойлап едім. Киімі де тап-таза. Тонау мақсатымен өлтірілген болмаса, киімін неге алмаған? Қолында ештеңе жоқ. Әйелдер жол жүргенде қолына сөмке ұстамаушы ма еді? Иә, оны бірақ машинада қалдыруы да мүмкін ғой.

– Оныңыз рас. Алыс жолға шыққан әйел жолшыбай тоқтағанда қолындағы сөмкесін машина ішінде қалдырады. Жанындағыларға сенбейтін біреу болмаса, қолына ұстап түспейді, – деп аға лейтенант тергеушінің сөзін қостады. – Мүмкін көп ақшасы бар біреу болып, сол үшін өлтіріп, сөмкесімен алып кетпесе.

– Ол да мүмкін. Қалай дегенмен де, істі зерттеу керек.

– Неше адам екені де белгісіз. Қайткен күнде біреуінің темекі шегетіні мәлім болды.

– Ал біреуі «Красная звезда» газетін жаздырып алады.

– Дұрыс айтасыз. Сол адамның кім екенін табуымыз керек. Бұл газетті көбіне тек ер адамдар ғана алдырып оқиды.

Ол үшін «Красная звезда» газетін кімдер жаздырып алатындығын анықтаймыз, – деп Мұрат екі алақанын ысқылады.

Аға лейтенанттың бетіне тесіле қарап сәл отырған соң тергеуші:

– Ол оңай жұмыс емес, бірақ басқа істер шара жоқ, – деді ақырын ғана.

Кешкі сағат жеті болысымен Байболов пен Тазабеков «Қызыл бұрыштағы» теледидардың алдына келіп отырды. Облыстық телестудияның хабарлары басталып та кетті. Міне, жарнамаларды беріп жатыр. Бір кезде экранға жарқ етіп милиция лейтенанты шыға келді. Өздері күнде көріп жүргендіктен көздері үйреніп кеткен ғой, әйтпесе, Ермек түрлі-түсті теледидардан өте әсем көрінеді екен. Үні де құлаққа жағымды, мәнерлі ырғағымен кісіні баурап алады.

– Кеше канал бойынан бір жас келіншектің өлі денесі табылды. Жасы шамамен 25-терде. Үстінде қоңыр плащы, қызыл кофтасы, көгілдір көйлегі бар. Аяғына өрнекті шұлық киген. Қоңыр туфлі бар. Шашының түсі қоңырқай. Еуропалық ұлттардың бірі сияқты. Егер кімде-кім осы адамды танытын болса, милицияға 02 телефонына немесе біздің ауданға хабарласыңыздар, – деп сөзін аяқтады Дәутаев.

– Мұнымыздан бірдеңе шыға қойса... – деп орнынан тұрды тергеуші.

– Кім біледі, – деп иығын кушитты Мұрат.

Олар сағаттарына қарады да, теледидарды өшірді.

Бұл кезде теледидардан сөйлеген жас лейтенант өзімен баяғыда бір класта оқыған Дәмеліні кездестіріп, есік алдында отыратын кезекшінің жанында әңгімелесіп тұрып қалды. Дәмелі осы студияда режиссердің ассистенті болып істеп жүр екен. Сөйтіп тұрғанда кезекші:

– Иә, ол осында, әлі кеткен жоқ, – деп телефон трубкасына айқайлап жауап беріп жатты да: – Қазір шақырайын, өзіңіз сөйлесіңіз, – деп Ермекке ұсынды. – Сізді шақырады.

– Лейтенант Дәутаев тыңдап тұр! – Ол өзінің осында

екенін білетін облыстық басқармадағылар болар деп ойлаған.

– Жана теледидардан сөйлеген сізсіз бе? – Құлаққа жағымды жіңішке дауыс. – Мен Нина Берктің құрбысымын. Ол үйіне кеткен, – деді асыға-үсіге, үні дірілдеп.

– «Нина Берк» дейсіз бе? Ол кім? Үйі қайда? Сіз кімсіз? Асықпай сөйлеңіз.

Телефонның екінші басындағы қыз сонда ғана сабасына түсе бастаған болуы керек, сабырмен асықпай сөйлей бастады.

– Мен шұлық-ұйық фабрикасында істеймін. Жоқ, біз бәріміз осында бірге істейміз. Бірге тұрып жатырмыз, жатақханада. Нина Берк өткен жұма күні жұмыстан шыққан соң үйіне барып келуге кеткен болатын. Содан әлі оралған жоқ. Әлгі сіздің айтқан белгілеріңіз соған сәйкес келеді.

– Онда сіз былай істеңіз. Ертең таңертең облыстық ішкі істер басқармасына келіңіз. Қалғанын содан соң сөйлесеміз, – деп Ермек ана қыздың аты-жөнін, тұрағын түгел жазып алды. – Тура тоғыздан кешікпей келіңіз, жарай ма?

– Жарайды.

Ертеніне сағат тоғызда оперативтік топтың бірнеше адамы ішкі істер басқармасында отырды. Басқарма қылмысты істерді іздестіру бөлімінің бастығы, милиция подполковнигі Ғұсман Қайдаров алдағы атқарар істі бір пысықтап шықты.

– Біз де кісі бөлеміз. Қайткен күнде «Красная звезда» газетін алатындарды, оның ішінде жеке машинасы барларды, «Астра» сигаретін тартатындарды анықтау керек, – деп аяқтады сөзін. – Енді Нина Берктің құрбысын күтейік.

Мұрат көзінің астымен Ермекке қарады, Ермек сағатына қарап:

– Тоғыз болды, келіп қалар, – деді.

Бірақ сағат тоғызда да, онда да ешкім келген жоқ. Ермек шұлық-ұйық фабрикасы жұмысшыларының жатақханасына тартты. Есік алдында кезекші отыр екен.

– Сізге кім керек? – деп сұрады ол жас лейтенантқа жымия қарап.

Кешегі қыздың аты-жөні Ермектің есінде қалмаған екен, жазып алған қағазды алып шықпақ болып қалтасына қолын салды да, қайтадан тартып алды.

– Маған Нина Берк керек еді, – дей салды.

– Ә, Нина ма? Қазір шақырып береміз, – деп кезекші өтіп бара жатқан қыздардың біріне айқай салды:

– Нинаға айтшы, төмен түссін.

Көп ұзамай үстіндегі халатын жүре түймелеп, акқұба өңді, әдеміше келген көк көз қыз кезекшінің жанына келді.

– Нина, мына жігіт саған келіп тұр.

– Сіз Нина Берксіз ба? – деп Ермек қалтасындағы қағазды ала бастады.

– Иә.

– Кеше сіздің құрбыңызбен сөйлесіп едім.

– Иә, ол Наташа ғой. Айтты, мен жоқ болғанға олар қатты қобалжыпты. Оның үстіне сіздер кеше анандай хабарландыру берген екенсіздер. Үйге барған едім, ауырып қалдым. Дәрігерден қағазым бар, – деп судыратып ала жөнелді. – Түнде келсем, барлығы мені жоғалтып, үрпиіп отыр. Милицияға дейін хабарлап қойыпты. Мен кіріп келгенде қалай қуанғандарын көрсеңіздер ғой. Наташа жұмыста. Егер мен келмегенде ол жұмыстан сұранып, милицияға бармақ екен...

Ермек Нинаның бетіне қарап тұрып күліп жіберді.

– Жарайды, ол ештеңе етпес. Бәрінен де өзіңіздің аман болғаныңыз дұрыс болды. Дегенмен, сіз сияқты сұлу қызға ешқандай қылмыскер қол көтере алмайтын шығар, – деп қалжындап та қойды. – «Шынында да әдемі қыз екен».

Ермек басқармаға қайта оралғанда түс болып қалған. Жанында бірнеше кісі бар Мұрат қарсы жолықты.

– Нина Берк болмай шықты, – деп хабарлады Ермек. – Ол үйінен түнде келіпті. Ауырып қалған екен.

– Мына кісілерді өлген адамды көрсетуге мәйітханаға апар жатырмын. Бұл кісілердің іздеп жүрген адамының сипаты сол мәйітке сәйкес келеді, – деді Мұрат ақырын ғана.



Ермек жатақханаға кетісімен басқарманың кезекшілер бөліміне бірнеше адам келген. Олар Татьяна Семенованы іздеп жүргендерін айтты. Ол өткен жұма күні кешкі сағат 5-6-лардың мұғдарында аудан орталығында тұратын әпкесінің үйіне барып келуге кеткен. Содан оралмапты. Кезекті еңбек демалысында жүргендіктен әке-шешесі іздей қоймапты.

– Кеше кешкілік есіктің алдында отыр едім, – дейді шешесі. – Көрші кемпір келді де: «Жаңа бір милиционер сөйлеп, бір қыздың өлгенін хабарлады. Канал бойында өлтіріп кетіпті. Кім екені әлі мәлімсіз дейді. Япыр-ау, қазір осы кісі өлтіру қой бауыздағанмен бірдей болып кетті ғой», – деп отыр. Жүрегім аузыма тығылғаны. Үйге зорға жетіп, көршінің машинасымен аудандағы қызымызға барсақ: «Келген жоқ», – дейді. Енді қайттік? Сорлатты ғой... Сорлап қалдық қой... Содан келген бетіміз осы, – деп ботадай боздап, жылап қоя берді.

– Сабыр етіңіз, мүмкін басқа адам шығар, – деп жұбатты Мұрат.

– Жоқ, сол. Анық – сол. Жүрегі құрғыр сезіп тұр ғой...

Шынында да сол болып шықты. Татьяна Семенованың денесін әке-шешесінің танығандығы туралы хаттамаға олардың өздеріне және қосымша куәларға қол қойдырын алынды. Шешесінің қол қойды дегені ғана болмаса, екі сызық сүйкеуге зорға шамасы жетін, талқысып кетті. «Жедел жәрдем» шақыруға тура келді.

Өлген адамның кім екені белгілі болған соң «Красная звезда» газетін жаздырып алатындарды анықтауға кірісті. Облыс бойынша үш мың данадан астам «Красная звезда» тарайды екен. Соның ішінде кім қылмыскер? Осы сұрақ төңірегінде көптеген жұмыстар атқарылды. Оны анықтауға Мұрат Тазабеков бел шеше кірісті. Бүкіл почта бөлімшелерінде болып, осы газетті жаздырып алатындардың тұрағын білді.

Әскери газетті жаздырып алатындар тек әскери адамдар

ғана емес, олардың арасында мұғалімдер мен құрылысшылар, милиция қызметкерлері сияқты сан мамандық иелері көп. Шахтерлер де бар. Сондықтан да, олардың ішінен жеке машинасы барларды, темекі шегетіндерді іріктеу керек болды. Бұл да аз шаруа болған жоқ. Меншік машинасы барлардың өзі қала бойынша жүзден асып кетті. Оның сексеннен астамы темекі шегеді.

– Енді солардың араасынан бұрын сотталғандарды, әсіресе, әйел зорлағаны үшін сотталғандарды іріктеп алу керек, – деп кеңес берді басқарма қылмыстық істерді іздестіру болімінің баетығы Ғұман Қайдаров. – Айтнақшы, Семенованың өзі жаздырып алмай ма екен? Соны тексердіңдер ме?

– Тексергенбіз, жаздырып алмайды, – деп жауап берді Тазабеков.

Бір айдан астам үздіксіз жұмыстың нәтижесінде күдік үш адамға келіп тірелді. Соның бірі Семенованың шағын ауданымен көршілес шағын ауданда тұратын Михаил Колосков еді.

– Сіздің машинаңыз қандай? – деп бастады сұрақты аға лейтенант.

– «Москвич» машинасы... «Москвич-412»...

– Сіз сол машиннамен авария жасаисыз ғой.

– Иә, жасағаным рас. Бірақ оған мен кінәлі емеспін. Менің машинамды келіп соқты. Өл туралы ГАИ қызметкерлері біледі.

– Қашан? Қай уақытта? – деп сұрақ қойды оперативтік өкіл. Өйткені, ол бұл сұрақты әдейі сыр тартпақ үшін қойған еді.

– Осыдан екі айдай бұрыи. Содаи «Автосервиеке» апарып тастағам, кеше ғана бітті.

– Жарайды. Темекі шегінің, – ден қалтаеынан алын «Қазақстан» сигаретін ұсынды. – Сүзгілі сигаретті ұнатушы ма едіңіз?

– Маған бәрібір. Қолға түскенін тарта беремін. Үнемі сүзгілі сигарет табыла бере ме?

– Әрине, әрине... Сіз енді боексыз, Колосков жолдас.

Бірақ ол орнынан қозғалмады. Жүзінде сұрақ.

– Осы, мені неге шақырдыңыз, азамат, кешіріңіз, жолдас тергеуші? Не үшін күдіктендіңіз?

– Бір адам шағым жасап еді, «көшеде қағып кетті» деі. Сіздің машина соған ұқсайды екен. Соны білейін деп едім. Сіздің машина бұл уақытта жөндеуде болған екен...

Ол бәрібір мұның сөзіне сеніңкіремеген түрмен орнынан тұрды. Ол шығып кеткен соң Ермекті шақырып, Колосковтың машинасы жөндеуде болғаны рас па, соны тексеруді тапсырды. Ертеңіне Дәутаев шынында да Колосковтың машинасының екі айдай жөндеуде тұрғанын анықтап келді.

Ендігі күдіктінің бірі – Игорь Савельев. Ол жұмыс істейтін байланыс басқармасының кадрлар бөлімінде болғанда оның дәл осы уақытта еңбек демалысында жүргені белгілі болды. Жолдамамен курортқа кетіпті.

Үшінші күдікті адам – Виктор Танцюра. Ол осындағы зауыттың бірінде слесарь. Танцюра шақырып алып сөйлескенге қылмысын мойындай қоятын, оңай шағылатын жанғақ емес. Мұрат оның өмірбаянын мұқият тексеріп шықты. Бұрын әйел зорлағаны үшін сотталған. Бас еркінен айыру орнынан оралғанына екі жыл. «Занөрөжең» жеңіл машинасы бар. Соғысқа қатысқан мүгедек әкесінен қалған. Әкесінің қайтыс болғанына біржарым жылдай. Шешесі бөлек тұрады. Әйелі тігін фабрикасында істейді. Екі баласы бар. Үлкені – алтыда, кішісі – бірден асқан.

Оперативтік топ оның Семенова өлтірілген кезде ешқайда іссапарда болмағанын, машинасының жүріп тұрғанын анықтады.

Қаланың шыға берісіндегі бақылау нүктіндегі сол күні кезекшілік атқарған автоинспекция қызметкері мен автобус тексерушілерінен де сұралды. Бірақ олардың сары «Запорожец» туралы естерінде ештеңе қалманты. Жол бойында көрген-көрмегендігін айта алмады.

Танцюраға қандай сұрақ қою керек? Сұрақты неден бастайды? Қай жағынан айналып келген дұрыс? Міне, осы сияқты сұрақтар оперативтік топ мүшелерін қатты қинады. Одан кімнің жауап алғаны дұрыс деген де мәселе көтерілді. Қазақ ССР Қылмыстық іс жүргізу Кодексінің 109 бабына сәйкес күдікті адам ретінде тергеу кезінде үш күнге жауып қоюға милиция бастығының қаулысын дайындап қойып, өзін шақыртып алдырды. Одан Тзабековтің өзінің жауап алғаны дұрыс деп шешілді. «Бәрі дайын тұр, қамауға да алармыз. Бірақ ол кінәлі болмай шықса ше? Онда не істейміз?» – деген сұрақтар көкейіне қайта-қайта оралып, Мұратты мазалай берді. Дегенмен, милицияда істеген сегіз жыл ішінде талай қылмыстың бетін ашып, талай баукеспемен, талай баскесермен бетпе-бет келген Мұрат бұл жолы да ештеңеден қыңар емес. Танцюраның қылмыскер екеніне іштей сенімді. Тек оның кінәсін мойнына бұлтартпай қойып беру керек.

Кейде кездейсоқтықтың да тигізер пайдасы мол. Ал бұл шын мәнінде кездейсоқтық па? Соны анықтау керек болды. Өйткені, Мұрат жауап алып отырып, осыдан екі апта бұрын Танцюраның рульде мас күйінде ұсталып, жүргізушілік куәлігінен айырылғанын білді. Есептей келее, дәл сол Семёнова өлген күнмен сәйкес келетін сияқты. Мұнан соң Тапцюраның қылмыскер екеніне еш күмәні қалмады. Дереу апарып алдын ала тергеу камерасына жаптырып, автоинспекцияға аттанды.

– Иә, есімде, – деді постыда тұрған жерінен рациямен шақыртып алынған лейтенант. – Сол күні көмекшіміз екеуміз Совет проспектісінің бойында кезекшілікте тұрғанбыз. Ол сағат кешкі онның мұғдары еді. Көшеде көлік саябырлаған шак. Бір кезде сары «Запорожецтің» жүрісі күдікті болып көрінді. Жолдың екі жағына кезек шығады. «Тоқта!» деп белгі бердік. Тоқтамай жанымыздан өте шықты. Машинамызға міне салып, соңынан қуа келіп тоқтаттық. Сөйтсек, жүргізуші мас екен. Құжаттарын алып тексердім де, өзім рульге

отырып, машинасын ГАИ-ге әкеп тапсырдым. Өзін наркологиялық диспансерден өткізіп, мастығы туралы анықтама алдым. Барлық қағаздарын комиссияға тапсырғанбыз. Бір жылға жүргізушілік еркінен айырылыпты ғой.

– Машина ішінен бөгде зат көзіңізге түскен жоқ па?

– Жоқ, байқамадым, – деп кішкене отырды да: – Ұмытпасам артқы орындықта бір сөмке жатқан сияқты болды. Әйел сөмкесі-ау деймін. Қара не қарақоңыр.

– Жүргізушінің түрінен ешқандай өзгеріс байқаған жоқсыз ба? Абыржып, аптығу деген сияқты.

– Абыржып, жүйкесі жұқарып тұрған түрі байқалды. Бірақ өзін сабырлы ұстады. Мұндай жағдайда кейбір жүргізушілер: «Өйтуге еркің жоқ! Неге ұстайсың? Шағым жасаймын!» деген сияқты дау айтып, қарсылық білдіретін. Бұл өйткен жоқ, біздің ыркымызға көне берді. Біз соған таң қалдық...

Аға оперативтік өкіл мен тергеуші тағы да кенесіп отыр.

– Меніңше, – деді Мұрат. – Танцюра Семенованы өлтіріп қайтып келе жатып, автоинспекторлардың көзіне әдейі түскен. Өзінше айғақ жасамақ болған. «Сол күні қайда болдың?» десек ол: «Автоинспекцияда болғанмын», – деп шыға келеді.

– Оның рас, – деп қостады Халық. – Бірақ бұл болжам ғой. Іс жүзінде басқаша болып шықса ше?

– Басқаша болуы мүмкін емес, – деді ол сенімді түрде. Есік қағылды. Жас сержант Танцюраны алып кірді. Күдікті адамды қареы отырғызып, сержантты босатқан еоң аға лейтенант тағы да жауап алуға кірісті. Тергеуші болса үнсіз тындап отыр.

Мұраттың қойған сұрақтарына Танцюра алғашқыда нық жауап беріп, өзін мығым ұстаған.

– Менің кінәм не? Не үшін қамап отырсыздар? – деп ашуға басты.

– Сіздің кінәңіз – кісі өлтіргендігіңіз, – деп ашық кетті Мұрат.

– Жала. Өтірік! Мен ешкімді өлтіргенім жоқ! – деп байбалам салғанына қараған жоқ, Мұрат сұрақты қоя берді.

Басында дұрыс жауап беріп отырған Танцюра шатаса бастады. Бір сөзі мен бір сөзі қиылыспай, бір айтқанын қайталай берді.

– Сол күні машинаңыздың ішінде жатқан сөмке кімдікі?

– Қайдағы сөмке? Қандай сөмке?

– Артқы орындықта жатқан, қарақоңыр сөмке. Ол Татьяна Семенованың сөмкесі. Оның жатқанын сізді наркологиялық диспансерге апарған автоинспектор көрген.

– Білмеймін. Менде ешқандай сөмке болған жоқ, – деп қасарысты.

– Ал, жарайды, сол күні қала сыртына неге шықтыңыз? Канал бойына неге бардыңыз? Соны айтарсыз?

– Ешқайда барғамын жоқ.

– Барғансыз. Көрген кісілер бар. Сол жерде сіздің машинаңыздың ізі де қалыпты, – деді әдейі.

Күдікті жігіт үнсіз қалды. Не «бардым» демеді, не «бармадым» демеді. Мұрат болса оның ойлануына мұршасын келтірмей, үсті-үстіне сұрақ бере бастады. Қылмыскер олай бір бұлтарып, бұлай бір бұлтарып, ақыры өз кінәсін мойнына алды.

Ол машинасымен жолға шығын, жол үстінде тұрған қыз-келіншектерді мінгізіп әкетуді әдетке айналдырған. Белгілі бір орынға келіп, қорқытып, ойындағысын жүзеге асырған еоң жақын жер болса жеткізіп салады, алыс болса қайтып әкеп тастайды екен. Бұл жолы да өз машинасымен қала сыртына шығын бара жатты, ең еоңғы аялдаманың алдынан өтеді. Сол кезде қолында сөмкесі, білегіне ілген илащы бар әдеміше келген бір қыз қолын көтереді. Бұл тоқтай қалады. Қыз қайда бара жатқанын сұрайды. Бұл: «Өзіңіз қайда барасыз?» – дейді. Ол қала іргесіндегі аудан орталығына бара жатқанын айтады. «Отырыңыз, мен де сонда барамын», – деп мінгізіп алады. Жол айырығына келгенде бұл аудап ор-

талығына қарай бұрылмай, үлкен жол бойымен тіке тартады. Мұның себебін сұраған қызға: «Канал бойындағы балықшыларға соғып, қырқыншы шақырымнан тұспа-тұс бұрыла саламыз», – дейді.

– Канал бойына келген соң тоқтап, машинадан түстік. Бір жарты арағым, ораулы тамағым болатын. Соны алып шығып, жерге газет жайдым да, үстіне әлгілерді қойдым. Екі рюмкаға арақ құйып, бірін қызға ұсынып едім – ішпеді. Өзім ішіп алдым да, кішкене әңгімелесіп отырған соң тағы да құйдым. Бұл жолы да «ішпеймін» деді. Әбден ызам келіп, пышағымды суырып алдым да: «Іш, әйтпесе жарып өлтіремін», – деп ақырдым. Зәресі ұшып кетті. Қолы дірілдеп отырды да, ішіп салды. Мен де іштім. Үшінші рет құйғанымда тағы да бас тартты. Мен: «Ішпесең – шешін!» деп бұйырдым. Көзі бақырайып отырып қалды. Мен пышақты тамағына тақай түстім. Ол еріксіз менің айтқанымды істеді – шешінді...

– Содан соң...

– Содан соң белгілі гой...

– Жоқ, мен оны неге өлтіргенінді сұрап отырмын.

– Өлтірейін деген жоқ едім, ойыма да келмеген болатын.

– Енді қалай өлтіргенінді айтсаңшы! – деді кенет тергеуші даусын көтеріп, шыдамы таусылған болса керек.

Оны жаңа көргендей бетіне бажырайып бір қарап алды да, Танцюра сөзін әрі қарай жалғастырды.

– Машинаға мініп, от алдырып жатқанмын. Қыз сыртта қалған. Ол көлденең тұрған машинаға тіке келіп минутің орнына, алдын орағытып барып, нөмерін қарады. Сол кезде «мына қыз айтып қоятын шығар», – деген суық ой басыма сап ете қалды. Ол машинаның есігін ашты да, білегіне асып алған плащы бар, алдыңғы орындықты көтеріп, артқы орынға жайғаспақ болды. (Ол келерде де артқы орындыққа отырып келген болатын). Дәл сол мезетте: «Тоқта! Шық!» – деп қалай айқай салғанымды өзім де білмей қалдым. Ол аңырып тұрып қалды. Сыртқа ытқып шыққанымда қолыма

аяғымның астында жатқан имек темір ілікті. Жүгіріп келіп қыздың жағасынан бүріп ұстаған беті екі-үш қадамдай шегіндіріп барып темірмен сол жақ шеке тұсынан салып қалдым. Ол есінен танып құлап түсті. Етпетінен жатқыздым да, үстіне плащын жаба салдым. Сөмкесінің машинаның ішінде қалып қойғанын автоинспекторлар тоқтатқан кезде ғана көрдім. Егер бұрын байқағанымда бір жерге лақтырып кететін едім... – деп үнсіз қалды да:


– Жолдас... Жоқ, азамат тергеуші, сіз протоколға: «Кінәсін толық мойындады, өзі келді», деп жазуды ұмытпаңыз, – деді нығарлап.

– Қалай жазуды өзіміз де білеміз, – деп Мұрат оған ашулы түрмен қарады. – Міне, мына жерге қол қойыңыз.

Танцюрадан жауап алып болып, КПЗ-ға жіберген соң тергеуші мен аға лейтенант бір-біріне қарап үнсіз отыр.

– Жарайсың, Мұрат! – деді тергеуші орнынан тұра беріп.

Екеуі сыртқа шықты. Қоңыр күз маужырап тұр. Көкжиекке көз салған Мұрат таза ауамен көкірегін кере дем алды да, екі қолын екі жаққа сермеп, жаттығу қимылдарын жасады.





## ӨКІНІШ

Милиция майоры Қайыр Сартаев екеуміз жеке отырмыз. Ол көп жыл аудандық ішкі істер бөлімінде қылмысты істерді іздестіру бөлімшесін басқарған. Қазір облыстық ішкі істер басқармасында қызметкер. Қайыр кезінде талай қылмыскерді қолға түсіріп, аты ауызға ілінген еді.

– Кезінде сан қылмыскермен бетпе-бет кездескен боларсыз? – деп сұрадым.

– Әлбетте ғой. Күн сайын талай баскесермен, талай баукеспемен тілдестік қой.

– Сондай сәттерден кейін «әттеген-ай» деп опық жеген, өкінішке ұрынған кездеріңіз болды ма?

– Япыр-ай, э! – деп Қайыр ойланып отырып қалды. Ол кісі өзінен тек қандай қылмысты қалай ашқанын ғана сұрайды деп ойласа керек. – Мен туралы газетке талай адам жазды. Талай тілшіге кездесіп едім, бірақ олардың ешқайсысы мұндай сұрақ қоймаған болатын... Негізі, милиция қызметкерлерінде өкініш көп болады. Өйткені біз адамдармен жұмыс істейміз. Ал олардың барлығы бірдей адал бола бермейтіндігі белгілі. Қандай қылмыскер болмасын: «Мен солай істеп едім», – деп істегенін бірден мойнына ала бермейді. Қайта нақты айғақпен тыбыр еткізбей мойнына қойып отырғанның өзінде бұлтарып кеткісі келіп тұрады. Кейде «айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылатын» уақыт та болады. Ондай кезде қалай өкінбессің?! Сондықтан да, милиция қызметкерінің қылмыскер қанша айлалы болғанымен одан айланының асып түсіп жатуы керек...

– Кейінгі жылдары болған оқиғалардың бірін есіңізге түсіріп көріңізші.

– Жарайды, – деп келісті ол біраз ойланған соң.

\*\*\*

Ол кезде аудандық ішкі істер бөлімінде істеп жүргенмін.

Танертенгі шайымды ішіп болып, енді шығайын деп жатыр едім, телефон шырылдады. Кезекші инспектор екен:

– Тезірек келіңіз, сізді іздеп жатыр, – деді.

– Міне, шығып келемін.

Онсыз да жұмысқа келуге жиналғанмын. Кездескен таксидің бірімен жылдам-ақ жеттім. Келсем, мені бір кісі күтіп отыр. Киім киісіне қарағанда базарға жеміс әкеліп сатып жүргендерге ұқсайды. Шынында да солай екен.

– Мына кісі Шымкент облысынан базарға қарбыз әкеліп сатып жүр екен. Рэкеттерге тап болыпты. Солар күнде қорқытып, ақша талап ететін көрінеді. Кеше бір адамын кепілге алып кетіпті. Ақшаны алуға бүгін келетін көрінеді, – деп баяндап берді кезекші лейтенант.

Келген адамның аты-жөні Ақан Айтуаров екен. Кабинетке ертіп әкелдім де, бөлім қызметкерлерін шақырып алып, қылмыскерлерді қолға түсірудің оперативтік тобын құрдым. Солардың алдында Айтуаров рэкетирлерге ақшаны қай жерде, қалай бермек болғанын түсіндірді.

– Біз мына жерде, Москва көшесіндегі № 16 үйдің ауласындағы уақытша баспанада тұрып жатырмыз. Бұлар тура сағат бірде Бекмұратты таксимен алып келуге тиіс. Мен сол кезде олардың қолына екі мың сом ақша ұстатуым керек, – деді көзі жыпылықтап.

Өзі әбден қорыққан екен.

– Бекмұрат деген кім?

– Бекмұрат па? Ол – Қуанышқалиев. Осында менімен бірге қарбыз сатуға келген жігіт. Екеуіміз бірге тұрамыз.

Бұдан арғы жағын тәрекілеп сұрап жатуға уақыт жоқ. Оны қылмыскерлерді қолға түсірген соң сұрап білуге болады. Қылмыскерлерді де ұстармыз. Бірақ ақшаға қатысты қылмыстың қайсысына болмасын нақты, бұлтартпас айғақ керек. Сондықтан, Айтуаровтың қолына нөмірі түгел жазылып алынған он сомдықтан бір бума ақша ұстаттық.

– Мына мың сом ақшаны рэкеттерге бересіз, – деп түсін-

дiрдiк те, тұрған үйлерiнiң орналасу жоспарын қағазға сызып алдық.

Қылмыскерлердi ұстауға Қалиев пен Сиваковты алып, үшеумiз аттандық. Мен он алтыншы үйдiң iшiнде күтпекпiн. Ал Руслан Қалиев қарсыдағы он бесiншi үйдiң терезесiнен қарап отыратын болды. Саша Сиваков болса, бiр танысымыздың «Москвич» машинасының iшiнде отырады. Қылмыскерлер ақшаны алып, кетiп бара жатқанда ұстамақпыз. Сонымен, қылмыскерлердi ұстадық қой...

– Ұстасаңыздар, өкiнiшi қайсы?

– Өзiм де соны айтайын деп отырмын ғой.

Ол қара мұртын екi жағына қарай кербез мәнермен екi сипап алды да, аңғiмесiн әрi қарай жалғастырды.

\*\*\*

Рахметолла мен Бекмұрат қонақ үйдiң бiр бөлмесiн алып, теледидар көрiп отырған. Бiр кезде есiк қағылды. Бекмұрат орнынан атып тұрып барды да, есiктi ашты. Қарсы алдында екi жiгiт тұр екен. Бiрi осы жуырда өздерi базарда танысқан Жұмажан, екiншiсiнiң түрi таныс, бiр жерде көрген сияқты. Екеуi де табалдырықтан именбей аттады. «Ерден» деп танысқан екiншi жiгiт өзiн тiптi еркiн сезiнуде. Сыртынан киген жеңiл күртенi шешiп, орындықтың арқалығына бүктеулi бетi аса салды да, стол үстiнде жатқан «Астаналық» сигаретiнiң бiр талын алып, аузына қыстырды.

– Сiрiңке әкел, – дедi Рахметоллаға.

Ол темекi шекпейтiн, сондықтан, Бекмұратқа қарап, ақырын ғана:

– Оттығынды бершi, – дедi.

Темекiсiн тұтатып, бiр-екi рет құшырлана сорған соң екеуiне тесiле кезек-кезек қарады.

– Арақтарың жоқ па?

Олар «жоқ» деп айта алмады. Әлгiнде қонақ үйiнiң ресторанынан тамақтанып қайтқанда даяшыға 25 сом берiп, бiр

жарты коньякты қолтығына қыстыра шыққан. Бөлмеге келген соң жүз грамнан ауыз тиіп, қалғанын Бекмұраттың төсегінің жанындағы қобдишаға қоя салған еді. Ежелден қонақ сыйлап үйренген, қонақты құдайындай көретін қазақтың қанына сіңген әдетімен басталған әлгі коньякты Бекмұрат мойнынан қылқита ұстап алып шықты. «Мал жиғанның жазығы жоқ» дегендей, Бекмұрат коньякты төртеуіне бірдей етіп бөліп құйған еді. Шөлмегін қойып ұлгерген жоқ, Ерден стаканды басына бірақ көтерді. Ортадағы туралған наннан ауыз да тимеді, темекісін бұрқыратып отыра берді.

Бөлме тұрғындары мыналар коньякты ішкен соң қайтатын шығар деп ойлаған. Бірақ олар асықпады. Темекісін шегіп болған соң тағы бірін тұтатып, ауыздарына қыстырды. Аядай бөлме іші көк түтін болды. Түтін көзін ашытып, тамағын қырнаған соң Рахметолла түрегеліп барып, терезенің желдеткіш көзін ашты. Сырттан сары күздің салқын самалы ішке қарай лап берді. Кішкенедең соң денелерін күздің ызғары тоңазыта бастаған соң, бөлме иелері иықтарына күртелерін жамылды.

– Қарбыздарынды сатып болдыңдар ма?

– Жоқ, – деді екеуі бірдей жарысып.

– Ендеше, мені тыңдандар. Сендер Амандықты білесіңдер ғой?

– Қай Амандық?

– Әлгі сендермен мына жақтағы ауданға барып, қарбыз сатыққан жігіт.

– Иә, оны білеміз, Оған не болды? – деді Рахметолла көзі жапаң-жапаң етіп. «Бұл жерде оның қандай қатысы бар?» деген оймен.

– Оған не болған? – деп Бекмұрат та елең ете қалды.

– Ештеңе де болған жоқ. Аман-сау жүрін жатыр. Тек еендер оның алашағын бермеген екенсіңдер. Соны сұрап жатыр.

– Қайдағы алашақ?

– Оған берешек емеспіз... – деді екеуі бірінен соң бірі.

– Ақшасын алып па еді?

– Алған.

– Қанша бердіңдер?

– Екеуміз мың сомнан екі мың сом бердік.

– Ол аз. Екеуің тағы да бір мың сомнан бересіңдер. Оны ертең кешке келіп алып кетемін. Ешқандай шу шығарушы болмаңдар. Егер шу шығатын болса, келесі жолы бұл қаланың маңынан жүрмейсіңдер, – деп ерден столды жұдырығымен қойып-қойып қалды да, орнынан ептеп тұрып, жан-жағына маңғаздана қараған беті есіктен шығып кетті. Жұмажан болса, ештеңе деместен оның соңынан ілесті.

Не істерін білмей ана екеуі қала берді. Өмір бойы жер еміп, бақша салғаннан, оның өнімін сатып, ақшалағаннан басқаны білмейтін бұлар бұзақыларға қарсы қандай шара қолдансын?

Олар болса сабап кетуден, тіпті, қастық жасаудан тайынбайды. Шарасыз екі жігіт іштей мүжіліп, үн-түнсіз төсектеріне қисайды.

Ертеңіне күні бойы екеуі екі жерде сауда жасап, оралған соң кешкілік астарын ішті де, тым-тырыс жатып қалды. Келуге уәде беріп кеткен жігіттер келмеді. Оның есесіне олар ертеңіне күндіз сауда жасап тұрған жеріне келді.

Бекмұрат транспорт агенттігінен машина жалдап алып, Кеңес даңғылының бойында қарбызын жүк машинасының үстінен сатып тұрған. Жүргізуші кабинада ұйықтап жатқан болатын.

Такси жалдап келген Ерден:

– Қане, мұнда мін! – деп бұйрық берді.

– Мына заттарымды не істеймін?

– Оны анау жүргізушіге тапсыра тұр. Қазір қайтып келеміз.

Бекмұрат амалсыздан көнді. Машинадан түсіп келіп, таксиге отырды. Таксидің ішінде жүргізушіден басқа тағы екі жігіт бар екен.

– Қайда барамыз? – деп сұрады Бекмұрат жайғасқан соң, Ерденге қарап.

Ол жауап бермеді.

– Рахметолла қайда? – деп өзіне қарсы сұрақ қойды.

– Ескі Тихоновкада. Оның керегі не?

– Сонда тарттық.

Бұйрықты ести сала таксист жігіт машинасын күйында-тып ала жөнелді. Бекмұраттың «мен онда бармаймын» деп аузын ашуға да мұршасы келген жоқ.

Таксист бірден Ескі Тихоновкаға тартқан жоқ, бұрылып кетті. Бір кезде. Ескі қаладағы мыжырайған жер үйлердің арасына келіп кірді.

– Шешендердің сауда орнына келдік, – деді Ерден Бекмұратқа. – Ақшаң бар ма? Арақ аламыз.

Бекмұрат тағы да «жоқ» деп айта алмады. Ірі ақшаларын ауыстырып, басқа қалтасына салып үлгермеген болатын. Жан қалтасынан қолына іліккен бір уыс сары ала, қызыл ала ақша алып шықты. Қалтасының түбінде біразын қалдырды. Бұл өзінше шамалап алғандағысы еді. Ерден одан он сомдықтан алтауын санап алды да, таксистің қолына ұстатып, қалғанын өзінің қалтасына салып алды. Анау жүгіріп барып, төрт шөл-мек арақ алып келді. «Волга» қайтадан жолға түсті.

Рахметолланы тауып алу қиынға соққан жоқ. Ол автостан-цияның жанында сатып тұр екен. Бұларды көргенде көзі ша-расынан шығып кете жаздады. Түк түсінбей аң-таң боп тұр. Жүзінде қорқыныш табы бар.

Ерден оған бара салып:

– Мін мына машинаға! – деп зекіді де, Бекмұратты түсіріп тастап, таксиге Рахметолланы мінгізіп алды.

Не істеп жүргені белгісіз, не мақсатпен мінгізіп алғаны да белгісіз, машина жүріп кеткенде түкке түсінбеген Бекмұрат Рахметолланың қарбызына қарауыл болып қала берді.

Олар жарты сағаттан соң оралғанда бәрі қызу еді. Енді Рахметолланы түсіріп тастап, Бекмұратты қайтадан мінгізіп алды. Бұл жолы олар қаланың ортасына қарай емес, сырты-на қарай тартты. Қала сыртына шыға берісте ағаш отырғы-

зылған. Машина сол ағаштардың ортасына қарай сұғына келіп тоқтады. Бәрі сыртқа шықты. Жігіттердің бірі ішілмей қалған бір жарты арақты қыл мойнынан қикындыра ұстаған беті машинадан түсті. Одан соң арақты қырлы стақанға толтыра құйды да, Бекмұратқа ұсынды. Ол ішуден бас тартты.

– Ішпесең – ішке-ішке тепкілейміз, – деді жігіттердің бірі бұған дүрдие қарап.

Бекмұраттан зәре кетті. Мына иесіз орман арасында тепкілеп тастап кетсе, не істемек? Қорқынышын қанша білдірмейін дегенмен болмады, стақан ұстаған қолы дірілдеп кетті. Арақты ішті. Ішкен соң у ішкендей жиіркенді.

– Ал, кеттік, – деді бұдан соң іле-шала ол аузына шайнама тығып ұлгерместен.

Екі жігіт сол жерде қалып қойды. Ерден мен Бекмұрат таксиге мінді. Олар мұны әкеліп салып, Рахметолланы қайтадан алып кетті.

Рахметолла мен Бекмұрат кешкісін қонақ үйдегі жатын орнында кездесті.

– Олар сені де орман ортасындағы алаңға апарды ма? – деп сұрады Рахметолла. – Не деді?

– Орман ортасына апарды, бірақ ештеңе деген жоқ. Тек бір стақан арақ ішкізді.

– Ақша сұраған жоқ па?

– Жоқ.

– Ал, менен сұрады. Сұрағанда да, тапанша көрсетіп, қорқытты. Еріксіз қалтамдағы ақшаның бәрін бердім.

– Қанша еді?

– Білмеймін, – деп Рахметолла біраз үнсіз отырды да, төсегіне барып қисайды. – Жеті-сегіз жүздің мұғдарында ғой деймін.

\*\*\*

Сатқаннан қалған қарбызын «Коопторгке» өткізген Рахметолла екі-үш күннен соң қайтып кетті. Бекмұрат болса

конак үйде жалғыз қалғысы келмей, базар маңында нәтерде тұрып жатқан Ақанның жанына көшті. Ақанда қарбыз сатып жүрген еді. Дегенмен, тыныш өмір ұзаққа бармады. Екі-үш күннен соң Ерден мен Жұмажан бұларға тағы кезікті. Қайдан тапқаны белгісіз, жанында орта бойлы, дембелше келген кара торы жігіт бар, үшеуі кешкілікте пәтеріне кіріп келді. Бұл жолы анау екеуінің даусы бәсең, сөйлейтін де, бұйрық беретін де ана дембелше келгені. Мұның ықпалы басым сияқты.

– Ал, жарайды, жігіттер, – деді ол бір кезде. – Жүріндер, мына жерде бір үй бар, соңда барып біраз демалын қайтайық.

– Иә, Мұрат дұрыс айтады. Жүріндер, – деп ана екеуі де жалпаңдады.

Бұлардың барғысы келмеп еді, аналар қоймады. Оның үстіне бұл жігіттерді Ақан танымайды ғой. Содан болу керек, ол жігіттердің өтінішіне бірден көніп қалып, Бекмұратты үгіттей бастады.

Сыртқа шыққанда есік алдында такси күтіп тұр екен. Барлығы мініп алған соң Жұмажанды жолшыбай арақ дүкенінің алдына арақ әкелуге түсіріп кетті.

– Ақшаң жете ме? – деп сұрады Мұхтар әмірлі үнмен.

– Аздау, – деді анау.

– Ендеше неге отырсыңдар? Беріңдер!

Мұхтар жанындағы жүргізуші жігітке одан соң артқы орындықта отырған Ерденге қарады. Олар қалталарын синалап, ұсақ ақшаларын есептеп жатқанда мына шетте отырған Ақан он сомдық қызыл ақшаның бесеуін алып шығып, Жұмажанға ұстатты.

Бұлар келген үй такси жүргізуші жігіттікі екен. Оның келіншегі балаларымен ауылға кетіпті, үйде ешкім жоқ. Кнімдерін шешініп болғанша Мұхтар магнитофонды қосып, музыка ойнатып қойды. Такси жүргізуші жігіттің аты Қайдар екен. Ол қолма-қол стол жасап, бір-екі шөлмек арақ пен бір шөлмек коньяк әкелді де, қайта кетіп қалған. Жұмажанды



әкелуге барған екен. Жұмажан болса, бір қапшық тамақ пен бірнеше шөлмек арақты мықшия көтеріп кірді. Қайдар машинасын гаражға қойып келді. Ол келгенше жігіттер қарап отырған жоқ, шай ішіп, арақтан алып отырды. Сондықтан да, үй иесі оралғанда бұлардың «қызуы» біршама көтеріліп қалған болатын. Тек Бекмұрат қана тартынып ішіп отырды. Олар таң атқанда бір-ақ тарады.

Ертеңіне Бекмұраттан Ақан:

– Сен түнде неге ішпей отырдың? – деп сұрағанда ғана:

Бұлар рэкетирлер ғой. Рахметолланың ақшасын қорқытып тартып алып жүрген осылар, – деп жауап берді.

Ақан шошып кетті:

– Не деп отырсың? Оны бұрын неге айтпадың?

– Қай жерде жүріп айтамын?

Шынында да оның айтуға мұршасы келмеген еді. Ал, айтқанмен бұлар не істей алады?

\*\*\*

Тағы да екі күн өткен болатын. Бекмұрат пен Ақан саудасын жасап жүріп жатқан. Бір күні ел орынға отыра бұлардың жатын орнына Мұхтар кіріп келді. Кішкене қызулау. Келе Ақанға соқтықты.

– Сен ана жолы, Қайдардың үйінде болғанда мені соққыға жыққансың.

Столдың үстінде жатқан сағатымды алып кетіпсіңдер. Соны қайтарыңдар! – деп дікің-дікің етеді.

– Жоқ, біз алғамыз жоқ, – дегенге болар емес.

Ақан еріксіз бүкіл киімінің қалтасын қарап шықты. Түк жоқ. Бірақ өзі іштей: «Сағатын алмағаным рас. Бірақ, кім біледі, ішіп отырғанда әлденеге дауластық емес пе? Не үшін дауластық екен ә? Сол кезде тілім де, қолым да тиген жоқ па екен?» деп ойлады.

– Жүр, сыртқа шығып сөйлесейік, – деді әлден уақытта Мұхтар.

Ақан жеңіл күртені иығына жамыла салып, сыртқа шықты. Ондағы ойы – жеңіл шықсам, тезірек босатар дегені еді. Олай болмады. Мұны есік алдында тұрған таксиге мінгізіп алды. Рульде сол баяғы Қайдар. Алдыңғы орында бұл танымайтын тағы бір жігіт отыр. Артқы орындықтың түкпірінде Ерденнің көзі жылтырайды. Үн-түнсіз, тып-тыныш. Ақанның сәлеміне жауап қатқан да жоқ.

– Ал, жүре бер! – деп бұйырды Мұхтар жүргізушіге. – Бұрынғы жерге тарт.

Машина Кеңес даңғылының бойымен Оңтүстік-Шығысқа бет алды да, бір кезде Федоровка су қоймасының жағасына келіп тоқтады.

– Түс! – деп бұйырды Мұхтар.

Сыртқа шыққан Ақан Арқаның күзгі суығын бірден сезді. Жылы машинадан шыққан жеңіл киімді денесін ызғар қалтырата бастады.

– Иә, сонымен, сағатты неге алдың? – деп қайталады Мұхтар.

– Алғаным жоқ.

– Мені ұрғаның да өтірік пе?

Ақан «өтірік» деп айқай салғысы келді де, өзін-өзі зорға тоқтатты.

– Мен ешкімді ұрғаным жоқ.

– Жоқ, сен сағатты да ұрладың, мені де ұрып кеттің, ақысын төлеуге тиіссің.

– Қандай ақы?...

– Ақшалай ақы. Тура бес мың сомды қолма-қол санап, алақаныма саласың. Әйтпесе, анау жылтырап жатқан көлді көрдің ғой, соның түбіне кетесің. Сүйегің де табылмай қалады. Түсінікті ме?

Ақан басын изеді. Мына жігіттердің бұл қысастығы түсініксіз болса да, олай деуге шамасы жоқ еді. Күзгі салқынның ызғарынан бетіне пышақ жүзіндей болып қаймақтана мұз тұрған көл дір етпестен тып-тыныш жатыр.

Көз алдына сол көлге батып бара жатқаны елестеген Ақанның денесі одан сайын қалтырай түсті. Өздері жылы күрте киіп алған жігіттер жылы машинаның ішінде сштеңе сезер емес.

Әлден уақытта машинаға отырған соң әңгімені Мұхтар тағы жалғастырды.

– Сонымен, бес мың сомды қашан бересің?

– Білмеймін.

– Неге білмейсің?

– Менде ондай ақша жоқ.

– Ақшаң қайда?

– Елге салып жібергенмін.

– Онда су түбіне кеттім дей бер. Жоқ, әуелі мен сені пышақтап өлтіремін, – деп Мұхтар бәкісін алып, Ақанның бүйіріне тіреді.

Бәкінің ұшын қанша тіреп, қанша қорқытқанымен енді өзін өлтірмейтінін Ақан жақсы түсінді. Бұлардың ойы қорқытып ақша алу, басқа түк те емес. Сондықтан, ол айлаға көшті.

– Бес мың сом бере алмаймын, жігіттер. Ол үшін қинамаңдар.

– Енді қашан бере аласың?

– Бір жарым, екі мыңдай ғана.

– Оны қашан бересің?

– Білмеймін. Ертең біреулерден сұрап көрейін.

– Бізге ақша бүгін керек.

– Онда Бекмұраттан сұрап көрейін.

Бұдан соң да Мұхтар қорқытпақ болып, кішкене бәкісімен қанша тұрткілесе де Ақан енді онша ыға қоймады. Тек бүйірін бәкінің ұшы бір-екі рет сызып кеткені болмаса, онша дақ түскен жоқ. Бұлай уақыт созып отыра бергеннен түк пайда болмасын түсінген олар машинаны кейін қарай бұрды.

Бекмұрат екі көзі төрт болып, бір кіріп, бір шығып, Ақанды күтіп жүр екен. Оның машинадан аман-есен түскенін көргенде қуанып кетті.

– Бекмұрат, сенде екі мың сомдай ақша бар ма? – деп сұрады Ақан, әдейі аналарға естірте.

Бекмұрат болса, болған жағдайды түсініп, үйдегі бар ақшаны сенімді жерге тығып үлгерген болатын. Ақанның жағдайын бірден сезді.

– Жоқ, менде ондай ақша жоқ.

– Ендеше, Боргер Антонның үйінің мекен-жайын айтшы. Ана жолы барып едің ғой.

– Е, Антон ба? Ол ескі Майқұдықта тұрады. Мен оның үйін тауып бара аламын, бірақ адресін білмеймін.

– Ендеше – машинаға мін! Сен де бізбен бірге барасың, Боргердің үйін көрсетесің, – деп бұйырды Мұхтар.

Боргер осында бір автобазада жүргізуші. Олар ертеден таныс еді. Шымкент облысына жиі барып, ол жақтан жеміс-жидек әкелуге жиі жалданады. Кейде бұлар сатуға әкелген заттарын соның сарайына да қойып жүрді. Керек болған жағдайда бір-бірінен қарызға ақша да алып тұратын. Сондықтан да, Антоннан қарызға сұрамақ. Бірақ мыналарға неге одан алып бермек болғанын Бекболат түсінбей келеді. Ақша бермек болса, өзінде де бар ғой. Ақанның ойы болса, басқада еді. Бұларға керегі ақша болғандықтан, тек қорқытады да қоя береді. Бұларды ертең милицияға хабарлау керек. Сол кезде куәлар қажет. Куәнің көп болғаны жақсы. Соны ойлаған Ақан таксидегілерді көрсетіп, Антонды куәға тарту мақсатымен әкеле жатыр еді. Оны әлі ешкім түсіне қойған жоқ.

Бекмұрат Антонның үйін бірден таба алмады. Сол көшенің бойынан екі рет өтті. Үшінші рет қайта бұрылғанда Мұхтар шыдамай кетті білем:

– Әне, анау үй ғой, – деп көрсетіп жіберді.

Ақан мен Бекмұрат бір-біріне қарасты. «Бұл қайдан біледі? Әлде, өткен жолы Рахметолла да ақшаны Антоннан алып берді ме екен?»

Биік қақпаны тарсылдатқан кезде ит үрді. Іле-шала бір әйел шықты да:

– Бұл кім? – деп сұрады.

– Бізге Антон керек еді. Танысымыз. Ол өзі біледі, – деді Бекмұрат дауыстап.

Әйел ішке кіріп кеткен соң, көп ұзамай жеңіл киімді желбегей жамылып Антонның өзі шықты. Итті үйшігіне қамап, қақпаны ашты. Антон әдетте сәлемдескен соң үйге шақыратын. Қазақ арасында көп болған. Қазақтың салт-дәстүрін көп-көрім біледі. Бірақ бұл жолы өйткен жоқ, қақпа алдында тұрған үшеуімен қол алысып амандасты да, Мұхтарға қарап сәл үнсіз тұрып қалды. Содан соң:

– Иә, жігіттер, қандай шаруамен келдіңдер? – деп жөн сұрады.

– Мына Ақанға біраз ақша керек болып тұрғаны, – деп Бекмұрат келген шаруасын айтты.

– Жок, жігіттер, ақшам жоқ. Оған ренжімендер. Бар ақшаны бүгін қызым келіп алып кетті, – деді ол қос алақанын жайып.

Бұл оның «осымен әңгіме бітті» дегенін білдіргені еді. Содан соң қақпаны жабуға ыңғайланды. Жігіттер кері қайтуға мәжбүр болды.

– Енді қайдан табасың? – деп зіркілдеді Мұхтар.

– Енді біздің пәтеріміздің иесіне барайық. Мүмкін сол бірдене тауып берер, – деді Ақан. Өзі іштей: «Иә, бере қояр. Одан артық Шығайбайды күндіз шырақ алып іздесең таппасың», – деп ойлап тұр.

Бұлардың пәтерінің жанына келгенде Бекмұрат машина ішінде қалып қойды да, үйге Ақан мен Мұхтар кірді. Олар әуелі үй иесіне «мына жігіт менің досым» деп Ақан Мұхтарды келісім бойынша таныстырды. Содан соң оның көшеде келе жатып машинасын біреудің машинасына соғып алғанын айтады. Кінәлі өзі болғандықтан, сол үшін екі мың сом керек болып тұрғанын мәлімдейді.

Есікті ашқан мосқал еркек ұйқысын аша алмай, көзін уқалап біраз тұрды. Бұлар келісім бойынша келген шаруаларын айтты.

– Жок, кешіріндер, ондай ақшам жоқ, – деп ол ештеңе бермеді.

Сонымен, сөз бітті дегендей бұл да теріс айналып, бөлмесіне кіріп кетті.

Бұлар сыртқа шыққанда арттарынан жабылған күршек даусы естілді. Есіктің алдында жатаған ғана екі бөлмелі үй тұр. Ақан мен Бекмұрат осында уақытша тұрып жатқан.

– Жүр, – деп Мұхтар сонда бастап кіріп, шамды жақты. – Ал, ақшаны қайда тыққаныңды айт!

– Қайдағы ақша!? Менде ақша жоқ, – деп Ақан без-без етеді.

Оған қараған Мұхтар жоқ, бүкіл төсек-орынды ақтарып-төңкеріп, іздей бастады. Ақыры ештеңе таппаған соң әбден ыза болып, шығып бара жатқанда есік алдындағы төсенішті теуіп қалып еді, ескі кенеп қаптың қиындысы жиырылды да қалды. Шаң бұрқ ете түсті. Шаңның арасынан сары ала қағаз ақшалар көрінді. Көктен іздегені жерден табылғандай болған Мұхтар ақшаларды жып-жылдам іліп алды. Ал Ақанның іші мұздап сала берді. Дегенмен, бұл көп ақша емес еді. Барлығы жүз он екі сом ғана болатын.

– Қалғаны қайда?

– Барлығы сол. Бүгінгі түсім ғой. Кешкісін тастай салғанмын. Ұмытып кетіппін.

Басқа ақшаға қолы жетпейтін болған соң Мұхтар машинаға келіп отырды. Бекмұрат әлі машина ішінде еді.

– Біз мынаны кепілдікке әкетеміз. Ертең сағат бірде екі мың сомды тауып, бізді осы жерде күтіп отыр. Егер ақша болмаса мынаның көзі жойылады, – деп әмір еткен Мұхтар жүргізушіге:

– Алға! – деп бұйрық берді.

Не істерін білмеген, не болғанына түсінбеген Ақан сол орында тұрып қалды. Сұр «Волга» ілезде бұрыш айналып, керінбей кетті. Аласапыран ойға түскен Ақан түнімен көз ілмей шықты.

Кішкене жүрген соң Бекмұраттың көзін байлап тастады. Оны Киров көшесінің бойындағы бір үйге алып келген еді. Үйге жете бергенде ғана көзін ашты. Мыналардан шын сексеніп қалған ол еш қарсылықсыз Мұхтардың соңынан үшінші қабатқа көтерілді. Екі бөлмелі шағын пәтер екен. Стол үсті жиналмаған. Жартысын ішкен бір шөлмек арақ тұр. Бір-екі шөлмек сыра сораяды. Табақшаларда қалыпты. Диванда біреу ұйықтап жатыр.

Бұл үйде түпкі бөлмеге кіріп-шығып жүрген бір-біріне ұқсас, апалы-сіңлілі болуы керек, екі қыз бен ана бір бұйра бас жігіт тұратын сияқты. Ерден мен күні бойы машинаның алдыңғы орнында отырған жігіт бір жаққа кетті. Бір кезде түпкі бөлмеде ұрыс шықты. Олардың не үшін ұрысқанын Бекмұрат естіген жоқ. Дегенмен, бізді жақтырмағандықтан шыққан ұрыс болар деп топшылады.

Бекмұрат:

– Кетейік, үй иесі жақтырмай жатыр ғой, – деп еді, Мұхтар:

– Онда сенің шаруаң болмасын. Сен біздің тұтқынсың. Біздің айтқанымызды тыңда да тыныш отыр, – деп тыйып тастады.

Бір кезде артынып-тартынып, арақ-шарабын арқалап, Ерден мен бағана таксиде алдыңғы орында отырған жігіт келді. Біраздан соң машинасын гаражға қойған Қайдар оралды. Барлығы жиналған соң стол басындағы отырыс жалғаса түсті. Екі қыз түпкі бөлмеге кіріп алып, шыққан жоқ. Шай-суды жігіттердің өздері қамдады.

Арақ-шарапты іше отырып жігіттер Бекмұратқа тиісуін қойған жоқ. Стол үстінде жатқан нан тураған пышақты алып, әуелі Мұхтар, одан соң басқалары мұны кезек-кезек қорқыта бастады. Бұлар келгенде осында жүрген жігіттің аты Мәрлен екен. Ол, тіпті, мұны іштен бір рет жұдырығымен түйіп өтті. Отырғандар шек-сілесі қатқанша күлкіге батты. Дегенмен,

Бекмұрат сабырлық сақтап, бұлар не істесе де көнді. Екі мың сомды тауып беруге келісті. Ол өзін Ақанның құтқаратынына сенімді болатын. Бірде Ақан: «Егер бұлар ақша талап еткенді қоймайтын, қорқытқанды жалғастыратын болса – милицияға хабар беремін», – дегені есінде. Сондықтан да, онша көп алаң болмады. Ал бұлар өзін пышақпен қанша қорқытқанымен қастық жасамайтындықтарын көзі жетті.

Ішкілік жеңіп, әбден қалжыраған топ ұйықтауға кірісті. Мәрлен түпкі бөлмеге кетті. Диванды жазып, ірге жаққа Бекмұрат, бергі жаққа Мұхтар киімдерімен құлай кетті.

Елдің бәрі ұйықтаған соң Бекмұрат ептеп тұрып, дәрет-ханаға барды. Сол кезде оның кетіп қалғысы да келді. Кілт есіктің көзінде тұрғанын көрді. Бірақ, «көрмеген жердің ой-шұңқыры көп» дегендей, өзінің қай жерде тұрғанын білмегендіктен тәуекелге бара алмады. Біреулерден қашып жүріп, тағы біреулерге тап болармын деп қорықты. Одан да «үйренген жау атыспаққа жақсы», не де болса басқа салғанын көрмекке бекінді.

Танертен бәрі ұйықтап жатқанда екі қыз шайын ішіп, кетіп қалды. Бір-екі сағат өткен соң жігіттер де оянды. Осының барлығын Бекмұрат көріп жатты.

Жігіттер шайға отырғанда Ерден мен Жұмажан сыра тауып әкелді. Түнімен ішкен жігіттердің бастары сырқырап отырған еді. Сыра ішіп, жағдайларын түзетінкіреп алды. Содан соң Қайдар түске қарай такси іздеп кеткен. Ол бірталай кешікті. Оның мәні бар еді. Бригадасында бірге істейтін бір жігітке кездескен Қайдар оның машинасымен Ақан мен Бекмұрат тұратын үйдің алдынан екі рет өтті де:

– Жарайды, бір кісі осы жерде күтемін деп еді, келмеді ғой. Кеттік, – деп жігіттер отырған үйге таксиді алып келген.

\*\*\*

Ақан екеуіміз сөйлесіп отырмыз. Ол өзі туралы талай қызық әңгімелер айтты. Егер Ақан болмағанда бұлардың ақша-

сынан түк қалдырмай тонайды екен. Ақан бұрын сотталып, екі жылдан астам отырып келіпті. Не үшін отырғанын айтқан жоқ, сөз сөлесі, іс-қимылы ширақ, еті тірі жігіт екенін аңғартады. Рэкетирлерді онда апарып, мұнда апарып, өзіне куәлар жинап жүруі оның заңнан хабары бар екендігін көрсетеді.

Екеуміз сөйлесіп отырған кезде терезенің алдынан бір такси «Волга» өтті. Ақан терезеге ұмтылып қарағанымен көре алмай қалды. Машина алыстап кетті. Көп ұзамай әлгі такси тағы өтіп бара жатыр екен. Ақан:

– Машина олардікі емес, бірақ анау жүргізушінің жанында отырған солардың біреуі сияқты, – деген болжам айтты.

Сағатыма қарасам – бірге әлі жарты сағат бар екен. Рация арқылы қарсы үйде отырған Руслан Қалиевпен сөйлестім де, әлгі такси солардікі болуы мүмкін екенін хабарладым. Ал, Саша Сиваков әлі келмеген болатын. Оның сағат бірге тура бес минут қалғанда ғана жақындауы керек. Онда да алыстан бақылайды.

Мұхтар бастаған топ сағат екіге таяғанда ғана келді. Есіктің алдына сәл тоқтады да, біреуді түсіре салып, жүріп кетті. Іште күтіп тұрмын. Менің ойымша, жалғыз менің ғана емес, барлығымыздың ойымызша, үйге Мұхтардың бір адамы кіруге тиіс. Бекмұратты қашан қолына ақша тигенше ұстап отырады деп топшылағанбыз. Үйге бойы ортадан жоғары, толықша келген қара торы жігіт кіріп келді. Ақан атып тұрып, оның хал-жағдайын сұрап жатыр. Бұл келген Бекмұрат екен. Мен жасырынған орнымнан шыға келгенде оның екі көзі тас төбесіне шықты.

– Әлгілер қайда? – дедім мен шыдамсызданып.

– Олар бір айналып келеді. Ақшаны дайындап қойсын деп мені әдейі жіберді.

Мен жалма-жан рацияны қостым, бірақ жауап болған жоқ. Бірдене болғанын сезіп, сыртқа жүгіре шықсам – Руслан мен Саша таксиді ұстап алған, үйге қарай әкеле жатыр.

Кейіннен білсек Руслан аналар кетіп бара жатыр, енді



қолға түспей кетеді деп ойлап, үйден жүгіре шығады да, сашаның машинасына отырып, таксиді қуып жетіп тоқтатады да, бәрін ұстап алады.

Сөйтіп ақша берілмей қалды. Тек Ақан ғана төсеніштің астынан табылған ақшаның ішіндегі бір он сомдықта «88» деген сиямен жазылған жазу бар екенін есіне түсірді. Тінту кезінде сол ақша Қайдардың қалтасынан шықты. Басқа заттай айғақ жоқ.

Қылмыскерлер өз істегенін мойнына алмады.


Тергеу біткен соң сот болды. Сотта көпшілік куәлар өзінің тергеуде айтқан алғашқы сөзінен тайқып шыға келді. Көргенді «көрмедім» деді. «Басында неге олай айттың?» деген сұраққа: «Тергеуші солай деп айт деген болатын» деп жауап берді. Ақыры, төсеніш астындағы жүз он екі сом ақшаны алғанын мойындаған Мұхтарға ғана бір жылға «қара жұмыс» берілді. Басқасы қылмыс құрамының жоқтығынан босатылды.

Міне, қылмыскердің қылмыс істегенін біліп тұрып, оның әрекетін мойнына қойып бере алмау өкінішті ме, жоқ па?

– Әрине, өкінішті.

– Солай...

**1990 жыл.**



## ПАРА

(Болған оқиға ізімен)

Облыстық ішкі істер басқармасындағы қылмысты істерді іздестіру бөлімінде нашақорлықпен күрес бөлімшесінің бастығы, милицияның подполковнигі Леонид Петрович Романенко (кейіпкерлердің аты-жөні өзгертіліп алынды) кабинетіне кіргені сол еді, телефон шыр ете қалды. «Менің кіруімді аңдып тұрған ба?» деген оймен құлағын көтерді.

– Иә, тыңдап тұрмын.

Ар жақтағы дауыс амандаса бастады. Таныс дауыс, бірақ кімдікі екендігін Леонид Романенко бірден дөп баса алмады.

– Бұл кім екен?

– Мен ғой, Қайратпын... Ниізбековпін... Әлгі Жамбыл облысындағы...

– Иә, иә... Қалың қалай, Қайрат? Не жаңалық бар?

Осыдан жиырма шақты күн бұрынғы сол облысқа барған іссапары ойына оралды. Қайратпен сонда жүргенде танысқан. Мұның құлағы елен ете қалды. «Мүмкін, біз іздеп барған Вайстан бір хабар бар ыңғар?».

– Ештеңе жаңалық жоқ. Өзіңізбен жолығатын бір шаруа болып тұрғаны.

«Шынында да бір хабар әкелген болды», – деп үміттенді Романенко.

– Жолықсаң, кел. Мен өзімде боламын.

– Леонид Петрович, одан дасіз келсеңіз қайтеді? Мен «Қазақстан» қонақ үйіне орналастым, – деп өзінің бөлмесінің нөмірін атады.

– Қолым тисе, көрермін, – деді бұл екіұшты.

Бұл туралы Романенко өзінің тікелей бастығы қылмысты іздестіру бөлімінің бастығы Ғалым Тайыровка барып жолықты да, Қайратпен болған әңгімені айтып берген.

– Сен оған жалғыз барма, – деп кеңес берді бастығы. Жаныңда біреу болғаны дұрыс.

– Одан да екі оперативтік қызметкерді жіберіп, неге қажет болғанымды білсем қалай болар екен?

– Мұның тіпті дұрыс.

Сонымен, екі қызметкер Қайраттың бөлмесіне келген. Оларға арақ-шарап ұсынғанмен, жігіттер бас тартқан.

– Леонид Петровичтің өзі неге келмеген, – деп қайта-қайта сұрай беріпті.

– Леонид Петровичтің бір тығыз жұмысы болып келе алмай қалды. Бізді әдейі жіберді. Машинаға бензин керек пе, әлде бір көмек қажет пе, соны білуді, көмектесуімізді тапсырды.

– Жоқ, бензиніміз жеткілікті, ештеңенің қажеті жоқ.

Ертеңіне Қайрат тағы телефон соқты.

– Мен өзіңізбен жолығайын деп едім, Леонид Петрович.

– Онда кел.

Жарты сағаттың мұғдарында Қайрат Романенконың кабинетінде отырды.

– Иә, сөйле, Қайрат. Ел жұртың аман ғой?

– Аманшылық. Өзіңіз көрген жігіттердің барлығы сәлем айтып жатыр.

– Рахмет.

Бұдан соң Қайрат ештеңе деместен отырып қалды. Қаншама баукеспемен, қанды қол қарақшымен бетпе-бет келіп, олардан жауап алып, көңіліндегіні тоқуға дағдыланған Романенко оның тына қалуына бірден назар аударды. Ол бүге-жектеп, бір нәрсе айтуға оқталып, бірақ бата алмай отырған сияқты көрініп еді.

– Айта бер, Қайрат. Айта бер...

– Жоқ, ештеңе айтайын деп отырғаным жоқ. Тек бізге барып біраз отырып қайтсаңыз дегенім ғой, – деп Қайрат тағы да бүгежектеп, қара мұртын сипай берді.

– Рахмет, оның реті келе қоймас. Айтпақшы, Вайстан не хабар бар?

– Жоқ, ештеңе хабар жоқ. Ол содан кейін қайтып көрінген жоқ.

– Қарағандыға жай келіп пе едің?

– Жай. Осында қарындасым сырттай оқиды. Соған бір анықтама қағаз керек болып, соған келдім.

Бұдан кейін Романенко одан ештеңе сұраған жоқ. Қайраттың өзі де ештеңе айтпады. Тек шығып бара жатын, ертең тағы бір келіп кететіндігін ескертті.

\*\*\*

Леонид Петровичтің кабинетіне осы бөлімшеде оперативтік қызметкер болып істейтін Жарқын Сауытбаев жүгіре кірді. Қашан болса да бір істі бастаса, соны аяқтағанша осылай танаулап жүретін әдеті.

– Леонид Петрович, жаңа бір хабар алдым. Осында біраз иашалық заттар әкелініпті. Қайда түсірілгенін де анықтадым, – деп асығып-аптығып баяндай бастады.

– Дұрыс болған екен, Жарқын. Отыра тұр, – деп Романенко қызметкерін жайландырды да, телефон шалып, тағы екі қызметкерді шақыртып алды. Оларға Жарқыниың шаруасын түсіндірді де, қолға түсірудің оперативтік жоспарын жасауға кірісті.

Сол күні кешкілік оперативтік жоспарға сәйкес кимылдаған жігіттер үш адамды қолға түсірді. Ол былай болды. Аталған мекен-жайға қараңғы түсе жетті. Күндіз бұл жерді Жарқын бір-екі рет шолын өткен. Оиың өзінде терезесі қоңыр шынылы «Жиғулимен» ақырын ғана бақылап қараған. Тоқтаған жоқ. Биыл қар қалың түсті. Жолдың екі жанына биік аққала үйіп тастапты. Шарбақтан кіретін еееікті жақсылап тазалаған екен. Шатыры бар інағын ғана үй.

Кешкілік күн ызғарланып, аяз қатая түсті. Көп тұра берсе, біреу-міреудің көзіне шалынып, күдік тудыруы мүмкін. Сондықтан, дереу іске кірісу қажет. Ең бір жақсысы – аула жаққа шығатын есік жоқ екен. Сыртта ит те көрінбейді. Мұндайлардың абалатып ит ұстамайтын әдеті.

Сағат түнгі он бірден аса бере олар тапаншаларын сайлап

алды да, үйге таяп келіп, машинадан түсті. Осы төрт сағатқа жуық уақыт ішінде бұл үйге ішкім кірін-шыққан жоқ. Егер біреулер кіріп-шыққан болса, ұстамақ ойларында болатын. Ол ойлары жүзеге аснады.

Үйдің есігін қақанда ар жақтан іле-шала:

– Бұл кім? – деген дауыс естілді.

– Өзіміз ғой.

– Өзімізін кім?

– Ашең – көресің.

Бұдап әрі сыртылдап ашылған күршектің, жылжытпа темірдің даусы естілді. Ар жақтағы адам сырттағы бейтаныс жандарды көргенде бір сәт абдырап қапқандай болды да, кейін шегінді. Сыртқы шынылы дәліздің шамы жанып тұр еді. Келгендер есік ашқан адамның түрін анық байқады. Ол осы үйдің иесі, татар жігіт Рамиль Сагидуллин еді. Бұл үйге Жарқын көйтен бері көз тігіп жүрген болатын.

– Үйде кім бар?

Бірінші болын Романенко тіл қатты.

– Ешкім жоқ... – деп қалды да, іле-шала: – Қонақтар бар еді.

– Қайдан келген қонақтар?

– Алыстан. Алматы жақтан.

Дәліздегі сөйлескен дауыеты естіген болуы керек, есіктен біреу сығалады. Осы сәтте Жарқын тапаишасын ыңғайлап ұстаған беті ішке кірін кетті. Ауыз бөлмеде әлгіден басқа ешкім жоқ екен.

– Қолыңды көтер!

Анау екі көзі бақырайған беті қолын жоғары көтере берді. Оның ту сыртына шыққай Жарқын нұқау бойынша ұстаған адамын қабырғаға екі қолын тіретті де, екі аяғын талтайтып қойып қалтасын, белін, шалбарының балағын түгел сипап қарап шықты. Ешқандай қару жоқ екен. Ол Жамбыл облысынан келген Шамиль Шамшидинов деген болын шықты.

Бұл кезде Сагидуллинді тінтіп өткен Ғалым меи Леонид

төргі жаққа өтіп кетіп, бір бөлмеде ұйықтап жатқан Николай Сергеев пен Константин Нимді, түпкі бөлмеден Сағидуллиннің әйелі Сараны орнынан тұрғызды. Бәрі де не болғанын жөнді түсінбей аң-таң болып тұр.

Сыртта қалған оперативтік қызметкерге белгі берді. Ол рація арқылы аудандық ішкі істер бөлімімен хабарласты. Ондағылар осы хабарды күтіп отыр еді, дереу қосымша куәгер ретінде тартылатын екі жасақшыны ертіп жетіп келді.

Оперативтік топ тінтуге кірісті. Ауыз сенекте тұрған эмаль тегене бірден көзге түсті. Леонид Петрович сұқ саусағымен ішін бір сипап өтіп еді, қолына өзіндік ерекше иісі бар қоңырқай шаң жұғыны ілікті. Енді олардың нашалық заттар табылатындығына еш күмән қалған жоқ.

Әуелі үш жігіт жатқан бөлме тексерілді. Бұл бөлмедегі киімдердің қалтасынан бума-бума ақша шыға бастады. Бір қара кеудешенің жан қалтасынан полиэтиленге оралған қара-қошқыл зат табылды.

– Мына кеудеше кімдікі?

– Менікі, – деді Сергеев.

Бір кезде ауыз сенекке шығып кеткен Жарқын бәрін сонда шақырды:

– Мына жерде бір саңылау білінеді, сірә жертөле болса керек.

Шынында да ол жертөле болып шықты. Қол шаммен астына жарық түсіргенде полиэтилен қапшықтар анық көрінді.

Сөйтіп, Сағидуллиннің үйінен бірнеше қап шөп-шалам, 70 мың сомнан астам ақша алынды. Константин Ним жүргізуші екен, ол машинасын ақылы тұраққа апарып қойыпты. Оның машинасын тексерген кезде де өзіне тән арнайы иісі бар ұсақ заттар қалдығы табылды. Солардың барлығы ертеңіне сарапқа жіберілген болатын. Көп ұзамай одан хабар келді. Алынған заттардың бәрі наша болып шықты. Оның 15-20 kilosы гашиш, 40 kilosы марихуана, 1 грамы апиын, 200 грамға жуығы көкнәр сабаны екен. Нимнің машинасынан табылған ұсақ заттардың да наша қалдығы екені анықталды.

Шу бойының зығыры мен көкнәрі нашалық заттар ретінде дүние жүзінің көптеген елдеріне мәлім. Осы өңірдің нашасын дайындау мен сатуға тыйым салу үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне бір бап болып енгізілуі тегін емес.

Шамиль мен Николай осы Шу өңірінде туып өсті. Сондықтан да, олар нашаның не екенін жас кездерінен-ақ білетін еді. Оларды осы нашакорлық табыстырды деуге де болады. Үйден безіп кетіп, темекіге наша қоса орап тартып, әбден үйреніп алған олар ақырында қылмыс жасауға дейін барды. Ұрлық жасағаны үшін қолға түскен Шамиль сотталып, Қарағанды маңындағы зоналардың бірінен бірақ шығып еді. Бір жылға жуық уақыт өткенде осында Николайға кезіккенде ол таңданған жоқ. Өйткені, ерте ме, кеш пе, әйтеуір оның да осы жайға тап болатындығына кәміл сеніп еді. Босап шыққан соң олардың достығы бұрынғыдан да берік бола түсті. Түрмеде үйренгендерін енді олар іскерлікке пайдалана бастады.

– Мен бірталай шөп жинадым, – деді бір күні Шамиль. – Соны қалай өткізсек екен?

Бұл сұраққа Николай ойланып қалды.

– Менде де бар. Бәрін сыртқа шығарып сатайық, – деген пікір қосты.

Содан бастап олар қолға түскен «шөпті» жинастыра берді. Бір күні қараса шынында бірталай болып қалыпты. Енді жатпай-тұрмай көлік іздестірді. Оны бұлар бұрыннан танитын Антон Вайс тауып, Константин Ниммен жолықтырған еді. Олар сайланып, сәрсенбінің сәтті күні жолға шыққан болатын. Бірақ, соған қарамастан істің аяғы сәтсіз болды.

Жарқын кабинетінде жауап алып отыр.

– Қане, мына нашалық заттар сенің үйіңе қалай келді, соны айтшы, – деп Сағидуллинге сұрақ қойды.

– Оны бізге бір машина түсіріп кетті.

– Қандай машина?

– КамАЗ. Сыртқа шықсам – есіктің алдындағы қарға малтығып қалыпты. Жүре алмай тұр екен. Мені көрген олар маған қарай жүрді. Оған күрек керек болған шығар деп ойлап едім. Ол маған:

– «Мына бір заттарды сіздің үйге қоя тұрайықшы» деді. «Қандай заттар?» деп сұрадым. «Қорықпа, жарылатын ештеңе жоқ». Одан соң менімен сөйлескен де жоқ. Екеуі құшақтап әкеп тастай салды да: «Біраздан соң қайтып келіп аламыз» деп кетіп қалды.

– Жаңа «Машина қарға кептеліп қалыпты» дегенің қайда? Одан қалай тез шыға қойды?

– Бір машина сүйретіп шығарған болатын.

– Содан кейін не болды?

– Одан соң ештеңе болған жоқ. Әлгі машина келмеді. Бір кезде үйге Шамиль мен Николай келді. Олар Жамбыл облысынан келе жатыр екен. Ауыз сенекке кіргізіп қойған қаптарды көрді де: «Мыналарды тығу керек. Бұлар нашалық заттар» дегені. Өйткені, олар сол жақта өсетін шөптерді жақсы біледі. Өзім де сондай шөп шығар деп ойлап тұрғам.

– Әлгі машина қайда кетті?

– Білмеймін. Содан қайтып оралған жоқ.

Бұл кезде екінші бір кабинетте Леонид Петрович Романенко ұсталғандардың біреуін тергеп жатқан.

– Аты-жөнің кім?

– Шамиль Шамшидинов.

– Ұлтың кім?

– Өзбек.

– Қай жерденсің?

– Жамбыл облысы, Шу ауданынан.

– Не жұмыс істейсің?

– Жеке шаруашылықпен айналысамын.



- Отбасында кімдер бар?
- Жалғыз шешем бар. Басқа ешкімім жоқ.
- Бұл жаққа қашан келдіңдер?
- Үш күн болды.
- Не үшін келдің?
- Николай тіс салдырмақ болды. Мен соған жай еріп келдім. Оны-мұны киім сатып алмақпын.
- «Николай» дегенің кім?
- Сергеев.
- Ол не істейді?
- Денсаулығына байланысты ешқайда жұмыс іетемейді.
- Сағидуллиннің үйінің подвалынан шыққан нашалық заттар кімдікі?
- Білмеймін. Бір машинадан бір кісілер тастап кетіпті.
- Неге тастаған?
- Білмеймін. Біз Сағидуллиннің үйінде отырғанда ол қарға малтығып қалған болатын. Содан қорыққан болуы керек: «Сақтай тұрындар, біз қазір қайтып келеміз», - деді де кетіп қалды. Қарасак – жеи-жеңіл. Содан бірден біле қойдым да, Сағидуллинге тығып қоюға кеңес бердім.
- Сағидуллин не деді?
- Ештеңе деген жоқ. Тығып қоюға келісті де, подвалын ашты. Біз оны сонда түсірдік.
- Қандай машина дейсің?
- КамАЗ. Ішінде жүргізуші, жанында тағы бір кісі бар. Екеуі кезек жүргізеді екен.
- Оны қайдан білдің?
- Өйткені, біз сол машинамен келгенбіз.
- Қайдан?
- Жамбыл облысынан.
- Сонау Жамбыл облысынан бірге келгенде оларды неге білмейсіңдер?
- Қайдан білейік. Танысқан кезде біреу атын «Иванмын», екіншісі «Николаймын» деді. Солтүетік-Қазақстан облы-

сынан екен. Қырғызстаннан келе жатыр. Басқа ештеңесін білмейміз.

– Нөмерін білмейсің бе?

– Білмеймін. Сериясы Солтүстік Қазақстандікі. Ал нөмері есімде жоқ.

– Ол машиналарға қайдан міндіндер?

– Ауылда. Біздің үй селоның шет жағында. Сыртқа шықсам үйдің артында бір машина тұр екен. «Бұл неге тұр?» деген оймен жанына келсем, екі адам машинасын жөндеп жатыр. Көп ұзамай оңдап алды. Қайда бара жатқандарын сұрам: «Солтүстік-Қазақстан облысына бара жатырмыз» деді. Ойыма Николайдың Қарағандыға баруға дайындалып жүргені келе қалды да: «Қарағандыға соғасыңдар ма?» дедім. «Енді Қарағанды арқылы жүрмегенде аспанмен ұшады ғой деп педің?» деді бірі. Бізді ала кетуін өтініп едім, келісті. Содан Николайды ертіп алып, екеуміз жолға шықтық.

– Қалтасынан апиын шыққан қара кеудеше кімдікі?

– Николайдікі.

– Апиын да сонікі ме?

– Білмеймін. Өзінен сұраңыз.

Мұнан соң Сергеевтен жауап алынды. Ол да негізінен алғанда Шамшидиновтың сөзін қайталады. Нашалық заттарды қайдағы бір КамАЗ мінгендер әкеп тастаған болып шықты. Тек апиынның өзінікі екендігін мойындады.

– Кейде асқазаным ауырады. Сол кезде ішемін, – деп ем үшін қолданатындығын айтты.

– Константин Ним қайдан келді?

– Онымен кеше базарда жолықтық. Ол да бір шаруалармен келген екен.

– Оның машинасындағы нашалық заттардың үгіндісі қайдан қалған?

– Білмеймін.

Бұрын сотталған, әбден әккі болып алған қулар қармаққа іліге қоймады. Оперативтік қызметкерлер Константин Нимді

тергеген кезде ғана көп жайлар анықтала бастады. Оның машинасының техникалық құжаттары тексерілген кезде бір шикілік бар екендігі белгілі болды. Мемлекеттік нөмері сәйкес келгенімен басқа нөмерлері келмейді. Сөйтсе, бұл басқа машина болып шықты. Тек өзінің нөмерін алып мына машинаға таға салған.

– Мына машина кімдікі?

– Антон Вайстікі, – деді Ним біраз қипақтап отырған соң.

– Ол кім?

– Сонда машина жөндейтін шебер.

– Оның машинасын неге алдың?

– Жолға шығар алдында машинама бұзылып қалды. Өз машинамады соған жөндеуге тастап кеттім де, соның машинасын алдым. Онда тұрған не бар?

– Онда тұрғаны сол – біреудің машинасын мінетін болсаң – сенімхат болуы керек.

– Сенімхат алуға болушы еді, бірақ сол күні ауыл кеңес жабық тұрды да, растатып ала алмайтын болдық.

– Машинадағы нашалық заттар қалдығы қайдан келген?

– Білмеймін.

– Машинаға не артып едің?

– Мен ештеңе артқан емеспін.

Оперативтік тергеу жұмысының барысында бұл Антон Вайстың да қатысы барлығы белгілі болды. Ақыры Шамшидинов пен Сергеевті машинамен әкелгендігін Ним мойындады.

Мұнан соң оперативтік топ Жамбыл облысына бару керек, Антон Вайсты ұстау керек деген шешімге келді. Бұл туралы ұсынысты облыстық ішкі істер басқармасының бастығы да мақұлдады.

\*\*\*

Жамбыл облысындағы Н. поселкесіне Романенко, Сауытбаев, тағы бір оперативтік қызметкер үшеуі түс ауа жетті.

Жоепар бойынша поселкелік милиция бөліміне келіп, сондағы қылмысты істерді іздестіру бөлімшесімен байланысын барып, Вайсты қолға түсіруі қажет. Сол бойынша милиция бөлімінің бастығына жолыққан. Ол дереу бір жас лейтенантты шақырып алды да:

– Мына жігіт – Қайрат Ниязбеков. Осында нашақорлыққа қарсы күрес жөнінде оперативтік қызметкер. Сіздердің барлық шаруаларыңызға осы жігіт көмектеседі. Келген шаруаларыңыз туралы басқа ешкім білмеуге тиіс.

Сыртқа шыққан соң Қайрат:

– Сіздер мына машинаны гаражға тығып қойыңыздар. Бұл жерде бөтен машина бірден көзге түседі, – деп ұсыныс айтты.

Бұл ұсынысты барлығы құп алды. Басқа машинаға ауысып мінген бұлар күні бойы Вайстың үйіне бірнеше рет келіп, сыртынан бақылап кетті. Тек Романенко ғана бір рет машина жөндетуге келген кісі болып кіріп шықты. Вайс үйінде болмады. Содан ол мүлде көрінген жоқ. Екі күн андығанымен ештеңе өнбеді. Вайс жер жұтқандай жоғалды.

Бұлардың мұнда келу мақсатын тек ішкі істер бөлімінің бастығы мен Ниязбеков қана біледі. Басқа ешкімнің хабары жоқ болатын. «Құлағына бір сыбыс жетті ме екен? Ондай сыбыс қалай жетті екен?» деген ой Романенконың көкейінен бір кетпей қойды. Үшінші күні ол бөлім бастығына жолығып, егер Вайст көрінген жағдайда ұстауға немесе Қарағандыға хабарлауға өтініш айтты да, қайтып кеткен болатын.

\*\*\*

Қайрат шығып кеткен соң Романенко бастығы Ғалымға тағы барды. Оның ертең келмек болып кеткенін айтты.

– Бірдеңе айтуға оқталып жүрген еыңайы бар. Не айтпак екен? – ден сөзіи сұрақпен аяқтады.

– Не айтнағын кім білсін? – деп Ғалым да күдіктеие сөйледі. – Енді не айтса да, тыңда. Не боларын, не істеу керектігін содан соң ақылдасармыз.

Бұлар кабинетте екі адам отыратын. Оған «Қайрат келген кезде шығып кет», – деп ескертіп қойған болатын.

Ертеңіне Ниязбеков келгенде екеуі отырған. Жанындағы жігіт шамалыдан соң бір иәрсені сылтау етін, шығып кетті. Қайрат кешегідей емес, одан-бұдан әңгіме айтып, біраз отырды да, бір кезде келген мәеелесіне көшті.

– Вайсты жауаптан құтқару қажет, Леонид Петрович. Ол сіздің қолыңыздан келеді.

– Қалай құтқарамыз? – ден Романенко шошып кетті.

– Оны құтқарудың бір жолы – куә ретінде тарту керек. Егер осылай істесеңіз – біз еізге қарыздар болып қалмас едік.

– Олай істеу қиын ғой.

– Тұк те қиындығы жоқ. Бәрі сіздің қолыңыздағы нәрсе.

– Ал, жарайды. Мен оны куә ретінде қалдырдым дейін, сонда не болады?

– Онда Вайс іздеуден құтылады. Ал, ол сізге бірталай ақша берер еді.

– Қанша?

– Он мыңды бірден береді. Содан соң қалғанын тағы көре жатармыз.

– Қой, Ниязбеков. Мынау ұят шаруа болды. Одан да қайтып кеткенің дұрыс қой.

Айтылған сөз – атылған оқпен тең. Ауыздан шығып кеткен соң шегінуге болмайды. Қайрат не де болса Романенконы көндіруді ойлады.

– Келістік қой, Леонид Петрович? – деп сұрады Қайрат қулана жымып.

– Келістік, – деді Романенко амалсыздап көнген болып.

– Онда ертең түске дейін келіп, он мыңды әкеп тастаймын, – деді де Қайрат жып-жылдам шығын кетті.

– Егер пара ұсынатын болса, бас тартна, кабинетке шақыр, – деген болатын бастығы Ғалым. Қайраттың қайта-қайта келе беруінен күдіктенін.

Романенконың тез келісе қалуы да содан еді. Кабинетке

шақырған жоқ. Қайраттың өзі осында келемін деп тұрса, несіне шақырасын.

Ертеңіне Қайрат келгенше кабинетке елеусіз жерге диктофон, бейне камера қойылды.

– Сау-саламатсыз ба, Леонид Петрович? – деп Қайрат есіктен амандаса кірген.

– О, Қайрат, қал-жағдай қалай? – деп бұл да жылпылдап жатыр.

– Кешегі айтқанды әкелдім, – деді Қайрат кішкене отырған соң.

– Қанша?

– Он мың.

– Аздау ғой.

– Ол әзірше ғана. Қалғаны кейін болады.

– Әкел.

– Машинаның ішінде қалды. Бір машина табыңыз. Қала сыртына шыққан соң беремін. Мен сол жақтан жүріп кетемін. Сіз кейін қайтасыз. Әйтпесе, мұнда беру қауіпті.

– Түк те қауіпті емес, осында алып кел...

Романенко сөзін аяқтап үлгерген жоқ, кабинетке Ғалым бастаған үш адам сау етіп кіріп келді де Қайратқа:

– Орныңнан қозғалма! – деп бұйрық берді.

Барлық жоспарының күйрегенін білген Ниязбеков екі көзі бағжиып отырып қалды.

Куәгерлер шақырылды. Жасырын түсіріп жатқан бейне камера алынып, тінту процесін ашық түсіруге кірісті.

– Ақша қайда? – деп сұрады Ғалым, бойынан ештеңе таппаған соң.

– Қандай ақша? – деп қарсы сұрақ қойды таңданған кейіппен Қайрат.

– Параға бермек болған ақша

– Мен ешкімге пара бермек болғаным жоқ. Өзіміздің машина сатып аламыз деген ақшамыз бар. Ол сыртта, машинаның ішінде қалды.

– Машина қайда?

– Есік алдында тұр.

– Ақша қай жерде?

– Жүргізушінің орындығының астында, полиэтилен қалтаға салулы.

Ғалым терезеден сыртқа қарап еді, есік алдында «тоғыздық» ақ «Жигули» қарсы қарап тұр екен.

– Анау ақ машина сендердікі ме?

– Иә, біздікі.

Айтқанындай жүргізушінің орындығының астынан он мың сом ақша шықты. (Ол кезде бұл ірі сома болып табылатын). Бірақ Қайрат пара бермек болған әрекетінен бас тарта бастады. Сол кезде оған жасырын түсірілген камерадағы бейнежазбаны көрсетіп, диктофондағы дауысты естірткенде де мойындамады.


– Біздің жай сөйлесіп отырған сәтімізді түсіріп алған ғой.

– Ал мына дауыс ше?

– Ол жасанды нәрсе, менің даусым емес.

Дауысты еріксіз Рига қаласына сарапқа жіберуге тура келді. Сарап қорытындысында дауыстың Қайраттікі екендігі дәлелденді. Сөйтіп, Қайраттың қылмысын мойындамасқа лажы қалмады.

Ал Антон Вайс болса, сол беті қабарсыз кетті. Осы күнге дейін оны көрген жан жоқ.



### ТӨРТ КАПИТАН

Төтенше оқиға қылмысты істерді іздестіру басқармасын дүр елкіндірді. Хабар тиісімен басқарма бастығы, милицияның генерал-майоры Владимир Петрович Шумиленкоға кірді.

– Жолдас генерал, баяндауға рұқсат етіңіз.

– Баяндаңыз.

Қапенов тік тұрған беті баяндай бастаған еді, оған Владимир Петрович стол жанындағы орындықты нұсқады.

– Асықпай баяндаңыз.

– Оған уақыт тығыз, жолдас генерал... – деп Ғазиз болған оқиғаны қысқаша баяндап берді.

– Қолға түсіру тобын жинау керек! Өздері кім-кім еді?

– Михаил Свидерский, Геннадий Рымбасов, Олег Завьялов, Виктор Зуев және...

– Жарайды, осы төртеуі жетеді. Оларды басқармаға, кезекшілік бөлмесіне жина да, болған жағдайды хабарлап, алып келерсің. Мен сонда кеттім.

– Құп болады, жолдас генерал!

### Михаил Свидерский

Кабинетке кіргені сол еді – телефон шыр ете түсті.

– Тез кезекшілер бөлмесіне тұс! – деді ар жақтағы дауыс телефон құлағын көтерген кезде.

– Құп болады! – деді де ол телефон құлағын орнына қоя салып, төртінші қабаттан төмен қарай жүгірді. «Не үшін?» деп, «Неге? Не болды?» деп сұрай жатпады. Милицияның жұмысында төтенше оқиға жиі болады. Сондықтан да, мұн-



дай сұрақ қойып жату артық. Кезекшілер бөлмесі бірінші қабатта болса да, лифт күтіп жатпады, баспалдақпен ұмтылды. Қызметке жаңа келіп жатқан әріптестерімен сәлемдееіп жатуға да уақыты болған жоқ. «Тағы да бір оқиға болған ғой» деп қана ойлады.

Оның бұлай ойлауының жөні бар еді. Мұның алдында сәуір айында дәл осындай бір төтенше оқиға болған. Онда да барлығын кезекшілер бөлмесіне жинаған.

– Тергеу изоляторында қылмыскерлер екі адамды кепілдікке алыпты. Соларды дереу құтқару керек, – деп болған оқиғаны түсіндірген еді басқарма баетығы В.П.Шумиленко. – Бірақ ешкім зардап шекпейтін болсын.

Бес минутқа жетпей оперативтік топ жиналып-теріліп, қару-жарағын асынып, бронезилеттерін киініп, тергеу изоляторында болды. Сөйтсе, Шахтинекіден әкелінген аса қауіпті үш қылмыскер екі адамды кепілдікке ұстап алған. Оның бірі тергеуде жүрген күдікті адам екен де, екіншісі милиционер екен. Бәрі тұтқын тасу ережесін дұрыс сақтамаудан болған. Кішкеитай ғана қателікті қылмыскерлер пайдаға асыра білген. Милиционердің қаруын тартып алған.

Машина сыртқы қақпа мен ішкі қақпаның ортасында тұр. Екі темір қақпа тыбыр етіп қозғалар емес. Тұтқындар таснтын автомашинаның (автөзактын) еегіндегі терезе арқылы келіссөз жүргізілуде. Олар мылтық, машина, жол қаражатын талап етеді.

Мына хабарды естігенде Миханлдің өне бойы шымыр ете түсті. Бұрын сан рет аса қауіпті қылмыскерлерді қолға түсіру жөніндегі операцияларға қатысып жүргенімен кепіл босату деген мәселе мүлде басқа. Мұнда адам өміріпе қауіп төнін тұрған шақта кімнің де болса әрекше күйге түеері белгілі ғой. Әрі бұл операцияға Мнхаил Свидерскийдің коеылуы да тегін емес еді.

– Ең баетысы – жылдамдық. Бәрін қас қағым сәтте жүзеге асыру қажет, – деп түсіндірді операцияны басқаруды өз қолы-

на алған В.П.Шумиленко. – Мылтық атайық. Айғай-шу көн болсын, есін шығарын жіберейік. Сол еәтте есікті ашып кіріп барып, қылмыскердің қолындағы пистолетті қағып жіберу керек. Болмаса қолын қайырып үлгеру қажет. Оның соңыиан тағы бір адам кіреді...

Сонымен, келіссөз жүрін жатты. Сұраған заттарының бәрін беруге келісті. «Тез болыңдар!» - деп аеықтырды қылмыскерлер. Бір оқшантай оғы бар автомат әкелінді. Бірақ оның от алдырғыш тетігі егеліп тасталынған, атылмайтын мылтық еді. Алдын ала жасалынған жоспар бойынша автоматты қылмыскерлерге беріп жатқан кезде айғай-шу шығып, мылтық атылмақ. Есін шығарып, не істерін білмей қалатындай болуы қажет еді. Жігіттер жан-жақтан көрінбей жылжып, машинаның астына, айналасына жииялған болатыи. Әрқайсысының көңілдері күиті, жүректерінде діріл бар.

Бір кезде басқарма бастығының басшылығымен мылтық беру үшін есікті ашқай кезде (бұл белгі болатын) онерация басталын кетті. Айқай-шу шықты. Мылтық атылды. Еңбектеп келіп, тығылып жатқан Михаил ішке қарай жолбарысша атылды. Оеы кезде машинаның астында жатқан ішкі істер қызметінің майоры Александр Назаров машинаның аетынан тақтайға тіке оқ атты. Өйткені, ол қылмыскерлер тобын басқарушының дауысы дәл еол тұетан шыққанын анық білген еді. Оның атқан огы тақтайды тесіи өтіп, конвой милиционерді ұстап отырған қылмыскерге дәл тиді. Михаил болса басқа екі қылмыскердің ана оқ тигенінің қолындағы пистолетті иемденіп кетуіне жол бермеді. Тергеуде жүрген жігітке нышак тіреп тұрған қылмыскердің қолын қайырып, қарусыздандырды. Сөйтіп, бұл операция екі-үш минуттың ішінде ғана аяқталған еді.

Осы жолы мнлиция капитаны Мнханл Свидерский «Қоғамдық тәртіпті сақтағаны үшін» медалімен наградталған болатын.

## Геннадий Рымбаев

Ленин аудандық ішкі істер бөлімінде аға оперативтік өкіл болып істейтін милиция капитаны Геннадий Рымбаев күндегі әдетімен қызметке келгенде сағат әлі тоғыз болмаған еді. Қағаздарын реттеп қойды да, милиция бастығының орынбасары Ғабдол Жәшібековтің кабинетінде күнделікті өтетін танертеңгі мәжіліске кірді. Жігіттер жиналып қалған екен. Мәжілісті енді бастай бергені сол еді, столдағы телефон безілдей жонелді. Жәшібеков болса:

– Тыңдап тұрмын, жолдас полковник, қазір барады! - деп нық жауап беріп, телефон құлағын орнына қоймастан:

– Рымбаев, тез облыстық басқармаға бар! Кезекшілер бөлімінде күтіп отыр, - деп бұйырды. - Мылтығыңды ұмытпа, – деді шығып бара жатқанда.

Кезекшілер машинасы есік алдында тұр екен, Михаил мінісімен зымырай жөнелді. «Не болды екен? Неге шақырды екен?» деген сияқты сан тарау сұрақ көкейін шарлап келеді.

Геннадий Зейнетайұлы Рымбаевтің милицияда қызмет істей бастағанына он алты жыл болыпты. Ол Қарағанды педагогикалық институтын бітірген соң Совет Армиясы қатарына алынады. Одан оларған соң милицияға келіп, кіші оперативтік өкіл болып еңбек жолын бастаған. Содан бергі уақыт ішінде талай баукеспе ұры мен баскесер бұзықты бұғаулау, қоғамдық тәртіпті нығайту ісіне белсенді үлес қосып жүр.

Әлі есінде. Ол кезде Теміртау қаласында аға оперативтік өкіл болып істейтін. Жанына тәжірибеден өтуге келген ішкі істер министрлігі жоғарғы мектебінің курсанты Владимир Ворончихинді ертіп, «Ритм» ресторанына келді. Өйткені, түнгі кезде әр түрлі бұзақылар мен тентектердің ресторан маңын торуылдайтын әдеті ғой. Алдында ғана Теміртауда жәие Абай қаласында жинақ кассасын тонау оқиғасы болған. Каеса қызметкерлерінің айтуына қарағанда касса тонаған адам бетіне қара шұлық, басына теллек киіп алған ұзын бой-

лы адам, барлық сырт бейнесі, тұрпаты Харьков зауыттарының бірінде инженер болып істеген Кирсановқа келеді. Ол ұрланған ордендер мен медальдарды жарқырата тағып алып, байсалды пішінмен маңғазданып тұрғанды ұнатады. Бірнеше рет кісі тонағаны, Новороссийскіде кісі өлтіргені үшін бүкілодақтық іздеу салынған адам.

Ресторанға келсе – кісі көп. Музыка ойнап жатыр. Би әуеніне балқып, шараптың қызуына шалқыған жандар гу-гу етеді. Қалалық ішкі істер басқармасындағы қылмысты іздестіру бөлімінің бастығы Игорь Иванович Овсиенко да осында екен. Демалған адам болып, бір бұрышта елеусіз ғана кофе ішіп отыр. Бұлардың келгенін ол да байқады. Бірақ сыр берген жоқ. Геннадий мен Владимир де оған таяу столдардың біріне жайғасты. Екеуі әңгімелескен болып, жан-жағына байқап қарап қояды. Бір кезде билеп жүргендердің арасында ұзын бойлы жігітті байқап қалды. Әсем киінген, үсті-басы мұнтаздай. Мойнында галстук, омырауы толған «наградальар». Жарқ-жұрқ етеді. Бір жас келіншекпен бұрала билеп жүр. Жанындағы столдардың бірінде шыны ыдыс сылдыр ете түскенде жалт қараса – Овсиенко екен. Ешкімге байқатпай көзін қысып қойды. Бұл – белгі. Яғни, анау ұзын бойлының Кирсанов болуы мүмкін. Оны қайткен күнде ұстау керек. Геннадий қалтасынан сигаретін алып, тартпақ болды да, сіріңке іздеген адам сияқты қалталарын ақтарды. Ештеңе таппаған соң темекісін тұтатып алмақ болып, Игорь Ивановичке жақындады.

– Оттығыңызды рұқсат етіңізші.

Ол оттығын ұсынып, Геннадийдің темекісін тұтатып беріп жатып:

– Мен банкет залына кеттім. Сонда телефонға шақыртам. Сендер соңынан кіріңдер, – деді сыбырлап.

Рымбаев орнына келіп отырған соң іле-шала Овсиенко тұрып кетті. Дөңгелене тұрып алып билеп жатқандарға қосылып, шамалы билеген соң ары қарай бет алды. Бір кезде

бұлар одан көз жазып қалды. Өйткені, бұлар Кирсановты аңдып отыр еді, ол ештеңе сезбестен, бейхабар күйі рахаттана билеп жүр. Даяшы қыз келіп жолыққанда ғана құшағындағы келіншекті босатты. Даяшы қыз банкет залы жақты нұсқады. Ол солай қарай аяңдағанда екеуі оның соңынан ілесті. Банкет залына кіргенде трубкасы столда жатқан телефонды көрген Кирсанов солай қарай бұрылған еді, қарсы алдынан біреу шыға келді. Мұның тосқауыл екенін сонда ғана түсінген қылмыскер Кирсанов кейін серпілген. Бірақ кеш еді. Есіктің аузында Рымбаев пен Ворончихин тұрды. Кирсанов қойнына қолын салып, қаруын алып шыққанша Рымбаев бірақ ырғып келіп, оның қолын қайырып үлгерді. Ворончихин екінші қолына жармасты. Овсиенко болса оның төс қалтасындағы қаруды суырып алды.

Ішкі істер бөліміне келген соң Кирсановты тергеу Рымбаевқа жүктелді. Анау болса ештеңені мойнына алар емес. Әккі қылмыскердің кінәсін бұлтартпас үшін нақты айғақ керек. Ол оперативтік өкілде жеткілікті болатын. Дереу куәларды алдыртты. Олай бұлтарып, бұлай бұлтарып, ақырында Кирсанов жасаған қылмыстарын айта бастады. Бір сағат өткен кезде барлық қылмысын мойнына алды. Теміртау қаласында бірге тұрып жатқан көңілдесінің үйінің адресін атады. Ол үйге тексеру жүргізілгенде ұрланған ақша, облигациялар, бейнемагнитофон, тағы басқа көптеген бағалы заттар табылды.

## **Олег Завьялов пен Виктор Зуев**

«Кезекшілер бөлмесіне шақырады» деген хабарды ести салысымен екеуі де астыңғы қабатқа қарай жүгіре жөнелген.

Олег нен Виктор талай жылдан бері бірге қызмет істеп келеді. Лении аудандық ішкі істер бөліміндегі социалистік меншікті талан-таражға еалумен күрес бөліміне қызметке Олег 1985 жылы келсе, қылмысты істерді іздестіру бөлімі-

не Виктор 1986 жылы келген еді. Қазір облыстық ішкі істер басқармасында бірге істейді, бір кабинетте отырады. Екеуі талай қылмыстың бетін ашты. Әсіресе, олардың ұйымдасқан қылмысқа, оның ішінде рэкетке (қорқытып, бопсалап ақша талап ету) қарсы күресі жемісті. Жуырда олар осындай бір қылмыскерлерді қолға түсірді.

– Саран қаласында бір топ рэкетирлер бір базаның бастығынан ірі көлемде ақша талап етуде. Соларды ұстау керек, – деді Қапеннов басқарма оперативтік өкілдерін жинап алып.

– Біз барайық, – деді Олег пен Виктор қосарлана.

– Дұрыс, – деп келісті қылмысты іздестіру бөлімінің бастығы. Содан соң ол бұларды жеке алып қалып, болған жағдайды баяндады. Әр түрлі жолдар туралы айтып берді. Жігіттердің пікірлерін тыңдады.

Екі жігіт Саранға келген соң қалалық ішкі істер бөліміндегі оперативтік қызметкерлермен кеңесті. База директорымен жұмыс орнына барып жолықты. Әрине, оның қауіпсіздік жағы да ойластырылмай қалған жоқ.

– Кім екенін білмеймін, – деп кейіп сөйледі база директоры. – Біреулер үйге күнде телефон соғып, мазамызды алып бітті. Он бес мың сом ақша талап етеді. Мен оларға: «Ондай ақшам жоқ», – дедім. «Онда бала-шағанмен қоштаса бер! База директоры бола тұра он бес мың сом тауып бере алмасаң несіне істеп жүрсің?» деп мазақ етеді. Мен: «Не істесендер де өздерің біліңдер, бірақ мен он бес мың сом тауып бере алмаймын», – деп үзілді-кесілді бас тарттым. Енді олар: «Онда он мың сом тауып беріңдер!» деп қорқытты. Менде ондай ақшаның да жоқ екенін айттым. «Жарайды, онда бес мың сом берсең де жарайды» деп келісті. Бірақ милицияға, заң орындарына хабарламауымызды қатты талап етті. «Егер хабарлайтын болсаң – жақсылық күтпе! Үйінді өртегіміз. Бала-шағаңа қастық жасаймыз!» дегенді айтты. Күн сайын кешке телефон соғады. «Не болса да көрейін» деп милицияға айттым. Олар: «Алаң болмаңыз. Жұмысыңызды істеп жүре беріңіз. Рэке-

тирлерді білдірмей қолға түсіреміз», – деді. Бірақ білдірмей қолға түсіре алмады. Олар милицияға хабарлағанымды біліп қойды. Күнде телефон соғып, қорқытатын болды. Бір күні тереземізді сындырып кетті. Бір күні келіп үйдің айналасындағы қоршау шарбақты, қақпаны өртеп кетті. Мына түрінде үйімізді өртеп кетуі мүмкін. Балаларыма қастық ете ме деп қорқамын, – деп аяқтады сөзін директор.

Олег пен Виктор директордың үйінің телефонына магнитофон қосып қойды және тыңдайтын болды. Олар телефон соққан соң іле-шала станциямен жалғасып, олардың қай жерден сөйлескенін біледі. Олар ылғи телефон-автоматтан хабарласатындығы белгілі болды. Әр хабарласқан сайын дауыстарын магнитофон таспасына жазып алып отырды.

– Иә, тыңдап тұрмын, – деді директор телефон трубкасын құлағына тақап.

– Тыңдап тұрғаның – жақсы. Ал, ақша дайын ба?

– Дайын.

– Ендеше, ертең анау салынып жатқан құрылыстың жанында ұзын темір құбыр жатыр. Соның бас жағында шұңқыр бар. Сол жерге әкеліп кірпіштің астына жасырасың, – деп құрылыстың қай жерде екенін түсіндірді.

Олар не айтса да директор мақұлдай берді.

– Түсіндің бе?

– Түсіндім.

Ертеңіне айтылған уақытта директор келісілген ақшаны белгіленген жерге қойып келді. Құрлыс ашық алаңда болғандықтан бақылайтын орын жоқ. Алыстан бақылағанмен не шығады? Қылмыскерлер ақшаны алады да тайып тұрады. Ал олар ақша қоятын маңайдың қауіпсіздігін алдын ала қайтсе тексеріп шықты. Сондықтан да бір амалын табу керек. Олар ақшаның қойылғанын бір жерден баспалап тұрып аңдығаны сөзсіз.

Олег пен Виктор ақыры оның амалын тапты. Құрлыс маңында кран, трактор, эксковатор сияқты машиналардың

жүре беруі табиғи нәрсе ғой. Сондықтан да, олар бір эксковаторшымен келісті. Эксковатордың шөмішінің ішіне екеуі жайғасты да, құрлыстың жанына тұспа-тұс өте берген кезде тоқтатпастан секіріп түсіп, құбырлардың арасына жасырынды. Сол күні қанша күткенімен қылмыскерлер ақшаны алуға келген жоқ. (Олардың эксковатордың өтуінен күдіктенгені кейін мәлім болды).

– Енді олар ақшаны алуға келмейді. Неден үрікті екен? – деді Олег досына қарап.

– Неден шошынғанын кім білсін? Енді оларды ұстаудың басқа жолын қарастыруымыз керек. Одан басқа амал жоқ, – деп қостады оны Виктор.

Завьялов пен Зуев ішкі істер бөліміне келген соң да өз пікірлерін айтты.

– Олар тек телефон арқылы ғана хабарласады. Онда да автоматтан телефон соғады. Сондықтан, телефон-автоматтарды аңдуымыз керек.

– Оho! – деді қызметкердің бірі. – Бүкіл қаладағы телефон-автоматты аңду оңай бола қоймас.

– Оның бір жолы бар, – деді жігіттер. – Ол үшін оңтайлы жерден бір-екі автоматты ғана қалдырып, басқасын ажыратып тастау керек. Қалада онсыз да қаңырап тұрған телефон-автомат аз емес қой. Сонда олар еріксіз жұмыс істеп тұрған автомат іздейді.

Солай істелді. Олег пен Виктордың айтқанындай телефон-автоматтан директордың үйімен сөйлесіп жатқан жерінен Азаров пен Фукс дегендерді ұстап алды. Бірақ, бір қиыны – олар ақшамен қолға түспегендіктен қылмысын мойындамай қойды. Сонда да дауыс ажырататын сараптың қорытындысы қажет болды. Мұндай сарап тек екі жерде – Мәскеу мен Ригада ғана бар екен. Еріксізден дауыс жазылған таспаны Ригаға жіберіп, оның қорытындысын екі ай күтуге тура келді. Қорытынды келген соң ғана олар өз қылмысын мойындарына алды.



## Шұғыл тапсырма

Геннадий кезекшілер бөлмесіне кіргенде, Олег, Виктор, Михаил үшеуі осында еді. Олар бронезилеттерін киіп, қаруын асынып үлгеріпті. Сондай кеудешенің бірін Геннадийге де берді.

– Мә, мынаны ки, – деді Қапенев амандықтан соң іле-шала. – Долинкадағы еңбекпен түзеу колониясында екі әйелді кепілдікте ұстап отырған көрінеді. Соларды босатуға барамыз.

Рымбаев ештеңе деместен айтқанын істеді. Бұйрықтың аты – бұйрық. Оны орындау керек. Қолдарына бір-бір автомат алып, сыртқа шықты да, дайын тұрған машинаға отырып жүріп кетті. «Волга» қаланың батысына қарай зымырап келеді. Машина ішіндегілер үнсіз. Әркім өз ойымен. Орталарында тек Михаил Свицерский ғана мұндай операцияға қатысқан, тәжірибесі бар. Ал, қалғандары болса, олар да сан түрлі қылмысты ашып, қаншама қауіпті рецидивисті қолға түсірген тарландар. Бірақ олардың қайсысы болмасын кепілдікті босатып алу. Оның ішінде әйелдерді құтқару оңай іс емес екендігін қатты сезініп отыр. Жиырма минуттан соң машина колонияның қақпасы алдына тоқтағанда ғана:

– Келдік, – деп үн қатты жүргізуші.

Қапенев төрт жігітті ертіп, бір бөлмеге кірді. Мұнда облыс прокуроры В.Москвин, облыстық ішкі істер басқармасының бастығы В.Шумиленко және басқалары отыр екен. Колония бастығының орынбасары, ішкі істер қызметінің подполковнигі Е.Пахомов кіріп-шығып жүр.

Жағдайды Пахомов баяндады. Ол дәл қазіргі сәтте байланысшының ролін атқаруда екен. Қылмыскерлер таңертең бухгалтерияға кіріп кетіп, екі әйелді кепілдікке ұстапты. Қолдарында пышақтай етіп қайралған үшкір темір. Әйелдердің тамағына тіреп ұстап алған. Егер сәл қозғалса болды, үшкір темір кірш ете түсері сөзсіз.

– Бұйрық беруіне, талап қоюына қарағанда бәрін ұйымдастырын, басқарып отырған Сарайкин сияқты, – деді Евгений Николаевич. – Ол бұрын кісі өлтіргені үшін сотталған. Он жылының тек екі жылын ғана өтеді. Ал анау Кациман да ауыр қылмысы үшін ұзақ жылға сотталған болатын. Бірақ ол уақытын өтсп, шығуына бір-ақ жылдай қалды. Бұрыи олардың мұндай ерекше қылығы байқалмаған сияқты еді...

– Қылмыскердің: «Мен қылмыс жасайын деп жатырмын» деп жар салмайтыны белгілі ғой...

– Ол рас.

– Сонымен, олардың қалай орналасқанын айтып беріңіз, – деді Владимир Петрович Шумиленко. – Мына жігіттер түсінсін.

Пахомов қолына столда жатқан қаламды алды да, алдындағы ақ қағазға сыза бастады.

– Мынау – ұзын коридор. Оның екі жағында бөлмелер. Бухгалтерия мына жерде. Енді бухгалтерияның ішінде қалай орналасқанын айтайын. Осы бөлмеге ұқсас, кәдімгі төрт бұрышты бөлме. Кабинетте төрт жазу столы тұр. Терезе біреу, оның темір торы бар. Төздегі столдың сол жақтағысының арғы жағында Кациман бір әйелді ұстап отыр. Ол есікті ашқан кезде көрінеді. Ал Сарайкин мына жерде – оң жақтағы столдың жанында, есіктен көрінбейді.

– Терезеден көріне ме?

– Жоқ. Терезеден екеуі де көрінбейді.

– Әттең көрінсе, атып түсіруге болушы еді. Біз арнаулы қару мен мергенді де ала келгенбіз, – деді Шумиленко.

– Атып түсіруге болады. Адам өміріне тікелей және ашық түрде қауіп төніп тұрған жағдайда оған рұқсат етіледі, – деп түсіндірді прокурор.

– Жо-жоқ, атуға болмайды... Құдай үшін атпаңыздар, – деп шыр ете қалды Пахомов.

Отырғандардың бәрі оған тесіле қарап қалыпты. Әрқайсы-

сының көзінде «Мынау оларды неғс сонша аяп тұр?» деген таңданысты сұрау бар.

– Атпаңыздар, жолдастар... Мылтық дауысын естіп, кісі өлімін көрсе, ана екі әйелдің жүрегі жарылып кетер. Оның үстіне... біреуінің аяғы ауыр...

Онсыз да Пахомовты мұқият тыңдап отырған жандардың мынаны естігенде, тіпті, үні де шықпай қалды. Уақыт өтіп барады. Тезірек шешім қабылдамай болмайды. Сондықтан да, бірінші болып үн қатқан Владимир Петровичтің дауысы бұларды іске қайта жұмылдырды.

– Жарайды, атуға болмайды. Бұл тақырыпқа қайта оралмайық. Енді олардың өздерін тірідсі қолға түсірудің жолын қарастырайық.

Осы кезде облыстық ішкі істер басқармасының бастығы өзінің мол тәжірибелі милиция қызметкері екенін танытты. Әсіресе, оның Ауғанстан жерінде қызмет атқарғаны дәл қазіргі сәтте аса иайдасын тигізді. Сан операцияға қатысты, осы сияқты талай оқиғалардан жол тауыи шыққандығын көрсетті. Қылмыскерлерді қолға түсірудің бірнеше әдісін бірінен соң бірін айтып тастады.

– Бухгалтериядан шыққан бетте де ұстауға болады. Бірақ бұл өте қауіпті. Коридорда келе жатқанда да ұстауға болады. Мына екі жақтағы есіктерді көрдіңіздер ме? – қолдан сызылған схеманы көрсетті. – Осылардың ішінде тұру керек те, есікке жете бере бас салу керек.

Бұл әдіс бойынша жігіттер жаттығу жасап көрді. Бірақ тиімсіз болып шықты. Өйткені, коридордың екі жағындағы есіктер алыс. Атып шығып, оларға жеткенше екі-үш қадам жер. Бұл уақытта қылмыскердің қарап тұрмасы белгілі. Сондықтан, басқа әдіс іздеу керск болды.

– Далаға шығып, машинаға отыра бергенде атып тастау керек.

– Машинаға отырғызып, колонияға шыға берісте атқылау керек.

– Жол бойында ұстау керек...

Осы сияқты ұсыныс көп болды. Ғазиз Қапенов те бірнеше әдіс ұсынды. Олар да жаттығып көргенде жарамсыз болып шықты. Ең соңында Владимир Петровичтің «шыға беріс дәлізде ұстау керек» деген ұсынысы қабылданды.

– Онда былай болсын, – деді Ғазиз. – Мына жерге, кішкене дәліздегі оң жаққа қарай ашылатын есіктің қайырылысына Рымбаев тұрады. Ол – солақай. Сондықтан, оған осы жер ыңғайлы. Кішкене дәлізге шыға беріс есікке таяу тұрған мына есік – дәретхана. Бұл жерде Завьяловтың тұрғаны дұрыс. Оған мына алыстау есіктен шыға келіп, Зуев көмектеседі. Свидерский сыртта болады. Ол Рымбаевқа көмекке келеді.

Іштей ширыққан спортшы жігіт осыған ұқсас барактың біріне барып, жаттығу жасап келді. Осылай істеуге болады екен. Сөйтіп, Рымбаев пен Свидерский алғашқы шыққанына кішкене дәліздің ішінде, ал Завьялов пен Зуев есікке жете бергенде екінші қылмыскерге шабуыл жасап, тыбыр еткізбей бас салмақ болды. Кішкене қателік – үлкен өкінішке ұрындыратыны белгілі, сондықтан да, мүлт кетпеуге тырысу керек. Оның үстіне қай-қайсының ойынан аяғы ауыр әйел кетпей қойды.

– Біздің мұнда келгенімізге он жеті минут болыпты, – деді сағатына қараған жігіттердің бірі.

Ал шын мәнінде жігіттерге кемінде бір сағаттай уақыт өткен сияқты болып көрінген.

Кепілге алғандармен келіссөзге кеткен Пахомов оралды.

– Қазір машина келетінін айттым. Олар хабар тиісімен сыртқа шығады. Машина қайда? Асықтырып жатыр...

– Машина қазір келеді...

Айтқанша болған жоқ, қылмыскерлердің талап етуі бойынша кабинасында бір оқшантай оғы бар автомат (оталдырғышы егеліп тасталған) жатқан «ЗИЛ-130» жүк машинасы баракқа таяу келіп тоқтады.

Пахомов барып, машина келгенін хабарлады. Бухгалтерняның есігі қайтадан сықырлай ашылып, өздерінің кепілдерінің мойындарынан сол қолымен орай ұстап, оң қолымен үн-үшкір темірді олардың тамағына тіреген беті қылмыскерлер есікке қарай аяңдады.

Олар есікке таяғанда есіктің қайырылысында тұрған Геннадий демін ішіне тарта қойды. Қазір алғашқы жұп шыққан кезде Пахомов: «Жүріңдер, жігіттер!» деп белгі береді. Сол кезде таеада тұрған жігіттер атып-атып шығып, жабылып қалады. Бірақ олай болмады. Бірінші Пахомов шықты. Сөйтсе, қылмыскерлер оны әдейі шығарған екен. Есік қайырылысында тұрған Геннадий атып шығып, Пахомовты бас сала жаздады. Өзін-өзі зорға ұстап қалды. Ал Пахомов болса, дәлізден сыртқа шығар есікке таяғанда: «Жүріңдер, жігіттер!» деді. Сол кезде бағанадан зорға тұрған Рымбаев есіктің қайырылысынан шыға келіп, әйелдің тамағына пышақ тіреп келе жатқан Кациманды сол қолымен құлақ-шекеден ұрып жіберді де, артында екінші әйелдің тамағына нышақ тірен келе жатқан Сарайкинді ішке теуіп үлгерді. Осы сәтті күтіп тұрған Завьялов пен Зуев те шыға келіп, Сарайкинді жерге алып соғып, қолынан нышағын тартып алып жатты. Геннадий болса есі шығып тұрып қалған әйелдерді сыртқа қарай итеріп жіберіп, өзі Кацмапға ұмтылды. Бұл кезде Свндерский де кіріп келген болатын. Қас нен көздің арасында қылмыскерлер залалыздандырылды.

«Он жеті минут талқыланған операцияны екі минутқа жетней аяқтадық» деді жігіттердің бірі сағатына қарап.

Ал төрт жігіттің сағаттарына қарауға да мұршасы болған жоқ. Иықтарынан ауыр жүк түскендей болып, көкіректерін кере дем алып тұрған еді. Есі шығып, әбден қорыққан екі әйел енді ғана өзіне-өзі келіп, жылап-сықтай бастады. Оларды біреулер жұбатып жатыр. Тұтқындарды алып кетті. Облыс прокуроры мен басқарма бастығы келіп, бұлардың қолын

қысып, рахметтерін айтты. Артынша Ғазиз бастаған жігіттер қаумалап, арқаларынан қағып жатыр.


– Енді мұндай жерде өмірі жұмыс істемеспін, – деп зар жылайды әйелдердің бірі.

Шынында да ол ертеңіне есеп айырысып, жұмыстан шығып кеткенін жігіттер кейін естіді.

Маусым айындағы осы ерлігі үшін Олег Завьялов, Виктор Зуев және Геннадий Рымбаев үшеуі «Қоғамдық тәртіпті сақтағаны үшін» медалімен наградталды.

Қылмыспен күрес жолындағы қызметті олар әлі де жемісті жалғастыра түсуде.

**1990 жыл.**



## БІР ТӘУЛІКТІҢ ІШІНДЕ

Сол күні Қадырдың демалысы болатын. Кешкі асты ішуге отырғаны сол еді, телефон шыр ете түсті. Өзімен бірге Ленин аудандық ішкі істер бөлімінің қылмысты іздестіру бөлімшесінде оперативтік өкіл болып істейтін Андрей Блохин екен.

– Қадыр, тезірек кел. Бір шаруа болып қалды.

Бүгін өзінше бір дем алмақ болып отырған Қадыр:

– Жарайды, – деді. – Қажет екен, баруға тура келеді.

Бірақ ол ар жағын қазбалап: «Не жұмыс, қайдағы жұмыс» деп сұрап жатпады. Серіктес досының мінезі өзіне аян. Өзі бұдан бір жас үлкендігі бар мұнда өткен жылы Қарағанды СССР ішкі істер министрлігі жоғары мектебін бітіріп келген болатын. Қадыр асығыс киіне салып ұмтылды.

Милиция қызметкерлері үшін күнде қарбалас. Бүгін тіпті ерекше. Бүгін қала халқы Жаңа жылды қарсы алуға дайындық үстінде. Жолшыбай шырша арқалаған біреуді көріп жымып қойды. Енді қайтсін, биыл шырша табу да оңай болған жоқ. Қолына жаңа түскен ғой. Сағатына қарады. – 7-ден кетіпті. «Түнгі 12-ге дейін орнатып үлгереді ғой, – деп ойлады. – Келер жылдың не әкелері бар екен?»

Андрей күтіп тұр екен.

– Жаңа жылды үйде қарсы алмақ болған екенсің ғой, – деді күліп. – Мен саған жұмыс тауып қойдым.

– Жұмыс табылатыны белгілі ғой, – деп жауап берді Қадыр салқын ғана. – Оған тандануға болмайды. Үйде қарсы алмайтынымды өзім де сезгенмін.

Онысы рас. Милицияның жұмысы қолма-қол табылады. Оның үстіне бүгінгідей мереке күні болса.

Кезекшілер бөлмесінде екі жасөспірім отыр. Екеуінің сырт пішіні, киімі онша жұпыны болмағанымен бір ерекшелігі барын милиция қызметкерлері бірден байқаған. «Томпып тойған қозыдай моп-момақан болып отырғандарын, не бүлдірді екен?» деген ой қас қағымда басына оралды.

– Міне, екі «күс» келіп қолымызға қонды. Соларды айналдыру керек, – деді Андрей.

– Түсінікті. Олар не істепті?

– Оларды жаңа аэропорттан ұстап әкелдік. Бір жасөспірімнің үстіндегі күртесін шешіп алмақ болып жатқан жерінен қолға түскен.

Аты-жөні, туған жылы, тұратын жерін сұрап, қағазға жазып отырып көзінің астымен қарап қояды. Жас жігіттің өтірік айтып құтылып кетпек болып отырғанын сезіп отыр.

– Жарайды, тексеріп көрейік, – деді де алдындағы телефонмен адрес бюросына байланысып көріп еді, аталған адресіте мұндай адам тұрмайтындығы белгілі болды.

– Неге өтірік айтасың?

– Рас айтам... – деп күмілжіп отырып қалды анау.

Мұндайды талай көрген Қадыр тергеуге қайтадан кірісті.

– Қане, шын аты-жөніңді айт.

– Игорь Петровпын, 1970 жылы туғам. Осы Қарағандыда тұрамын, – деп енді дұрыс жауап беруге кірісті.

– Міне, бағанадан солай демейсің бе? Ал, аэропортқа не үшін бардыңдар?

– Жай, қыдырып бардық.

– Онда не істедіңдер?

– Түк істегеміз жоқ.

– Түк істемесеңдер осында неге алып келді?

– Жай, бір баланы қорқытып ойнап едік...

– Ойнағаншылын... Онда неге өтірік айтып, аты-жөніңді жасырып отырсың? Ал ана досыңның аты-жөні кім?

Не дерін білмей отырып қалды.

– Бол, тез.

– Ник... Николай Бубнов...

– Оны қашаннан бері танысың?

– Бір-екі ай болды.

– Қай жерде таныстыңдар?

– Аэропортта.



- Оңда қалай таныстыңдар?
- Вика таныстырды.
- «Вика» деген кім?
- Виктория Кан. Аэропорттағы видео салонда кассир болып істеген.
- Е, солай де.

Бағанадан сұрақты үсті-үстіне жаудырып, есін жиғызбай, ойлануға мұрша бермей отырған Қадыр ойланып қалды. Виктория Кан бұрыннан таныс. Ол күйеуі Совет Армиясы қатарында. Өзі жеңіл жүрісті келіншек. Қазір милицияда есепке алынған, кәмететке жасы толмаған бауыры Руслан және екі жастағы баласы үшеуі бір үйде тұрады. Бұлармен байланыста болған адамның қылмысты іске қатысы бар деген сөз.

Бұл кезде көрші бөлмеде Андрей Николай Бубновты тергеуге алып жатқан болатын. Ол Игорьге қарағанда әккі екен. Қыңырайып, көп нәрсеге жөнді жауап бермей отыр. Оның қылығына ызасы келгенмен өзін-өзі ұстай білетін Андрей салқынқандылықпен отырып сұрақтар беруде. Дегенмен, ол қарсы алдындағы жігітке байыппен қарап шығып: «Басындағы құлақшын өзінікі емес-ау», – деген пікірге келді. Өйткені, үстіндегі ескілеу күрте мен басындағы су жаңа ондатр құлақшын үйлесіп тұрған жоқ. Өзі ештеп үлкендеу. Егер сатып алса өзіне дәлдеп алмай ма?

Кабинетке Игорьді тергеп біткен Қадыр келіп кірді. Аласа бойлы қарапайым киінген оперативтік өкілге анау көз салған да жоқ. Түк болмағандай қыңырайып отыр.

– Иә, Коля, қалың қалай? – деген кезде ғана селк ете түсті. «Мынау мені қайдан таниды?» деген ой жүгіріп өтсе керек. Екі беті ду етіп, Қадырға қарады. Ептеп езу тартқан болды.

– Бұл бағанадан бері «атым Миша» деп отырған, – деп жымиды Андрей.

Бағанадан сіресіп отырған жас жігіт шым-шымдап шындықтың ұшығын шығара бастады.

Кабинетте оңаша қалған Қадыр мен Андрей Виктория Канның үйіне бару керек деп шешті.

– Жағдайдың қалай болғандығын барған соң көреміз. Соған сәйкес қимылдаймыз ғой, - деп келісіп келіп, есіктің қоңырауын басқанда ар жақтан көңілді шу естілді.

Жиналғандар Жаңа жылды қарсы алуға кірісіпті. Есік ашқан Руслан қарсы алдындағы екі жігітті көріп, аузын ашып тұрып қалды. Сірә, ол өз жолдастарын күтсе керек. Олардың орнына милиция қызметкерлері келіп тұр.

– Сіздер кімсіздер? – деп жыға танып тұрса да өп-өтірік білмейтін адам бола қалды.

– Иә, танымай қалған шығарсың. Біздің бөлімшеге келгенде бәрімізді жақсы білесің, үйіңе келгенде ұмытып қалады екенсің ә?

– Иә, иә, есіме енді түсті. Кіріңіздер, - деп кейін серпілді.

Шағын бір бөлмелі пәтер. Стол басында Виктория Кан және екі қыз отыр. Алдарындағы стакандарға ортан белінен қызыл шарап құйылған. Басталмаған бір-екі шөлмек және тұр. Ортада қуырылған балық табасымен қойылған, айнала туралған нан мен пияз бей-берекет жатыр.

– Келгендеріңіз жақсы болды столға жайғасыңыздар. Енді екі жігіт жетіспей отыр еді, – деп Виктория жылмаң қақты.

– Жоқ, біз қонақ болуға келгеніміз жоқ. Тез киініп, бізбен бірге жүріңдер, – деп Андрей қатаң үн қатты.

– Не үшін?

– Неге?

– Біз не істеппіз?... – деп үш қыз бірінен соң бірі жарыса сұрап, шу ете түсті.

– Оны барған соң айтамыз, – деді Андрей Қадырға қарап қойып: «Байқадың ба?» дегендей.

Ол да басын изеді. Яғни: «Түсіндім» дегені. Осы жуырда Нұркен Әбдіров даңғылының бойында бір әйелдің басындағы құндыз бөркін үш қыздың алып қашып кеткені туралы өтініш түскен болатын. Сол әйелдің үш қыздың сырт пішінін

суреттеп бейнелегені мына үшеуіне дәл келетін сияқты. Енді соны тексеріп көру керек.

Викторияның үйіндегі Римма Мартынова және Евгения Колотырина деген қыздар болып шықты. Ешқайда жұмыс істемейді, көп уақыттан бері өз үйлерінен кетіп, құрбысының үйінде тұрып жатыр екен.

Ертеңіне бас киімін жоғалтқан әйел қатар тұрғызылып қойылған топты қыздың ішінен үшеуін бірден таныды. Мартынованың басындағы сол кісінің бөркі болып шықты. Мұнымен қоса Викторияның бауыры Русланның және Үрістем Баймұхамбетов, Виктор Вантунчань дегендердің де бірнеше рет кісі тонауға қатысқаны анықталды. Сол күні оперативтік топ Канды Баку көшесіндегі өз пәтерінен, Вантунчаньды Тириязев совхозындағы үйінен, ал Баймұхамбетовты автовокзал басынан ұстап әкелді. Бубновтың басындағы құлақшын да тонаудан түскен болып шықты. Шақыру бойынша келген иесі өз құлақшынын танып алды. Енді Баймұхамбетов пен Вантунчаньның басындағы құлақшындар да күдік туғызған еді. Екі жігіт ерінген жоқ. Құлақшыны жоғалғандар мен тоналғандарды милиция бөліміне түгел шақыртты.

– Міне, мынау менің малақайым, – деп таныды бірі. – Голь көшесінде бір үйде қонақта отырғанымызда жоғалған.

Иә, мұндай оқиғаның болғаны рас. Осыдан бір-екі апта бұрын той өтіп жатқан үйдің ашық қалған есігінен белгісіз біреулер бес құлақшынды алып кеткені тіркелген болатын. Соларды ұрлаған Сидоров, Баймұхамбетов, Кан үшеуі болып шықты. Құлақшындар иелеріне қайтарылды. Сидоров қолға түсті. Бұдан бұрын да Петров пен Бубновтың қалалық аэропортта тағы бір жасөспірімнің үстіндегі «Аляска» күртесін және аяғындағы «кроссовкасын» шешіп алғаны анықталды. Кан мен Олег Пашков деген үшеуі ескі Майқұдықта біреудің құлақшынын жұлып алып қашып кетіпті.

Тергеу жүріп жатыр. Барлығы да кәмелетке жасы толмаған 16-17-лердегі жасөспірімдер. Олардың ізін жасыруға қанша

тырысқанымен милиция қызметкерлерінің тәжірибелі әрі сауатты тергеу жұмысы нәтижесін берді. Көптеген қылмыстардың беті ашылды. Осы топтың жеңіл автомашиналарды тонауға да қатысқаны мәлім болды. Мысалы, олар Можайский көшесінде бір машинаның алдыңғы шынысын ағытып алған. Өткен жылдың жазында Кан нағашысы Приходко және оның әйелі үшеуі бірігіп бір «Москвичті» тонапты, бұдан соң үшеуі Гудермесская көшесіндегі бір үйге түсіп, біраз затын ұрлап кеткен.

Бір тәулік бойы көз ілмей жұмыс істеп, талай қылмыстың бетін ашқан екі жігіт кешке қарай кабинетте оңаша қалды. Танымсыз әрекет әбден шаршатқан. Сонда да жігерлі жастық берілер емес. Әлі де ұзаққа шабатын жарау аттай. Қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күресте қалжыраса да қылмыскерлерді қолға түсірмей тынбақ емес. Милиция қызметкерлері, Ленин комсомолының мүшелері Қадыр Аманбеков пен Андрей Блохиннің мұндай қиын да күрделі қылмысты бір тәулік ішінде ашуы бірінші рет емес. Олар жастығына қарамай қиын жағдайда жол таба біледі.

Мысалы, өткен жылдың 1 желтоқсаны күні Гоголь көшесінде тұратын П. деген азамат милиция бөліміне келіп, біреулердің пәтерінің есігін бұзып кіріп, бейне магнитофонды ұрлап кеткенін хабарлады. Екі жігіт іске кірісіп кетті де, ұрлық жасаған ағайынды Резван және Қазыбек Жабрайловтар, оларға жол көрсетіп ізге салып жіберген Дания Әйешов үшеуі бір тәуліктің ішінде қолға түсті. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

– Қайтпаймыз ба, Андрей?

– Қайтамыз ғой, бірақ үйге жетісімен қайыра шақыртып жүрмесе.

– Шақырса – келеміз де.

Екеуі бір-біріне қарап күліп жіберді. Олардың бір тәуліктен бері езуіне күлкі, жүзіне жылу оралғаны осы. Бір-бірін үнсіз түсініп, орындарынан тұрды.

1989 жыл.

## ҰМЫТЫЛМАС ҮШ ОҚИҒА

Ол кезде Түйтебай қалалық кәсіптік-техникалық училищеде мұғалім еді. Темір жол аудандық партия комитетінің жолдамасымен милицияға келгенде жнырма сегіз жаета болатын. Қазір қырықтың қырқасына шыққан ол осы уақыт ішінде заң бұзған бірталай бұзықты, ала жіпті аттаған талай баукеспені, кездігін кезеген көптеген қанішерді қолға түсірді.

Сондай оқиғаның арасында облыстық ішкі істер басқармасындағы қылмысты іздестіру басқармасында инспектор болып істейтін Түйтебай Ахметовтың есінде ұмытылмастай болып қалғандары да бар.

### Түнгі жолаушы

Екі жыл облыстық ішкі істер басқармасы саяси бөлімінде нұсқаушы болған ол милицияның қызметімен жан-жақты танысқан еді. Енді ол мұнда кабинетте жылы орында отыра бергісі келмеді де, «иағыз милиция қызметкері» болуға сұранды. Сондықтан, оны Киров аудандық ішкі істер бөліміне қылмысты іздеетіру бөлімшесінің оперативтік өкілі етіп жіберді.

Сонда істеп жүрген кезі еді. Қалада «Бір таксисті өлтіріп кетіпті» деген алып-қашна сөз тарады. Бұл шын мәнінде рас сөз болатын. Осының алдында ғана Волченконың бандасын қолға түсіріп, милиция қызметкерлері бір жайланған. Енді мынау да сондай оқиғаға айналмасына кім кепіл. Сондықтан да, бүкіл милиция қызметкерлері аяғынан тік тұрды. Қылмыскерді қолға түсіру үшін бірнеше топ құрылып, шаралар белгіленді. Құрамында Түйтебай да бір таксистің жанына «үйренуші» болып кете барды. Түнімен жүрді. Бірақ күдікті адам кездеснеді. Бір кезде, түн ортасы ауа, таксиге «Күләнарасы бар, сұр күртелі жігіт ұсталған» деген хабар келді. Көшені қанша аралағанымен аталған

жігіт кезікпеді. Қаншама адамды дiттеген жерiне жеткiзiп еалды. Олардың арасында кұртелi жiгiт болмады. Тек таңғы сағат төрттердiң мұғдарында «Юбилейный» магазиннiң жанынан өтiп бара жатып, сұрғылт кнiмдi бiр жiгiттi байқан қалды. Дереву таксиске машиннаны тоқтатып, «ала кетейiк» дедi. Мiнгiзiп алғанда оның нақ сол екенiнс Түйтебайдың көзi анық жеттi. Ол вокзалға апаруын өтiндi. Машина солай қарай зырлап келедi. «Ендi оны қалай ұстау керек?» Түйтебай соны ойлай бастады. Сан түрлi жоснарлар кұрды. Вокзалға келген соң көз жазып қалса ше? Бiр абырой болғаны – ол вокзалға келген соң машинадан түспедi. «Майкұдыққа апар» деп кiлт өзгердi. Бұлар ендi Майкұдыққа тартты. Келе жатын Түйтебайға бiр ой сап ете қалды. «Машинаға жанармай кұйып алайық» дедi жүргiзушiге. Ол да түсiне қойын, машинаны жанармай кұятын станцияға қарай бұрды. Сол жерге келген соң ана жiгiттi машинадан алдан шығарып, қолын бұрады да, кiсен сала қойды. Оның қойнынан ұңғысы қысқартылған кiшi калибрлi винтовка шықты. Сөйтсе ол оесыдан бiрнеше күн бұрын ғана бас еркiнен айыру орнынан оралысымен соттаттырғаны үшiн өзiнiң әйелi мен енесiн өлтiрген Раеулов деген болын шықты. Таксисти де өлтiрген сол ексн. Баратын жерiне жеткен соң төлейтiн ақшасы болмаған. Содан екеуi жанжалдаеып, ақыры оның «көзiн жойыпты». Ендi оесы жолы да Майкұдыққа барып, бұрын өзiн соттағанда куә болған бiр әйелдiң «түбiне жетпекшi» болыпты. Бiрақ, милннiя қызметкерлерiнiң дер кезiпде кұрған тұзағы оның бұл ойын жүзеге асыруына мүмкiндiк бермеген.

Оесы қылмыскердi ұстаудағы ерлiгi үшiн Түйтебай Ахметов «Қоғамдық тәртiптi сақтаудағы үздiк қызметi үшiн» медалiмен наградталды. Ал қылмыскердi ұстауға көмек жасағаны үшiн таксн жүргiзушiге кол сағат сыйлыққа берiлдi.

## Қоршауда қалған күн

Бір кезде: «Ауғанстанда Совет Армиясының шектеулі ғана контингенті болды», – деп айтып та, жазып та жүрдік. Шын мәнінде шектеулі контингентпен қоса басқа да адамдардың болғанын жариялылық қана жар салып, әйгілеп берді. Солардың арасында 1985 жылдың желтоқсанынан 1987 жылдың желтоқсанына дейін Ауғанстанда ерекше тапсырмамен Түйтебай да болды. Осы жылдар ішінде ол нарондойлармен (ауған халықтық милициясы) бірге талай операцияға қатысып, дұшпандардың талай ұясын талқандады, көпшілігін қолға түсірді.

Түйтебай, әсіресе, 1986 жылғы 20 мамыр күнгі оқиғаны әсте ұмытпақ емес. Сол күні ол өмір үшін шайқасқа түскен еді. Кезекті операциядан оралып келе жатқан бір топ, оның ішінде алты Кеңес әскерінің, үш ішкі істер министрлігінің қызметкері бар, дұшман оғының астында қалады. Бұлар еріксіз шатқалға жасырынады. Енді сол шатқалдан шығу қиямет болады. Өйткені кері шығатын жол дөң арқылы асады. Дөңге көтерілу деген сөз – дұшманның қарауылына ілігу болып табылады. Онда олардың ешбір оғы далаға кетпейді, тоғыз адамды тоғыз окпен қағып түсіреді де, қарап отырады. Сондықтан, бұлар онсыз да еңкейіп қалған күннің кеш болып, қараңғы түсуін күтеді. Бірақ қараңғы түсісімен дұшмандар бұларды жан-жақтан қоршай бастайды. Бір жақсысы тығылған жерлері өте ыңғайлы болып, дұшман оғынан аман қалды. Оларды маңайлатпайды. Гранатаның көп болғаны мұндай жақсы болар ма. Әйтпесе, жағдай қиын болады екен. Содан түнгі сағат бірдің кезінде бұлардың қолға түспесін білген соң дұшмандар кейін қайтады. Сол кезде бұлар да тығылған жерлерінен шығып, қолынан ауыр жарақат алған Совет әскерінің лейтенантын палаткаға салып көтеріп, қалаға келеді.

Осы жолы ол «Ерлігі үшін» медалімен наградталды.

## Ақтаудағы қашқын

Ауғанстаннан оралысымен облыстық ішкі істер басқармасындағы қылмысты іздестіру басқармасына орналасты. Мұндағы жұмыс та онша мазалы емес. Қылмыскер «Мен қылмыс жасаған едім» деп қол қусырып өзі келе бермейді. Сондықтан да, үнемі оперативтік жұмыс атқару керек.

Өткен жылы Теміртау тергеу изоляторынан бес адам қашты. «Соның бірі Ақтауда жүр» деген хабар келіп, қашқынды ұстауға басқармадан Эдик Алиев екеуі жіберілді. Алып-қашпа сөз қандай «Қылмыскердің қолында автоматы бар екен» дегендері де болды. Қанша дегенмен де қылмыскердің аты – қылмыскер. Ол қашан да қауіпті. Егер қаруы болса тіпті жаман. Оның үстіне автомат болса – ажал апанының ауызы үңірейіп көрініп тұр деген сөз. Андаусыз қимыл – сол апанға өзің барып түскенмен бірдей.

Мысықша басқан екі сақ жігіт. Кеш түсе қылмыскер жасырынды-ау деген үйді торуылдауға кірісті. Сол күні ауа райы да өте қолайсыз болды. Тоқтаусыз нөсерлеткен жаңбыр үсті-бастарын малмандай су қылды. Соған қарамастан. Екеуі бақылауды. Жалғастыра берді. Тек түнгі сағат 12-ден кете бере сыртқа біреу шыққандай болды. Ол дәл сол ма, әлде басқа ма, ол жағы әлі мәлімсіз еді. Бұған қоса жалғыз ба, әлде көп пе, соны да байқау керек болатын. Көзге түртсе көргісіз қараңғыда тұрып жігіттер бақылауды тоқтатпады. Алыстан бақыламаса, жақындауға болмайды. Ананың бойының аласалығы қашқындардың бірінің бойымен сәйкес келеді. Дегенмен, дәл сол екенін білмей тұрып ұстауға болмайды. Ұстаймын деп жүріп үркітіп алса ше? Қараңғыда жалт бұрылып, бір қуысқа тығылып қалса қайтеді? «Көрмеген жердің ой-шұқыры көп» дегендей, оның үстіне қаруы болса.

Осындай оймен жігіттер оның соңынан ілесті де отырды. Бір кезде ол бір үйдің бір подъезіне келіп кірді. Енді күтудің реті жоқ еді. Жігіттер де ұмтылды. Бұлар келгенде ол бір




нәтердің есігін қағып, кірмек болып тұр екен. Өтіп бара жатып, бас еалып оның қолын артына қайырды. Сөйтсе, оның сол пәтердің иесінде кеғі бар екен. Соны таяққа жығу үшін келгені тергеу кезінде анықталды. Тініткен кезде бойынан ешқандай қару табылмады.

\*\*\*

Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген жоғары білімді милиция майоры Түйтебай Ахметовтың омырауында жоғарыда аталған медальдармен қоса Ауғанстанның тағы екі медалі, тағы басқа бірнеше награда жарқырайды. Милнция үздігі. Оның отбасында Әкімжан және Айбек атты екі ұл өеіп келеді. Мүмкін олар да әкесі енияқты тәртіп сақшысы болатын шығар. Оны өмір көрсетер. Тек олардың да, аяулы жары Гүлнардың да, өзінiң де дендері сау болсын дейік.

**Қараша, 1990 жыл.**



# АҚИҚАТТЫ АШҚАН АЗАМАТ

## Сөз басы

Менің қолымда «Ақиқат» журналының 1993 жылы қараша айында шыққан саны отыр. Осында «Архив – алтын қазына» атты айдармен жарық көрген тарих ғалымдарының докторы Ханкелді Әбжановтың «Жалған жұмақты әшкерелеген хат» деген мақаласын, одан соң осы мақалада айтылған Ғ. Сабралиевтің «Қымбатты Андрей Андреевич!» деп басталатын хатын қайта-қайта оқимын. Сонау бір кездері сталиндік жалаң қылыш қынабынан суырылып, кімнің болсын басын қағып түсіруге дайын тұрған шақта (1950 жылы 21 наурызда) жазылған бұл хаттың авторы өзіміздің Қарағанды қаласында тұрады дегенге сенер емеспін. Шынында да бұл кісі Ішкі істер министрлігі Қарағанды Жоғары мектебінде көп жыл қызмет атқарған, полковник шенінде зейнеткерлікке шыққан Ғабдолмәжит Сабралиев ағай екен. Бұл кісінің мекен-жайын айтып, телефон номерін тауып берген Қазақ тұтынушылар кооперациясы институтының кафедра меңгерушісі, экономика ғылымдарының кандидаты Ермекқали қажы Алмажанов ағайға да рахметімді білдіре отырып, Ғабекеннің өзімен кездесер сәтті тағатсыздана күттім.

## Өткен өмір елесі

Батыстағы Нарын құмында туып-өскендіктен Ғабдолмәжит ауыл өмірін, әсіресе, құм арасындағы тіршілікті өзінің бес саусағындай білетін. Құм арасында өмір сүру оңша оңай емес. Ол жақта Қазақстанның басқа аудандарымен салыстырғанда ерекшеліктері көп болады.

Жетпіске жетіңкіреп қалғанмен әлі қарттықты мойынсынбаған, еңсесі тік, бойын әбден жаттыққан әскери тәртіпнен сымдай түзу ұстайтын, сөзі мәнерлі Ғабекенмен әңгімелесіп отырмыз. Сөзімізді әдеттегідей өмірбаян жолдарынан бастадық.

Ол өзінің Андрей Андреевичкес жазған хатында көрсет-

кеніндей Гурьев (қазіргі Атырау) облысының Новобогат (қазіргі Исатай) ауданында 1926 жылы туған. Әке-шешесі колхоздың жұмысын істеген малшы шаруа болатын. Әскер қатарына Ұлы Отан соғысының батысқа қарай ойысқан 1944 жылы алынады. Қабырғасы әлі қатып, буыны бекіп үлгермеген өңкей балаң жас жігітті Орынбор қаласына әкеледі. Әуелде қатардағы атқыш ретінде әскери дайындықта болады. Содан біраз уақыт өткен соң жаяу әскер училищесіне қабылданады. Бір жылдық училище келесі жылы екі жылдық болады, одан соң төрт жылдыққа айналып, оны 1948 жылы Уфада бітіріп, 209 түлек лейтенант әскери атағын алып шығады. Соның ішінде 18 жігіт әуе десанты қызметіне қабылданады. Ол кезде десант болуға жас жігіттердің барлығының ұмтылатын кезі ғой.

Офицерлік қызметті Украинаның Житомир облысындағы Новгород-Волынский қаласында бастайды. Жастықтың жігері бойындағы күш-қайратын тасытқан жас лейтенант өз міндетін мүлтіксіз орындайды. Содан 1956 жылы Венгрияда болғаи оқиғаға қатысады. Сол үшін әскери жоғары наградалардың бірі «Александр Невский» орденін алады. Бұдан кейін әр түрлі жерлерде болып, әр түрлі әскери қызметтер атқарады. Белоруссия әскери округінде мотоатқыштар полкінде 200 мың адамға қысқарту туралы атақты қаулы жарық көреді де, бір жарым жылдан соң әскер қатарынан босатылады.

Бойынан жастықтың қызуы кетпеген жігіттің өзі ұнататын қызметінен босап қалуы оңайға соқпайды. Екі баласымен отбасы Алматыға келіп қоныстанады. Бір жылға дейін беретін әскери көмекті пайдаланып, жүріп жатады. Сөйтіп жүргенде бір таныс адам Алматы милиция орта мектебіне баруға кеңес береді. Сонда барып самбо күресінен КСРО Ішкі істер министрлігі Мәскеу жоғары мектебінің Алматыда сырттай факультеті бар еді. Соған ауысады. Сол факультет негізінде Қарағанды жоғары мектебі құрылғаны белгілі. Сонымен, Қарағандыға ауысып келеді. Мұнда кафедра бастығы, оқу

бөлімінің бастығы, сырттай оқыту факультетінің бастығы қызметтерінде жүріп, 12 жыл бойы үздіксіз партия комитетінің хатшысы міндетін қоса атқарады. Содан 1987 жылы зейнеткерлікке шығыпты.

### Архивтен алынған хат

Бір күні Ғабекеннің үйіне Алматыда тұратын балдызы Бабаш Әбілқасымов телефон соғады.

– Жезде, сіз кімге хат жазып жүрсіз? – дейді қалжындап.

– Жазсақ, жазған шығармыз.

– Осы сіз «Ақиқат» деген журнал оқисыз ба?

– Жоқ.

– Неге оқымайсыз? Өзіңіз өмір бойы коммунист болдыңыз. Бір кезде «Қазақстан коммунисті» деген журнал болған, қазір сол журнал «Ақиқат» деп аталады.

– Жарайды. Бұл жерде хаттың, оған «Ақиқаттың» қандай қатысы бар? Тұспалдамай турасын айтсаңшы.

Балдызының жездесімен қалжындай беретін әдеті. Біраз әзілдеген соң:

– Сіз 1950 жылы Андрей Андреевич Андреев дегенге хат жазған екенсіз ғой. Сол хатты «Ақиқат» журналы басыпты, – дейді.

– Е, е, енді түсіндім. Баяғыда сондай бір оқиға болған. Оны мен ұмытқалы қашан, – деп жездесі шынын айтады.

Ертеңіне-ақ Ғабекен аталған журналды тауып алып, осыдан 45 жылға жуық бұрын өткен оқиғаны есіне қайта түсіреді.

Бұл сонау Новгород-Волынский қаласында әскери қызметте жүрген кезі болатын. Өзінің туған аулына, Гурьев облысының Новобогат ауданына жыл сайынғы демалысында одан бұрын әскери училищеде оқып жүрген кезінде каникулында үзбей келетін. Анасының сақтағанын жеп, бірге өскен құрбы-құрдастарымен кездесіп, бір жасап қалатын еді. Бірақ ол қуаныш ұзаққа созылмайтын. Ел басына түскен ауыр тауқымет, халықтың еңсесін басқан жүдеушілік оны

ұзақ масайратпай, дереу қабағын қарс жаптыратын. Қабырғасы қайысып, жас жүрегі жаншылып, қатты қамығатын. Ойлап қараса еш қиындығы жоқ. Сондай ауыртпалықтың бәрін жеуге, халықтың ахуалын көтеруге болады екен. Әрбір шөптің қалай өсіп, малдың аузына қалай түсетініне дейін, құмы былай тұрсын оның әрбір қиыршығының мінезіне дейін жетік білетін қараша ауылдың қара баласы ішке жиналған ащы запыранды қалайда сыртқа шығаруға белін бекем буады. Ішкі ойларын жүйелей келіп, сол кездегі Орталық Комитеттің Саяси Бюро мүшесі, колхоздар ісі бойынша КСРО үкіметі жанындағы Кеңес төрағасы А.А.Андреевке ауылдағы барлық жағдайды ашық айтып, хат жолдайды. Сол кезде небары 23 жастағы жас жігіттің жүрегінен жарыла шыққан жолдардан үзінді келтіре кетейік:

«...Аудан орталығына тек арбамен, атпен қатынасады, мұндағы жақын колхоз 50, алысы 200 шақырымға орналасқан. Колхоздарда орта есеппен 60-70 үйден бар. Колхозшылар ұзын-ырғасы 10-15 мың басқа жететін малды жыл он екі ай бағумен күн кешеді. Осының өзі соңғы жылдары қиынға соғып тұр. Мұның сыртында малшылар мен сауыншылардың жазда шөп шабуға жегілетіні тағы бар. Өздері ештеңе екпейтін колхозшыларды нанмен және басқа азық-түлік түрлерімен қамтамасыз ету мейлінше жарытымсыз. Мұндай мысал келтіре кету қызғылықты болар, кейбір колхозшылардың балалары «нан» деген ұғымның не екенін білмейді. Колхозшылардың ішіп-жейтіні жаздың күні, оның өзінде малы болса, сүт, ал ол аз немесе мүлде жоқ болғандықтан, қыста қорек қылатындары, егер колхозда бола қалса ет, жоқтары колхоздың жарамсыз деп танылған малының етін жейді, қысқасы ашқұрсақ ғұмыр кешеді».

Хаттың қай жолын алып қарасаңыз да автордың аудан өмірін жетік білетіндігі анық байқалады. Бұл ұзақ хаттың барлығын келтіру мүмкін емес. Жалпы мазмұны ауданда болып жатқан кемшіліктерді көрсете келіп, оны болдырмау үшін

нс істеу керектігіне тоқталады. Хаттың ең соңында «Ұсынамын» деп бөліп жазады да, не ұсынатындығын бес тармақпен корсетеді. Соның ішінде мынадай ұсыныстары бар:

«...3. Колхозшылардың тұрмыс жағдайын күрт көтеру үшін аудан колхозшылары мал инаруашылығы өнімдерін мемлекетке өткізу міндетінен екі жылға босатылсын.

Сауда жүйесіне, дайындауға, кең тұтынымды өнімдерді, әсіресе, азық-түлікті, шай, қант, киім, аяқ киім, үйге керск-жарақтарды әкелуге айрықша назар аударсын.

4. Алыс колхоздарға жол салу, телефон байланысын орнату ұйымдастырылсын.

5. Жергілікті жердегі жағдайға сәйкестендірілін мәдени-бұқаралық және тәрбие шаралары ұйымдастырылсын, олардың жүйелілігі белгіленсін».

Бұдан соң өзінің хатты жазудағы мақсаты – колхозды басқарудағы ксмішіліктерді түзету екенін айта келіп, тікелей өз басшылығымен тексеріп, қажетті инаралар қолдануды өтінеді. Хаттың ең соңы: «Өтііш – хабарламамды қайтарып таетамауыңызды Сізден өтінемін, бұл менің таза жүректен шыққан, патриоттық, партнялық сөзім. Хатымды алысымен өзіңіздің пікіріңіз бен ниетіңізді және нәтнжесін хабарлаңыз.

Большевиктік сәлсммен, Гвардия лейтенанты Сабралнсв», - деп аяқтайды.

Енді осы хатты Қазақетан Ресубликасы Орталық Мемлекеттік архиві (ҚРОМА) қорынан тауып, журиалға жариялаған ғалым Х.Әбжановтың түсініктеме-алғы сөзісн де бір шағын үзінді келтіре кеткеи жон болар.

«...Ақ қағаздың жсті бетіне тән-тәуір сауатты, орыс тілінде жазылған оеы хаттан соғыстан кейінгі қазақ аулының экономикалық және әлсуметтік келбетін, тоталнтарлық тәртіп дертінің айықнастай асқынғанын, большевнктік қыздырма қызыл сөз бен сүреңсіз, ауыр өмір арасындағы алшақтықты байқау қиын емес.

Ғ.Сабралиевтің бұд хаты дүниеге келерден тура бір жыл

бұрын Қазақстан коммунистерінің IV съезі өтін, онда колхоздардың табыстарының артқаны және колхозшылардың тұрмыс жағдайы жақсарғаны үлкен қанағат сезіммен баса көрсетілген болатын».

Бұдан соң автор оның басын қатерге тігіп, наразылық үшін шығарған осы хат негізінде совхоздар ісі бойынша КСРО үкіметі жанындағы кеңес төралқасының мәжілісі шақырылғанын, оған реснублика үкіметінің басшысы Н.Ондасыновтың қатысқанын, хатта көрсетілген облыстың барлық аудандарына арнайы бригадалар шығын, мәселенің мән жайы тексерілгенін, сол хат бойынша КСРО Мннистрлер кеңееі алдында Гурьев облысы мемлекетке беретін мал шаруашылығы өнімдерін қысқарту мәселесі қойылғандығын жазады.

Иә, сол заманда партиялық сөзді жоққа шығару дегеніңіз үлкен жеңістік еді. Окінішке орай сол кезде Гурьев облысының колхозшыларына қандай жеңілдіктер жасалғанын Габдолмәжит ағамыздың өзі ұмытын қалыпты. Тек, А.А.Андревтен: «Хатыңызды алдық. Гурьев облысының колхоздар кеңесіне тексеруге жібердік» деген мазмұнда жауап келгені ғана есінде. Сол кезде әр үйге 8 кнло ет, 3,5 кило тортасын айырған май, 3,5 кило жүн және жұмыртқа салығы салынады. Бұл салықтан бүкіл ел 1955 жылы ғана құтылды. Ал, осы хат жазылған соң не бүкіл облыстан, не ауданнан осы түтін салығы алынбайтын болғанын Габекен кейін естиді. Өйткені, келесі 1951 жылы қатты науқастанады да, демалысы емделумен өтіп, ауылға ксле алмай қалады. Содан елге 1952 жылы ғана келіп қайтыпты. Екі жыл ішінде халықтың әжентәуірссін жинап қалғанын байқайды. Бірақ, оның салықтан босатқаннан басқа әсері болады ма, болмады ма ол жағын аңдамайды. Шын мәнінде сол жылы жалған еоциалистік «жұмақ» пен оның ақиқаты бетне-бет кездескен еді. Ақиқаттың есігін ештеңеден қаймықпай еркін ашқан жас лейтеиант Сабралисв болатын.

Тағы бір айта кететін мәселе – осы жылдары Новобогат ау-

данындағы 32 колхоздың бірде-бір бастығы жазаға ұшыраған жоқ. Оған да аталмыш хаттың игі әсері тиген болуы керек. Ал көршілес Индер ауданының жұтқа ұшыраған колхоздардың бастықтары түгелдей он жылдан арқалап кете барады.

### Көңілдегі бір түйткіл

Сонау сталиндік жаппай жазалау заманында партиялық жұмыс тәсілін қатаң сынаған осындай хат жазу нағыз ерлік қой. Хатта: «Жоғары органдардың жұмыс стилін сынамай-ақ қоялық, ал аудандық және облыстық буындағы партия және кеңес басшылары тек мәлімет жинаумен шектеледі, жағдайды бағалауда және шешім қабылдауда жалаң цифрлар мен жалпылама мәліметтерді қанағат тұтады...» деген сияқты батыл сындар жиі ұшырасады. Осындай жолдарды оқыған сайын қалай тергеуге алмады екен, ең болмаса тексермеді ме екен деген сияқты сауалдар көкейге орала береді. Бұл сұрақты Ғабекеннің өзіне қойғанымда ол ойланған жоқ:

– Бұл сұрақты маған сәулетші Шота Уәлиханов та қойған болатын, – деді. Алматыдағы Ұлттық Ғылым Академиясының алдында тұрған Шоқан Уәлихановтың ескерткішін жасаған Шота Уәлиханов пен Хакімжан Наурызбаев. Олар Шоқан бейнесін менің Болат деген ұлыма қарап отырып жасаған еді. Менің ол балам қайғылы қазаға ұшырап кетті. Ал, біз Шотамен содан бері таныспыз. Алматыға барған сапарымда жолығып тұрамын. Биыл да бардым. Журналдағы хатты ол да оқыған екен. Сөз арасында: «Қуғынға ұшыраған жоқсыз ба?» – деп сұрады. Мен: «Жоқ», – деп жауап бердім. Бірақ, солай десем де көңілімде бір түйткіл оралып, артынан өзім ойға қалдым...

Иә, сонау Украинаның НовоҒород-Волынский қаласында қызмет істеп жүрген кезі. Хат жазылған 1950 жылдың мамыр айы болуы керек. Бір кемпірдің үйінде зайыбымен екеуі пәтерде тұрып жатқан. Бір күні полктегі Қауіпсіздік қызметінің



капитаны Новиков: «Сен анау үйден көшпесең болмайды», – деп ескертеді. Бұлардың жайлы пәтерден шыққысы келмейді. Шынында да жайлы еді. Әрі пәтер ақысы да онша қымбат емес. Оның үстіне күнделікті асты да өзі дайындап қояды. Осындай үйден көш дегеніне түсінбейді. Екі-үш күннен соң штаб бастығы Волков шақырады. Ол: «Сендердің тұратын үйлеріңнің шатырына біреу түнеп жүрген көрінеді. Сондықтан, қауіпсіз болу үшін басқа пәтерге көшулерің керек», – деп түсіндіреді. Бастық айтқан соң амал бар ма, еріксіз қоныс аударады.

Келесі жылғы бір оқиғаға да Ғабекен енді мән бере бастапты. Полк штабында арнайы бөлім (құпия бөлім) деген болады. Соның бастығы кіші лейтенант Алексей Сорокин еді. Жастары шамалас болған соң екі жас жігіт жақын жүретін. Бір күні әлгі Алексей Ғабекенге келіп, пәтерлеріне алуын сұрайды. Бұлардың өздері біреудің үйінде тұрып жатқан. «асхананың тамағы жақпай, асқазаным ауырып жүр. Кішкене оңалғанша сіздің үйден ас іше тұрайын. Сіздер тамақты үйден дайындайсыздар ғой. Пәтерақының жартысын мен төлейін», – дейді. Пәтердің қымбат, жалақының аз кезі. Сондықтан, Ғабекен келісуге мәжбүр болды. Сол жылдары жас офицер күнделік жазып жүреді екен. Ол күнделіктің өзі кей жері қазақша, кей жері орысша аралас жазылған болатын. Сол күнделік жоғалып кетеді. Оның дәл қай жылы, қай жерде жоғалғанын Ғабекен әлі күнге дейін білмейді. Бірақ, соның жоғалуын Алексейден секем алады.

Ғабекенді білдірмей басқа да тексеруден өткізген болар, ол жайлы қазір мәлімсіз. Жас офицер көп нәрсеге онша назар аудара бермеген. Сондай оқиғаның бірі тағы да есіне оралды. Бұл 1955 жылы болатын. Сол полкте қызметте жүрген кезінде ротасымен ағаш дайындауға жібереді. Қарамағында «Студабеккер» машинасының бір взводы бар. Кесілген ағаштарды машинамен темір жол вагондарына әкеліп тиейді. Сөйтіп жүрген кезінде кадрлар бөлімінде істейтін Гриша деген укра-

ин жігіті әдейі келіп, Донбаста тұратын әкесіне бір вагон ағаш жіберуін сұрайды. «Бұл арандату болып жүрмесін» деген ой басына сан ете қалады. «Бұған ағаш берсең «мынау ағашты талан-таражыға салып жүр» деген ойға қалуы мүмкін ғой. Содан «Жоқ, болмайды екен. Вагонды рұқсатсыз ала алмаймын», – деп сылтауратады.

Түк шықпаған соң Гриша полкке қайтып кетеді.

### Сөз соңы

– Сізге сол хатты жазуға не әсер етті? – деп сұраймын. Бір орден, он алты медальмен наградталған, парашютпен тоқсан рет секіріп, «Парашют-десант қызметінің нұсқаушысы» атағын алған, қазір Совет аудандық ардагерлер алқасының мүшесі, Ішкі істер министрлігі Қарағанды жоғары мектебіндегі ардагерлер алқасының төрағасы, өмірінің 42 жылын әскер қатарында өткізген Ғабдолмәжит Сабралиев ағайдан.

– Не себеп болсын, елдің анандай ауыр халін, тұралап қалған жағдайын көрген соң, бұл жайында ағайын-туыстардың, ауылдастардың айтқандарын естіген соң қалай шыдайын. Кейін өзіме қауіп боларын да еске алманпын ғой. Ондай ой сол сәтте басыма келген жоқ. Бағыма қарай ондай ештеңе болмады...

Ол кісіге қарап отырып, ойға кетемін. Ғабекен ел қамыи ойлап, басын бәйгеге тігіп жүрген кезде жасы 23-тен жаңа ғана асқан екен. Ал қазіргі біздің жастарымыз болса базардан шықпайды. Елін, халқын қорғау былай тұрсын, әскерден қашып жатқандары анау. Ғабскеннің ойынша әскерге басқаша көзқарас керек. Иә, бұл мүлде басқа әңгіме. Ал Ғабекеннің өзінің осынау ісі кәйінгі жастарға үлгі боларлық ерен ерлік деу керек. Бүгінде немересін көріп отырған Ғабекенге қажымас қайрат, мол денсаулық тілеймін.

1995 жыл.

### БОРАНҚҰЛДЫҢ БЕЛЕСТЕРІ

Қыс. 1949 жыл. Қаңтар айының соңғы күндерінің бірі. Бұрынғы Тельман ауданы (қазіргі Бұқар жырау) Ақтөбе ауылында Құрмаш әулетінде жарық дүниеге нәресте келді. Құрмаштың үлкені, алғашқы ұлы Сопалдияр Ұлы Отан соғысында жиырма жасында қайтыс болған еді. Содан кейін көріп отырған қызығы осы. Сол күні қатты боран болатын. Алай-түлей ақ тұтектен шілдеханаға келе алмай қалғандар да болыпты. Қазақ баланың атын бір нәрсеге болжап, еліктеп, сондай болсын деп қояды ғой. Қатты қуанған туысқандар «боран күні туды ғой» деп, нәрестенің атын Боранқұл қойған екен.

Құрекең көзіне көрінген жалғызының тезірек ер жеткеннің көрейін деген ниетпен алты жасында мектепке береді. Сол Боранқұл Ақтөбе орта мектебінің 11-сыныбын (Кеңес дәуіріндегі ақырғы рет) 1966 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Бұл кезде баласының (8-сынып оқушысы) оқу бітіргенін, ержеткенін көре алмаған Құрекең осыдан үш жыл бұрын өмірден өткен еді.

Әкесі өмірден озғаннан кейін қарындасы Мәруэр екеуі анасы Күлшаттың тәрбиесінде болды. Қайран шеше оларды қатар құрбыларынан кем қалдырмай өсіруге қанша күш салғанымен, қысқа жіп күрмеуге келмей, бұлар жас кезінен барлықты да, жоқшылықты да көріп өсті. Шешесі Күлшат күндіз-түні колхоздың қара жұмысында жүрсе де, дұрыс тәрбие берді, жоғары білім алуларына жағдай жасады, олардың өмірдегі жеткен жетістіктерін көріп, 82 жасында дүниеден өтті.

Боранқұлда «Шешеме, қарындасыма қалай көмектесем» деген ой туғанда алдына жақсы оқып, адам болу деген

жалғыз мақсат қояды. Институтта жүргенде ала жаздай студенттердің құрылыс отрядында, Қарағанды ет комбинатында жұмыс істеп, ақша тауып, сонымен бір қабат киініп, өз ауыртпалығын өзі көтерді. Осы қиыншылықтардың барлығы оның жігерін жанып, қайта алға ұмтылдыра түсті.

Текті атаның ұрпағы, бүгінде 60 жасқа толып отырған Боранқұл бұл күнде:

– Әкемнің шарапатын көп көрдім. Қазірге дейін елге барсам, әкемнің көзін көргендер төбесіне көтереді. Бала күнімнен «атасының баласы» атандым да, тез есейдім. Ағайын-туыстар аузыма бар дәмдісін тосатын. Бала күнімнен көз алдымда қалғаны – қай үйде дастарқан жайылып, қай шаңырақта той болса, марқұм әкем сол үйдің қақ төрінде отыратын еді. Біреу үйленсе, нәрестелі болса, басқа да қызық қуаныштарға бата беру құрметіне әкем ие болатын. Осының барлығы менің мойныма бала күннен-ақ үлкен жауапкершілік жүктеді, – деп есіне алады.

Мектепте оқып жүргенде білімге сусындау жылдарын еске түсіре отырып, Боранқұл Құрмашев өзінің ұстаздарына деген зор алғысың білдіреді. Әсіресе, ұлағатты ұстаздары, мектеп директоры Сақан Тастанбеков, оқу ісінің меңгерушісі Қыздарбай Ыбыраев, математик Алукен Майлыбаев, химия, биология мұғалімі Рашида Сәрсенбайқызы, тіл, әдебиет мұғалімі және сынып жетекшісі Абай Ғапбасовтардың есімдерін ерекше атайды. Солардың берген білімдерінің арқасында жоғары оқу орнына түскендігін мақтан тұтады.

Өмірге деген құштарлық, шешесіне тезірек көмектесу, қолғабыс жасауды ертерек ойланған Боранқұл жоғары оқу орнын бітірген соң, аудандық соғыс комиссариатына барып, міндетті әскерге кетуге өтініш жазады. Сөйтіп, 1971-1972 жылдары Ленинград қаласында азаматтық борышын өтеп келісімен, бір аптаның ішінде медициналық комиссиядан өтіп, Совет аудандық ішкі істер бөлімінің қылмыстық ізде-стіру бөлімшесінің инспекторы болып орналасады.

Ішкі істер бөлімінде жұмыс атқарып жүрген кезде ол өз ісіне ыждағатты, соншалықты жауапты қарап, қызметін абыроймен атқарды. Жас маманның еңбегі көзге ілініп, 1974 жылы облыстық аппаратқа жұмысқа шақырылады.

Алғашқыда облыстық ішкі істер басқармасының қылмыстық іздестіру бөлімінің инспекторы, аға инспекторы, бөлімше бастығы болды. Сол кезде «...әсіресе қылмысты іздестіру инспекторы, милицияның аға лейтенанты Боранқұл Құрмашевтің қырағылығының арқасында көптеген қылмыстық істер ашылды» деп жазды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті суретін қоса басып.

Саланы толық меңгерген, шын мәніндегі үздік те озық қызметкерді басқарма басшылары Егіндібұлақ аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы етіп тағайындады. Бұл кезде Боранқұл 33 жаста еді. Сол жылдары республика көлеміндегі ең жас бөлім бастықтарының бірі болды. Облыстағы оперативтік жиналыстарға келгенде залда отырған самайын ақ қырау шалған подполковник, полковниктерді көргенде: «Бұл жұмыста қанша ұзақ болар екенмін? Ауыртпашылығы мол жауапкершілік жүгін көтере аламын ба?» деген сұрақтар көкейіне оралатын.

Боранқұлдың аталған қызмет жолдарының өзі біраз жайтты аңғартқандай. Өйткені мұндай сенім екінің біріне емес, өз кәсібін жақсы білетін, адамдармен тіл табысып жұмыс істей алатын, ұйымдастырушылық қабілеті мол, іскер азаматқа көрсетілетін еді. Аудан көлемінде он кеңшар болатын, олардың кейбіреулері аудан ортылығынан 100 шақырым жерде. Кейбір кеңшарларда учаскелік инспекторлар болмады. Қылмыстық оқиғалар болса жедел оперативтік шаралар көрсету мүмкіндігі жоқ еді. Директорлармен келісіп, учаскелік инспекторлар тағайындалды. Аудандық бөлім үйі ертеде салынған, сырты құлаған, қоршалған шарбақтары сынған, бөлмелері тар, мәжіліс өтетін залда он шақты сынған орындық, ескірген автокөлік қана болатын. Сол күйінде қабылдап алған.

Осы шаруаның барлығына тың көзбен қарап, дос-жолдастарының көмегімен жөндеу жұмыстарына жүргізіп, кезекшілік бөлімін қайтадан жабдықтап шықты. Ішкі істер басқармасы басшыларына барып, дұрыс мәселе қоюдың арқасында жана автокөлік алынды. Бір айта кететіні – атқарылған жөндеу жұмыстары үшін бюджеттен бір тиын да жұмсалған жоқ.

Қайта құру кезінде кадрлардың ауысуы жиі болғаны белгілі. Бірақ, капитан шенінде келген, подполковник шеніне дейін жеткен Боранқұл Құрмашев бір орында тапжылмай бір мүшел уақыт отырды, абыройға бөленді.

Егіндібұлақ ауданында милиция бастығы болып жұмыс істеп жүрген кезінде болған бір қанқұйлы қылмысты да әлі ұмытпапты. Бірде, желтоқсан айының соңғы күні Абай кеңшарының «Жүніс» деген қыстағында Николай деген шопанды біреулер түн ішінде атып кеткені жайында хабар түсті. Тергеу барысында көрші қыстақтағы шопанның көмекшісі болып істейін Александр Луценкодан күдіктенеді. Ол өзі бұрын бірнеше рет ауыр қылмыс жасаған адам еді. Оқиғаны екінші күні тексеру шаралары кезінде 5-6 шақырым жердегі қыстақ арасындағы жолдан оқшантай табылады. Оқшантайдың кімдікі екеніне сұрау салғанда бөлімше басқарушысы мен кеңшар басшысы оны Луценконың қолынан көргендерін айғақтады. Қанша тергелгенмен көмекші шопан ештеңе мойнына алмайды. Ештеңе білмеген, ештеңе көрмеген болып шықты. Қыстақтың аға шопаны да, отбасы да көмекші шопанның ешқайда шықпағаны жайында деректер берді. Оперативтік топтың кісі өлген бөлмеден тапқан патронды тығындаған киіз материалдары мен газет беттерін арнайы сарапқа жібергенде шопанның үйіндегі кигізбен, шопан жазылған газетпен бірдей болып шығады. Содан соң ғана барып, қылмыскер өз әрекетін зорға дегенде мойнына алды. Кісі өлтірушіден «Бұл қылмысты не үшін жасадың?» дегенде, өлген шопанның әйілімен отбасын құрып, жақсы қыстаққа ие болып қалғысы келетінін айтты.

Боранқұл басшылық қызметте жүргенде өзінің орнын білді. Ешкімге жалтақап, жағынған жоқ. Қызметіне таза, әділ болды. Қаңқу сөздерге өзінің көзі жетпей, тұтқиылдан тез шешім қабылдамады. Сондықтан, әріптестері де, халық та сыйлады, қай жерде болмасын құрмет көрсетті. Ол бұл кезде ҚарМУ-дың заң факультетін сырттай оқып бітіріп, екінші жоғары білім алған болатын.

Егемендігіміздің алғашқы жылдарында облыстық басқарма басшылығы Боранқұл Құрмашевті селолық аудандар ішінде өте күрделі аудан болып есептелетін Мичурин аудандық ішкі істер бөліміне бастық етіп тағайындады. Бұл осы ішкі істер бөлімінің тарихында бастық болған алғашқы жергілікті халық өкілі еді.

Бұл ауданда да бөлім үйі тозығы жетіп тұр екен. Тез арада стандартқа сай жөндеу жұмыстарын жүргізіп, облыстық басқарма басшыларының назарына ілікті. 1995 жылдың аяғында милиция екіге бөлініп, тергеу комитеті құрылды да аудандық ішкі істер бөлімінің үйі тергеу комитетінің құзырына өтті. Осыған байланысты аудан басшылығы орталықта көптен бері бос тұрған екі қабатты, бұрын тұрмыс қажетін өтеу комбинаты болған үйді берді. Енді бұл ғимаратты да күрделі жөндеуден өткізу кезегі тұрды. Бұл істен де ол сүрінбей өтіп, қиындықты жеңе білді.

Аталған ауданда төрт жылдан астам уақыт басшылық тізгінін ұстаған кезеңдерде еңбегі жеміссіз болған емес. Осында қызметте жүрген кезінде атқарылып жатқан жұмыстарының көлемі, күрделілігі, штаттағы қызмекерлердің саны (150-ден астам адам), қол жеткен жоғарғы көрсеткіштері үшін облыста селолық аудандар ішінде ең алғашқы болып полковник шеніне ие болды.

Өз қызметін мінсіз атқарғаны және құқық қорғау саласында қол жеткен елеулі табыстары үшін ол облыстық ішкі істер басқармасының, Ішкі істер министрлігінің көптеген мақтау қағаздарымен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Боранқұл полиция органынан отставкаға шыққан соң да қарап отырған жоқ. «Валют-Транзит Секьюрити» ЖШС-інде көп жыл еңбек етті, өзінің жинаған мол тәжірибесін мұнда да қолдана білді. Кейіннен «Арлан Плюс» ЖШС-нің бас директорының кеңесшісі болды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары шежіре кітаптары шыға бастағаны белгілі. Бірақ, осы уақытқа дейін ондай шежіре кітаптарында Мұрат руының өз атасы Жетібай ұрпақтары жайында ешқандай деректер берілмеген екен. Сондықтан, Боранқұл көнекөз үлкендерден естіген және жас кезінде әкесі Құрмаш жаздырып кеткен деректер негізінде «Жетібай ұрпақтары» деген атпен кітапша бастырып шығарды. Кітапшада әкесіне деген сүйіспеншілігі, ағайын туыстың арасындағы ара салмағы туралы көптеген деректер келтірілген. Онда: «... ат жетер төңірекке белгілі, сыйлы, ағайын-туыстары мен таныстары ортасында өте беделді, зор денелі, батыр тұлғалы, айтарын бетке айтатын әділ адам болды. Көзі көрген үлкендердің айтуынша, ел ішіндегі дау-жанжалды шешу кезінде жиналған қауым «билікті Құрмаш айтсын» деп отырады екен.

«Жер бетіндегі барлық пәле әділетсіздіктен, қанағатсыздықтан туады, шырақтарым» деген сөзді де әкеміздің аузынан жиі естуші едім. Оның берік ұстанған қағидалары: «Алланың көрсеткеніне шүкір, бергеніне қанағат» деген тұжырыммен айтылатын. Бірақ жасы ұлғая келе «Барға қанағат, қалғанын Құдай жеткізер» дейтін сөзді жиі қайталайтын болды.

«Жақсылықты ұмытпа – шаттық үшін, жамандықты ұмытпа – сақтық үшін» дейтін әкеміздің тәрбиелік мәні бар сөздерін пір тұтып, көрсеткен шарапат-шапағатын, ұлағатты сөздерін, орамды ойларын, орнықты әңгімелерін ешқашан да ұмытпаймын», - деген жолдар бар.

Өмірлік серігі Бақыт жаны ізгі жан болып жолықты, жолдасына серік, берік тірек бола білді. Ерлі-зайыпты екеуі өнегелі отбасында екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Балалары-



ның барлығы да әке жолын қуып, үлкені Рүстем – Қарағанды жоғарғы милиция мектебін бітірсе, Русланы – Қарағанды мемлекеттік университетінің, қызы Роза – Қарағанды экономикалық университетінің заң факультеттерін бітіріп, қызмет істеп жатыр. Қазір Боранқұл мен Бақыт бірнеше немере сүйген бақытты ата мен әже.

**Қаңтар, 2009 жыл.**

## **БИКТЕРГЕ БАСТАҒАН БАСПАЛДАҚТАР**

Қайрат жасынан әскери киімді арман етті. Сымдай тартылған киімі бойына жарасқан әскери адамдарды көргенде қызыға қарайтын. Сол арманына ол 1993 жылы Қазақстан Республикасы ІІМ Жоғары мектебiне түскенде жетті. Үстіне мектеп тыңдаушысының киімін киді.

Қайрат Ақтоғай ауданының «Қоңырат» совхозына қарасты «Қарақой» бөлімшесінде дүниеге келеді. Бесінші сыныпты бітіргенге дейін Ақтоғай селосындағы интернатта жатып, М.Горький атындағы №1 орта мектепте оқиды. Алтыншы сыныптан бастап Қарағандыдағы №3 спорттық мектеп-интернатта тәрбиеленеді. Спорттың қай түріне болса да бейім ол еркін күресті қалайды. Осында оқып жүрген кезінің өзінде талай жетістіктерге ие болады. Үзбей жаттығудың арқасында жастар арасындағы Қазақстан чепионатында екі рет чемпион, бірнеше дүркін Халықаралық жарыстардың чемпионы атанады. Сол кезде Ресейдің талай қаласында (Мәскеу, Санкт-Петербург), Украинада, Қырғызстанда, Өзбекстанда болған жарыстарға қатысады, жүлделермен оралады. 1992 жылы Н.Әбдіровті еске түсіруге арналған Халықаралық турнирде бірінші орын алып, Спорт шебері нормасын орындайды. Сол үшін қырғыздың халық батыры Қобалы Қожамқұлов

құрметіне Бішкекте өткізілген турнирге қатысу құрметіне ие болады. Бұл жарыста да 58 кг салмақ санаты бойынша чемпион болып оралады.

Бұл кезде әрі жаттықтырушысы, әрі мектеп-интернаттың директоры Бағдәулет Өрбісінов мұны мектеп жанындағы олимпиадалық резерв училищесіне алып қалады. Сонда екі жыл оқып, спорттың еркін күрес түрінен жаттықтырушы мамандығын алып шығады. Осы шақтарды еске алғанда ол өзінің тәлімгерлері Бағдаулет Өрбісіновті, Өмірзақ Байғабыловты, Қуандық Мұсахановты ерекше ілтипатпен еске алады.

Қайрат Төкешевтің Қарағанды жоғары мектебіне түскендігін айтып өттік. Ол осында оқып жүрген кезінің өзінде де талай жарыстарға қатысып, жауырынын жерге тигізген жоқ. Сөйтіп, «күш атасын танымас» дегеннің шындығын дәлелдеген.

Оқуын бітірген соң 1997 жылы Қазыбек би атындағы аудан ішкі істер басқармасының тергеу бөліміне жолдама берген. Бұл сонау Тәуелсіздікке қолымыздың жеткен, бірақ ел экономикасының құлдыраған, әлі қаз тұрып үлгермеген шағы болатын. Бұл кезде қылмыс деген бел алып, жұрттың берекесін кетіріп тұрған болатын. Әсіресе, ауылдан жұмыс іздеп қалаға келген, бірақ жұмысқа тұра алмаған жастардың қылмысқа ұрынуы жиілеп кеткен. Сол кезде жас та болса бұған бір қылмыстық істі тапсырған еді. Ол бұл жұмысқа құлшына кірісті. Соның нәтижесінде бір топтың (ылғи қазақтың балалары, ішінде бір қыз бар) 15 қылмыстық оқиғаға қатысы бар екенін анықтады. Тергеуді төрт ай бойы жүргізді. Бірте-бірте қылмыстық топтың серкелерінен бастап орындаушыларына дейін қолға түсірді. Істі сотқа тапсырғанда оларға 16 жылдан бастап 7 жылға дейін жаза кесті. Өйткені, бұл қылмыстық топ кісі тонап күн көрген, кісі де өлтірген.

Осы қылмысты ашқан соң көзге түсіп, облыстық ІІД-нің тергеу басқармасына шақырады. Бес жыл істеген соң тергеу

бөлімі бастығының орынбасары болады, капитан шеніне жетеді.

Бұдан соң Қайрат Нұрманұлын ҚР Ішкі істер министрлігіне шақырады. Онда ішкі істер департаментінде 1 жыл 8 ай қызмет атқарып келеді. Өзіміздің облысқа оралған соң анықтама бөлімінде бастық болады. Сол жерде қатарынан бірнеше жыл еңбек етіп, полицияның подполковнигі шеніне ие болады. Бұдан соң біраз уақыт (2008 ж.) Теміртау қалалық ішкі істер басқармасында бастық болады.

Қазір полицияның подполковнигі Қайрат Төкешев бір жылдан беру Қарағанды Ішкі істер басқармасына қарасты Орталық полиция бөлімінің бастығы болып қызмет атқаруда. Бұл Қарағандының дәл ортасында орналасқан бөлім. Бұл қылмыстық жағдайы өте күрделі аймақ болып саналады. Соған қарамастан қылмысты құрықтауда талмай еңбек етуде. Жылбасынан бергі өткен 5 айдың ішінде 3,5 мың қылмыстық оқиға тіркелген екен. Бөлім қызметкерлерінің ұжымды жұмысының арқасында жасөспірімдер қылмысы азая түскен. Өйткені әрбір мектепке полиция инспекторы қойылған. Олар оқушыларды мектепке келерде қарсы алып, сабағы біткенде шығарып салады. Сабақ өтіп жатқан уақытта мектеп маңында патрульдік қызмет атқарады. Бұрынғыдай кабинетте стол басында отырмайды.

- Тіркелген қылмыстардың көпшілігі мүлікке қатысты (ұрлық) болып келеді. Өйткені қазір елдің барлығы машиналарын аулаларына қояды. Ол күзетілмейді. Бірде болмаса, бірде машинасын тонап кетеді.

Бұрын арнайы жұртшылықты қабылдау күні болатын. Енді ондайды қойып, келушілерді күн сайын қабылдайтын болдым. Егер қылмысты дер кезінде білсек, оның ашылуы да оңай болады. Бұған қоса мен өзім тергеуші болғандықтан, оқиға орнын, қылмыс болған жерді мұқият қарап, құжаттарды дұрыс толтыру мәселесіне қатты көңіл бөлемін. Бұл да қылмыстың ашылуына көмегін тигізеді, - дейді подполков-

ник Қайрат Төкешев, халыққа тек жақсылық тілеген шын көңілмен. Ол не айтса да, тұрғындарға, халыққа қамқор болу жағына көңіл бөліп, олардың қамқоршысы болуға деген ниетін жасырған жоқ.

Полиция бөлімі бастығының үйінде Жанерке, Бауыржан атты екі ұл өсіп келеді. Үлкені мектепте, кішісі бақшада. Кім біледі, мүмкін олар да ертеңгі күні әкелері сияқты полиция қызметкері болар. Ылайым солай болсын. Әкелері сияқты халықтың ілтипатына, алғысына бөленген болса жетіп жатыр.

**2010 жыл.**

**ЕСКЕРТУ:** Қазір Қайрат полковник шенінде, Жезқазған қалалық ПБ-ның бастығы.

## **АРДАҚТЫ АЗАМАТ ЕДІ**

Арманы алысқа шырқаған, алда талай істер атқаруға бел буған Қазыбек бір сәттің ішінде қайғылы қазаға ұшырады. Құлын-тайдай бірге ойнаған достарын, айрандай ұйып отырған өтбасын тастап, бақилыққа аттанып жүре беруіне атың өшкір сұм ажал мәжбүр етті.

Полиция полковнигі Қазыбек Латыпұлы небары 49 жасқа енді ғана қараған еді. Ол Шет ауданының Абай атындағы колхозда дүние есігін ашқан. Орта мектептен соң «Ақшатау» совхозында құрылысшы болып еңбек жолын бастайды.

Білім қуған өндіріс жас 1984 жылы Қарағанды педагогикалық институтын бітірген соң сол кездегі Ағадыр ауданындағы К.Маркс атындағы орта мектепте мұғалім болады. Біраз уақыт Ағадырда «Жезқазған ауыл құрылысы» өндірістік учаскесінде шебер болып та еңбек етеді.

Кейінде Көліктегі Орталық ПД Тәрбие және кадр жұмысы басқармасының бастығы лауазымына, полиция полковнигі шеніне дейін көтерілген Қазыбек Қойлыбаевтың құқық

қорғау органындағы қызметі Ағадыр ауданындағы ІІБ-де кәметке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлығынан басталған екен. Зерделі жастың өмір жолына саралап қарап отырсақ – оның өсу баспалдағы өте жиі екен. Осында әр түрлі лауазымдарды әр түрлі қызметтер атқарады. Алты жылдан соң аудандық ішкі істер бөлімі бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасарлығына көтеріледі. Бұл аудандық деңгейдегі жоғары лауазымдық қызмет еді. Осы қызметте жүріп ол талай жас қызметкерді өмірге оң көзбен қарауды үйретті. Қызмет бабында болсын, басқа да жағдайларда болсын кейінгілерге дұрыс жүріп-тұрудың үлгісін көрсетті. Бірақ қызмет атқара жүріп КСРО ІІМ Қарағанды жоғары мектебін бітіріп, екінші жоғары білім алған Қазыбектің келешегі әлі алда болатын.

Оны сол екінші жоғары білім алған 1997 жылы Ақмола облыстық ІІД-нің Жол полициясы басқармасына қызметке ауыстырады. Мұнда да алты жылдай қызмет атқарғанда атына кіршік келтірмейді.

Бұдан соң төрт жылға жуық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмыстары жөніндегі департаментінде қызметте болған Қазыбек Көліктегі Орталық ІІД Тәрбие және кадр жұмысы басқармасының бастығы етіп жоғарылатылады.

– Ол өзін осы қызметте жан-жақты азамат екендігін көрсете білді. Тек жақсы жағынан ғана көрінді. Білікті басшы, тамаша ұйымдастырушы екендігін танытты. Департаменттің жеке құрамы арасында зор бедел мен үлкен құрметке ие болды. Ол тамаша спортшы еді. Спорттың волейбол, стол теннисі және еркін күрес сияқты түрлерінен разряды болды. Сондықтан, ол департаменттің құрама командасының белді мүшесі еді. Қашан да әр түрлі спорттық жарыстарға белсене қатысып, жүлделі орандарға ие болып жүрді, – деп еске алады бірге қызмет атқарған бастығы, ҚР ІІМ Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті

төрағасының орынбасары Темірбай Ахметов. Кейін бұлардың сыйластығы достыққа дейін ұласады.

Жұмыстағы жоғары көрсеткіші және мүлтіксіз қызметі үшін Қазыбек Латыпұлына полиция полковнигі шенін мерзімінен бұрын берген екен. Ол жеке құрам арасында өзара түсіністік пен өзара сыйластық қатынасты әрқашан жоғары қоя білген. Қарамағындағылардың қажетін аша біліп, әрқашан қол ұшын берген. Қазір Департаментте қызметкерлердің көпшілігі Қазыбектің қайырымдылығын, қажет болған жағдайда күнделікті жұмыста болсын, қызметте өсуіне болсын, әрқашан баға жетпес тәжірибелік көмек көрсетіп отыратындығын ілтипатпен еске алады.

Қазыбектің қарамағында Ішкі істер министрлігінде және Көліктегі Орталық ПД-де бірге қызмет атқарған Қайрат Жахин әрқашан оның жұмыстағы біліктілігін, кез келген адаммен ортақ тіл табыса алатын қарапайымдылығын, өмірдегі кез келген қиын сәтте қажет адамға қол ұшын беруге даяр тұратын қасиеттердің тек осы кісіге ғана тән екендігін ерекше атап өтеді.

Бірде, дәлірек айтқанда, 2007 жылдың көктемінде Астана қаласында болған бір оқиғаны жолдастары әлі күнге дейін айтып отырады. Сол күні ішінде бір топ адамы бар машина су арнасының жанынан өтіп бара жатады. Кенет Қазыбек мұзға кептеліп қалған кішкентай ұл баланы көреді де, машинаны тоқтата салып, құтқару үшін жүгіріп барады. Қолымен тартқылап, ала алмайды. Ол дереу жанындағы үйлердің бірінің ашық жер төлесіне кіріп кетіп, күрек тауып алып шығады да, сол күрекпен мұзды босатып, баланы судан алып шығады. Сол кезде баланың ата-анасы да келеді. Олар Қазыбекке алғысын жаудырып, үйлеріне шақырады, аты-жөнін айтуды сұрайды. Бұл болса ризашылығын білдірген ата-анаға ешнәрсенің керек еместігін, баланы әрқашан бақылап отыру қажеттігін айтып, машинасына мінеді. Барлығы жолын әрі қарай жалғастырады.

Полиция полковнигі Қазыбек Қойлыбаев өзінің күнделікті жұмысында адалдық, тәртіптілік принциптерін басшылыққа алады. Өзінің қарамағындағыларды жекелеген жағдайларға терең бойлап қарау керектігіне үйретеді, әрбір адамның артында оның тағдыры, оның болашағы, оның туысқандары, балалары мен ата-анасы бар екендігін әрқашан айтып отырады.

Қазыбек Латыпұлы бір Аллаһтың құдіретіне сенетін, жұма сайын мешітке баратын, міскіндерге садақа беруді дәстүрге айналдырған. Ол бірге қызмет атқаратындарға өз халқын сүюді, республикамыздың заңдарын қатаң сақтауды, азаматтардың құқықтары мен мүддесін қорғауды әрқашан айтып отыратын.

Қазыбек қызметінде ғана емес, үйде де өзінің қадір-қасиетімен көріне білген, отбасына қамқор бола білген азамат. Оның Құдай қосқан қосағы, жарының жарқын бейнесін жүрегінің түбіне мәңгілікке сақтаған Алмагүл Шәріпова музыка пәнінің мұғалімі.

*«Ақ қайың арылды ақ қардан,*

*Сандуғаш сайраса бақтардан.*

*Елесің жоқ болып тәтті арман,*

*Келесің жаным қай жақтардан»*, – деген сағыныш әні төгіле жөнелгенде жанын қоярға жер таппай, жарын еске алады. «Жаның жаннатта, тәнің рахатта болсын» деп дұғасын қайырады.

Отбастарында көзінің ағы мен қарасындай екі баласы бар. Үлкен қызы Арайлым Латипова заңгер, қазір Павлодар облысының Ақсу ауданында прокурордың көмекшісі. Ұлы Ералы да заңгер, қазір Бас прокуратурада қызмет атқарады. Ералы әлі шаңырақ көтерген жоқ. Ал Арайлым болса, екі жиен иіскетіп отыр. Оның үлкені Аружан болса: «Ата, Астана, полковник» деп атап кеткен нағашы атасынан әлі күдер үзген жоқ, бір күні келіп қалар деген оймен есікке қарап жүр.

– «Әкенің жақсылығы жездедей-ақ» деген рас екен, – дей-

ді Алмагүлдің сіндісі, Қали Байжанов атындағы облыстық филармонияда қызмет атқаратын Зәмзагүл Шәріпова. – Жездемнің жарқын жүзі көз алдымнан әлі кетер емес. Есікті ашып, кіріп келіп: «Зәмкен, халің қалай, ауырған жоқсың ба?» дейтін сияқты. Әкемнің орнына маңдайымнан иіскеуші еді. Мен оған еркелейтінмін, – деген кезде дауысы дірілдеп, мөлдір моншақтай болып, жанарына жас үйірілді.

Жұмысына асыққан беті ол орнынан көтеріліп, есікке беттеді. Аяулы жездесін есіне алған Зәмзагүлдің кірпіктеріне тағы бірнеше тамшының ілінгені сөзсіз.

Осындай ауылы ардақтаған, қызметтестері құрмет тұтқан асыл азаматтың аты өшпей, әрқашан елдің есінде жүретіндігіне ағайын-туыстары кәміл сенеді.

**2009 ж.**

## **АРМАН АДАСТЫРМАЙДЫ**

Қойтас-қойтас жартасты тауы, көғарай шалғынды жайлауы бар кең өлкенің жаз бойы қызығын балалар көреді. Мол шалғынды аралап бүлдіргенін теріп, қызыққа батады. Күзде мектепке жиналғанда жаз бойғы көргендерін айтып талайға дейін тауыса алмай жүреді. Сондай Үңірек ауылының арманшыл бүлдіршін баласының бірі Серікбай еді. Әкесі Адамбек болса ауылдың ферма меңгерушісі болғандықтан, үнемі ат үстінде. Таңертең ерте кетіп кеш қайтады. Үйде болғанынан болмағаны көп. Ол кісі Ұлы Отан соғысына Батыс майданындағы 350-ші дивизияның 82-ші батальонының құрамында Польшаны, Чехословакияны азат етуге қатысып, Германия жерінде ұрыс жүргізген. Днепр, Прут, Висла, Одер өзендерін кешіп өту кезіндегі қан майданның қақ ортасында болған. Сол үшін бірнеше медальдармен марапатталған. Соғыс кезінде төрт рет жарақат алып, госпитальда емделіп шыққан соң қатарға қайта қосылып отырған.



Серікбай да әкесіне тартып еңбекшіл болып өсті. Кішкентай кезінде әкесінің тізесіне отырып алып, соғыс туралы айтқан әңгімелерін сан тыңдаған. Көп балалы үйдің шаруасын анасы тап-тұйнақтай етіп қоятын. Серікбай болса кішкентай кезінің өзінде анасы, дүниеге он бір бала әкелген «Ардақты ана» Кәмилаға көмекші бола білді. Ағаларына қарап бой түзесе, інілерінің қамқоршысы еді. Жоғары кластарға барғанда басқа балалар сияқты ауылдың қат-қабат тірлігіне бұл да араласты. Жазғы каникул кездерінде шөп шабуға кетті, қызыл қырман басынан табылды.

